In this article the historical aspect of the development of the form of transactions in Roman private law are examined, consider the types of transactions in Greek law, as well as ways to implement transactions in Rome.

Keywords: Roman law, transactions, pact, formalism

Период развития римского частного права насчитывает более тысячи лет. Цивильное право Римского государства является передовым во времена античности, степень его разработанности по сей день является юридическим пластом для романо-германской юридической системы.

Все сделки в римском частном праве подразделялись на формальные и неформальные.

Формальные сделки совершались с соблюдением особых правил, установленных обычаем или законом. В цивильном праве Рима считалось что, форма составляет сущность вещи (*forma dat esse rei*) [1], и потому считается разумным, что именно форма считалась одной из фундаментальных основ сделки. На первых порах лишь формальные сделки порождали обязательства, обеспеченные исковой защитой. Подобного рода договора назывались *contractus* [2]. Согласно классификации Гая, контракты классифицировались на следующие виды: литеральные, вербальные, консенсуальные, реальные.

1. Вербальные контракты это самые древний и формальные в римском цивильном праве. Вербальными назывались устные договоры, например, обещания, клятвы вольноотпущенника.

2. Литеральные контракты основывались на записях, что свидетельствовало о заключении контракта, но данный вид контракта не приобрел особой популярности в силу неграмотности большинства населения того времени. Самыми древними формами литеральных контрактов были записи в приходно-расходных книгах, которые основывались на соглашении между сторонами данного обязательства.

3. Реальная сделка возникала как следствие фактической передачи вещи.

4. Консенсуальные контракты - это обязательства, которые возникали в силу соглашения между сторонами вне зависимости от факта передачи вещи или отсутствия таковой.

Неформальные сделки в римском частном праве именовались пактами, и не были обеспечены исковой защитой. В эдиктах закреплялось право стороны пакта не предъявлять иск, но имелась возможность сослаться на пакт в порядке процессуального возражения. Позже некоторые пакты получили право на исковую защиту. В Дигестах Юстиниана об этом говорилось так: «голое соглашение цивильное обязательства не порождает, но порождает эксцепцию...»[3].

В римском частном праве заключать договоры в устной форме разрешалось только тем лицам, которые могли слышать и говорить. Глухие и немые субъекты оборота к совершению таких сделок не допускались. Ведь действие устной формы основывалось на священной силе устного слова. Только тот, кто был способен воспринимать устную речь и сам воспроизводить ее, был вправе участвовать в устных сделках.

Как известно, в древнем римском праве для действительности устной сделки необходимо было использовать строго определенные слова, а при нарушении устной формулы договор не считался заключенным. Так, при совершении *stipulatio* на вопрос кредитора: «Обязуешься (*spondes*)?», - должник должен был отвечать: «Обязуюсь (*spondeo*)», «Дашь (*dabis*)? Дам (*dabo*), «Обещаешь (*promittis*)? Обещаю (*promitto*), «Ручаешься своей честью (*fidei tuae erit*)? Ручаюсь своей честью (*fidei meae erit*)». Если отвечающий употреблял несоответствующий глагол, обязательство не возникало.

Римское частное право закрепило множество способов реализации формальных сделок, в том числе, либральная форма (mancipatio, nexum) stipulatio, in iure cessio, а также письменная форма (contractus literalis). сложность и ритуальность. Ясность формализма римского права аналогична мировосприятию человека того времени [4].

Формы сделок в римском праве позже заимствовались другими системами права, хотя формальный подход к совершению сделки не является особенной чертой римского гражданского права. И, несмотря на фундаментальность римского права, каждая система права в отдельных государствах имела свой своеобразный подход к формам заключения сделок. Например, в Германии в эпоху Средневековья для передачи права собственности участок земли одновременно с согласием отчуждателя и приобретателя необходимо было провести специальный ритуал. Продавец передавал покупателю элементы, символизирующие землю, например, горсть земли или пучок травы, а после вручал предмет, олицетворяющий его власть: перчатку, нож и т.д.

Современные нормы признания сделок недействительными берут свое начало в древнем римском праве, также, как и общепринятые нормы признания сделок ничтожными и оспоримыми. Как отмечал, И.Б. Новицкий: «Эти две формы недействительности ведутся большинством авторов от римских юристов на этот счет точности понятий и терминологии, не было» [5].

Римское частное право и средневековое европейское право придерживались системы формального права. Формы права представляются в трех основных формах:

- 1) ритуалы и символы;
- 2) слова (клятвы, словесные формулы)
- 3) письменные акты.

Как говорилось ранее, в римском частном праве главенствовали два вида формализма, основанные на фантазии и мышлении. Сюда принадлежат важнейшие акты древнего римского права: sacramentum, mancipatio, in iure cessio, stipulatio (последняя форма являлась широко распространенной сделкой оборотного права и оставалась формальным актом даже в период классической юриспруденции; в германском праве - investitura, sala и другие обозначения. Из всех этих символов, действий и слов нашли свое отражение и в современном праве: рукопожатие, слова присяги, вопросы и ответы при заключении брака и т.д..

Подводя итоги вышесказанного, необходимо отметить насколько сильно повлияло римское частное право на дальнейшее становление всей романо-германской правовой системы, в том числе и на развитие форм сделок в гражданско-правовом обороте.

Список использованной литературы

1. Пухан И., Поленак- Акимовская М. Римское право: Базовый учебник/ пер.с макед.; под ред. В.А. Томсинова. - М.; Зерцало, 2000.
2. Римское частное право: Учебник/ под ред. И.Б. Новицкого, И.С. Перетерского. – М.; Юриспруденция, 2001 г.
3. Дигесты Юстиниана/ пер.с лат. Л.Л. Кофанов. – М.: Статут, 2002. Т.1
4. Ключевский В.О. Краткое пособие по истории России. - М., 1906.
5. Новицкий И.Б. Недействительные сделки // Вопросы советского гражданского права. - М., 1945. – С. 31.

ОӘЖ 340.115

Садыкова А.Ж.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің 3 курс студенті, Ақтөбе қаласы

Сармурзина А.Е.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің 3 курс студенті, Ақтөбе қаласы

Ғылыми жетекшісі: доцент т.ғ.к. **Исибаева Е.И.**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Бұл мақалада құқықтық сауаттылықты арттырудың негізгі бағыттары көрсетілген. Құқықтық сауаттылық – жеке адамның құқықтық мәдениетінің элементі болып табылады.

Түйін сөздер: құқықбұзушылық, сауаттылық, қоғам, теория, заң, демократия, қағида.

В данной статье указаны основные направления повышения правовой грамотности. Правовая грамотность как элемент культуры личности.

Ключевые слова: правонарушения, грамотность, общество, теория, право, демократия, принцип.

This article outlines the main areas for increasing legal literacy. Legal literacy as an element of a person's culture.

Keywords: offences, literacy, society, theory, right, democracy, principle.

Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаев 1995 жылы маусым айында елімізде жаппай құқықтық білім беруді жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы қаулы қабылданған еді. Қазіргі кезде қоғамда құқықтық білімге терең назар аударудың бірқатар себептері бар. Қазақстан дербес тәуелсіз мемлекет болды. Жаңа қоғамды ұйымдастыруға бағытталған қызметтер атқарушы – Президент Әкімшілігі. Парламент, Үкімет, Конституция Кеңес т.б. құрылды. 1995 жылы тамыз айында бүкілхалықтық дауыс беру нәтижесінде қабылданған конституция жаңа мемлекеттік органдары заңдастырып қана қоймай, сонымен бірге әрбір жеке адам мен азаматтық кең көлемде демократиялық құқықтары мен бостандықтарын баянды етті. Сонымен қатар азаматтың міндеттері де ай- тылды. Құқықтық мемлекеттің теориясы заңның үстемдігі мен оның әлеуметтік өмірді реттеуші ретінде тануға негізделеді. Бұл рөл заңға жай ғана құрметтен гөрі маңыздырақ және жан-жақты екені белгілі. Қоғам тәртіпке негізделіп, қалыпта- сып, өмір сүреді. Қоғамдағы тәртіп түрлі әлеуметтік нормалардың, адамдардың мінез — құлқын реттейтін қағидалардың әсерімен, яғни күшімен орнатылады[1,18]. Құқықтық нормаларды қолдану нәтижесінде құқықтық тәртіп орнығатыны, ал құқықтық нормалар негізінен заңнан нәр алып белгілі құқықтар мен міндеттер жүктейтіні белгілі. Еліміздің заңдарын сақтау, оған мойынсыну- жауапкершілік- ті, түсіністікті, заңдарды білуді және соған сәйкес мінез-құлық пен іс-әрекеттерді үйлестіруді талап етеді. Қоғамның ең өзекті мәселелерінің бірі – қылмыстың, құқық бұзушылықтың алдын алу. Бұны бүгінгі таңда барлық деңгейдегі шенеуніктерден бастап, құқық қорғау органдары қызметкерлері, ұстаздар мен ата-аналар, азаматтар да түсінуде. Құқық бұзушылық жөнінде «Құқық бұзушылық дегеніміз – адамның қоғамға, мемлекетке немесе жеке тұлғаға зиян келтіретін, соңы заң алдындағы жауаптылыққа апаратын құқыққа қайшы әрекеті немесе әрекетсіздігі», — деп көрсетілген [2,198 б.]. Қоғамда тәртіп орнамаса, ол құлдырайды, яғни ке- лешегі болмайды. Бұл бәрімізге белгілі және оны жақсы түсінеміз. Дегенмен, қоғамда қоғамдық тәртіпті бұзуға бейім азаматтар да кездеседі және бұл — құқық бұзушылықтың орын алуына әкеп соқтырады, сондықтан құқық бұзушылық — қоғам өміріне тән қауіпті дерт. Құқық бұзушылықтың себептеріне қатысты ықылым заманнан осы күнге дейін әр түрлі пікірлер айтылып келеді. Солардың ішінде құқықтық нормаларды бұзуына ең ал- дымен әлеуметтік және биологиялық жағдайлар әсер ететінін байқауға болады. Жастар арасында құқық бұзушылықтың ал- дын алуға, қоғамдық тәртіпті сақтауға, заңды жау- апкершілікті сезінуге өз үлесін қосатын, атсалы- сатын субъектілердің бірі — оқу орындары болып табылады. Оқу орнында жасөспірімнің азаматтық, патриоттық, адамгершілік, салауаттық, құқықтық, мәдени, шығармашылық т.б. қасиеттерін дамыту және қалыптастыру процесі жүзеге асырылады. Бұл ұжым мүшелеріне үлкен жауапкершілік пен міндет жүктейді. Құқық бұзушылық пен келеңсіз жағдайларды барынша болдырмау және алдын алу, оның зи- яндылығы мен қауіптілігін түсіндіруде — өскелең ұрпаққа құқықтық тәрбие беру, оның мақсат – міндеттерін дұрыс түсіндірудің маңызы ерекше. Құқықтық тәрбие беру жан — жақты тәрбиелеудің маңызды бір саласы. «Құқықтық тәрбие мақсаты – оқушыларда құқықтық мәдениет пен құқықтық әрекет – қылық қалыптастырып, оларды құқықтық заңдылық талаптарын түсінуге әрі мойындауға баулу», — деп анықталған [3,181 б.]. Құқықтық тәрбие беру баланың жеке тұлғасын қалыптастырып, олардың бойына жоғары идеялық пен қоғамдық меншікке қатынасты көзқарасты да- рытудың асыл міндеттерін атқарады. Мемлекетіміз жастарға құқықтық тәрбие беру ісіне үнемі маңыз беріп келеді. Қазақстан заңдарына терең құрмет сезімін қалыптастыру, оларды сөзсіз сақтау және орындау -ұзақ уақыт тәрбие жұмысын жүргізудің жемісі. Көбіне құқықтық сананың төмендегі, материалдық және рухани игіліктердің не екенін жөнді түсінбеушілік қоғамға жат қылықтарды туғызады. Сондықтан да әр оқушының санасына құқықтық нормаларды жеткізу, жеткізіп қана қой- май оның күнделікті мінез-құлық нормасына ай- налдыру үшін күресу құқықтық тәрбиенің міндеті болып табылады. Құқықтың тәрбие негізі отбасынан басталады. Бізде көптеген ата - аналар баланың кемшілгін мектептегі мұғалімдерден көреді. Отбасында мұғалімдер туралы жақсы пікір айтылса, алдымен ата - ананың мектеп, ұстаз туралы жақсы ниеті ба- лаға жақсы әсер етеді. Ондай балалардың оқуға, білімге, мектепке құштарлығы

артады. Ұстазды, адамды сыйлауы өзгеше болады. Мектеп, ұстаз туралы басқаша пікірде көңілі толмаған ойлардың жетегінде баласының алдында ғайбаттау сөздер сөйленетін болса, ол баланың мектеп, мұғалімге көзқарасы өзгереді. Оқу - үлгеріміне әсер етеді. Немқұрайлы қа- рап, үлгерімі нашарлайды. Ата - ана өз баласының ынтасын үйдегі тәрбие арқылы өзі жойып отырған- нын білмейді. Бала тәрбиесі отбасынан басталады. Мектепке келгеннен кейін ол мінез отбасында қалыптасқан тәрбие одан әрі жалғасады. Бір тәулік- тің яғни 24 сағаттың 6 сағаты мектепте, қалғаны тәрбие ордасы, үнемі ата - ана болып қала береді. Баланың сабаққа саналы қарап озат оқушы болып өсуі, ол мұғалім мен ата - ананың бірігіп өсірген жеміс ағашы, немесе ұшқыр ұшақ жасаумен тең десем артық емес. Дұрыс өспеген жеміс ағашы, дұрыс жеміс бермесе қуануға бола ма? Бір бөлшегі бұрыс жасалған ұшақты ұшырғаннан не пайда? Ол өзінде, өзгені де мерт етпей ме? Сонымен әрбір ата - ана өз баласының тәрби- елі де, саналы, мәдениетті, жүрген ортасында сүй- кімді болу үшін алдымен тәрбиені өзінен бастаған- ны жөн, яғни оғаш қылықтармен баласына үлгі - өнеге көрсетпеуге тырысқаны жөн. Жас кезінде баласына дұрыс тәрбие бере алмаған ата - ана кей- ін бармағын тістеп өкініп қалады. Қалай қисайтсаң солай өседі. Оның түзу жолмен жүріп білімді де саналы азамат болып өсуі біздің, яғни әрбір ата - ананың қолында. Жастар арасында құқықтық тәртіпті бұзушылықтың алдын алу үшін жүргізілетін шара- лар: тәртіп бұзушының теріс мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал ететін жағдайларды жою; жас буынның тәрбиесін, өмір жағдайын, ортасын сауықтыру; оқу, еңбек іс- әрекетін тиімді ұйымдастыру; Отан қорғау, туған елдің күш-қуатын молайту, сөз, баспа-сөз бостандығы мәселелері жөнінде тәрбиелік іс-шараларды өткізу. Тәрбие процесінің мынадай бағыттарына көңіл аудару қажет: үйлесімді жан-жақты дамыту мақсатын есепке ала отырып, тұлғаны біртұтас қалыптастыру; азаматтық құндылықтар, әлеуметтік бағдарлы мотивация, ақыл-ой, эмоционалдық және еріктік үйлесім ауқымы негізінде тұлғаның адамгершілік сапаларын қалыптастыру; білімгерлерді ғылыми, мәдени және өнер, т.б. қоғамдық құндылыққа тәрбиелеу; қоғамның демократиялық өңделуіне, тұлғаның құқықтары мен міндеттеріне сәйкес өмірлік позицияға тәрбиелеу [4,163 б.]. Құқықтық тәрбие беруде олардың құқықтық сана сезімінің бірінші кезекте қалыптасуының маңызы зор. Себебі, құқықтық сана – қоғамдық сананың ерекше түрі. Сондықтан, құқықтық тәрбие беруде жастардың санасын тәрбиелеу, жауапкершілік сезімін көтеру, ұйымшылдық пен тәртіптілікті нығайту – оқу-тәрбие жұмыстарының негізгі бір бағыты. Бүгінде Қазақстан республикасында демократияға бағытталған құқықтық мемлекет құру идеясын жүзеге асырып, ондағы әрбір азаматтың өз құқықтарын жете біліп, соған сай сана-сезімдерін қалыптастыру қажет. Құқықтық мемлекетті орнықтыруда еліміздің құқықтық мәдениетін көтеру басты мақсатымыз болмақ. Ол үшін құқықтық тәрбие талаптарын сараптап алғанымыз жөн. Сондықтан мынадай ұсынысымыз бар: Жалпы білім беру мектептерінің алғашқы сыныптарынан бастап «Құқық негізі» пәнін оқытып, оның оқу бағдарламасына «Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері» туралы Конституциялық құқықтан, Әкімшілік құқығынан, Азаматтық құқықтан, Қылмыстық құқықтан нормалар енгізілуі тиіс. Кәмелетке толмағандардың құқықтарының бұзылуы және олардың құқықбұзушылыққа қатысулары мектеп оқушыларының өз құқықтары мен міндеттерін меңгермегендіктен туындайды. Мектеп оқушылары өздерінің құқықтары мен міндеттерін білетін болса келеңсіз жағдай туғызатын мұғалімдерді орнына қоя біледі және құқықтық мемлекеттің басты принципінің бірін орындауға мүмкіндік туындайды. Ауыл халқы құқықтық сауаттылық жағынан толық қамтылмай отыр. Оны Президенттің Жолда- уларын насихаттауға барған кезде заңгерлер жақ- сы байқайды. Сондықтан әрбір ауданға қарасты ауылдарда аудандағы әділет бөлімінен құқықтық сауаттылықты көтеретін жоғары білімді бір заңгерден бекітілуі тиіс. Әйтпесе ауылдан қалаға келген, аудан орталығына ауылдан келген адамдардың құқықтық сауаттылық деңгейінің кемшілігі байқалып отырады. Құқықтық саладағы білімді арттыруға бағытталған, мамандандырылған интернет-сайт- тар ашылуы қажет. Азаматтардың еркін түрде құқықтық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік туар еді. Ғалым, заңгерлерді, саясаттанушыларды, құқық қорғау, сот және өзге де органдардың неғұрлым тәжірибелі практикалық қызметкерлерін тарта отырып, құқықтық пәндердің оқытушыла рын қайта даярлау және біліктілігін арттыруды жүзеге асыру. Сонымен, құқықтық тәрбие мен құқықтық сана алдымен отбасынан басталады. Бүгінгі қоғамды дамыту үшін әрқайсысымыз құқықтық заңды құрметпен қарап, өз бойымызда құқықтық сана мен жігерді шыңдауымыз керектігін өмір көр- сетіп отыр. Аталған қылмыс түрлерін болдырмау, оның алдын алу үшін құқықтық насихатты күшейтіп, құқықтық тәрбиені одан әрі жетілдіру қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- бет
1. Г.Искакова, Н.Ғазизова, А.Сембаева, Қазақстан Республикасындағы адам құқығы, оқу құралы, Астана, 2008 ж, - 9 бет
 2. Ғ.Сапарғалиев, А.Ибраева, «Мемлекет және құқық теориясы», Алматы, 2007ж, -198 бет
 3. Ғ.Сапарғалиев, А.Ибраева, «Мемлекет және құқық теориясы», Алматы, 2007ж, 181 бет
 4. Бабаев С., Оңалбек Ж. «Жалпы педагогика», Алматы, 2005ж, -163-бет
 5. Ғ.Сапарғалиев, А.Ибраева, «Мемлекет және құқық теориясы», Алматы, 2007ж, -197 бет

УДК 347.734.5(574)

Тастамбекова Аида

*магистрантка 1 курса, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет,
г. Семей*

Смоилов Самат Жумағалиевич

*к.ю.н., доктор PhD, старший преподаватель кафедры государственно-правовых дисциплин
Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей*

ПРОБЛЕМЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОГО БАНКА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Осы мақалада Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметінің тұжырымдамасы мен құқықтық реттеуі ашылады. Құқықтық тетіктерді жүйелі реттеу банктік қатынастарға ықпал етудің құқықтық әдістерін әзірлеудің жаңа жолдарын табуға көмектеседі. Қаржы агенті ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құқықтық мәртебесі зерттелуде.

Түйін сөздер: банк, несие, ұлттық банк, банктік қатынастар, банктерді лицензиялау, қаржы агенті.

В настоящей статье раскрыто понятие и правовое регулирование деятельности Национального Банка Республики Казахстан. Системное регулирование правовыми механизмами позволит найти, новые способы по развитию правовых способов воздействия на банковские отношения. Изучается правовой статус Национального Банка Республики Казахстан как финансового агента.

Ключевые слова: банк, кредит, национальный банк, банковские правоотношения, лицензирование банков, финансовый агент.

In this article, the concept and legal regulation of the activities of the National Bank of the Republic of Kazakhstan is disclosed. Systemic regulation of legal mechanisms will help to find new ways to develop legal methods of influencing banking relations. The legal status of the National Bank of the Republic of Kazakhstan as a financial agent is being studied.

Keywords: bank, credit, national bank, banking relations, licensing of banks, financial agent.

Банковским законодательством Республики Казахстан полномочия Национального Банка Республики Казахстан в осуществлении регулирования и надзора за деятельностью банков в получении необходимой информации, определены относительно всех банков, зарегистрированных на территории Республики Казахстан, независимо от участия в их уставном капитале иностранных инвесторов [1, с.54].

В целях реализации совместных проектов по предоставлению кредитов и решения иных задач банки вправе создавать консорциумы на основе договора о совместной деятельности и участвовать в деятельности других консорциумов, ассоциаций.

Юридические лица, зарегистрированные в оффшорных зонах, или физические лица, являющиеся учредителями (акционерами) юридических лиц, зарегистрированных в оффшорных зонах, перечень которых устанавливается Национальным банком, не могут быть учредителями или акционерами банков – резидентов Республики Казахстан [2, с.87].

Юридические лица – нерезиденты Республики Казахстан, включая банки, могут иметь пять и более процентов акций банка – резидента Республики Казахстан при условии наличия у них минимального требуемого рейтинга одного из основных рейтинговых агентств, перечень которых устанавливается Национальным банком [3, с.102].

В Казахстане усилены контрольные функции Национального банка. Он вправе запрашивать информацию о финансовом положении банков или финансовых организаций, в уставном капитале которых участвует юридическое или физическое лицо – нерезидент, являющееся учредителем банка.

Правовое регулирование банковской деятельности осуществляется Законами Республики Казахстан “О валютном регулировании” от 24 декабря 1996 г., «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан» от 16 июля 1999 г., Указами Президента

Республики Казахстан, имеющими силу законов: “О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан” от 31 августа 1995 г., “О налогах и других обязательных платежах в бюджет” от 24 апреля 1995 г., а также международными соглашениями, заключенными Республикой Казахстан.

5. Законодательство о ценных бумагах состоит из Закона Республики Казахстан «О рынке ценных бумаг» от 5 марта 1997 г. Ценные бумаги иностранных эмитентов допускаются к обращению на рынке ценных бумаг Республики Казахстан на основании разрешения, выданного Национальной комиссией по ценным бумагам Республики Казахстан. Принятое во исполнение этого «Положение о допуске к обращению на территории Республики Казахстан ценных бумаг, выпущенных эмитентами других государств», утверждено Постановлением Национальной комиссии по ценным бумагам 17 мая 1996 г., №53.

6. Страхование регулируется Указом Президента Республики Казахстан, имеющим силу закона, от 3 октября 1995 г. «О страховании». В соответствии с ним:

- Лимит участия иностранного инвестора в уставном капитале страховой (перестраховочной) организации не установлен. Однако, суммарный зарегистрированный уставный капитал страховых (перестраховочных) организаций с иностранным участием не может превышать двадцати пяти процентов совокупного зарегистрированного уставного капитала всех страховых (перестраховочных) организаций Республики Казахстан, за исключением случаев, разрешенных уполномоченным государственным органом страхового надзора.

- Иностранные страховые (перестраховочные) организации могут перестраховывать риски, принятые на себя страховщиками Республики Казахстан, через свои филиалы и представительства, зарегистрированные в установленном порядке, а также непосредственно у иностранных перестраховщиков.

7. Законодательство о внешнем заимствовании. В действующем Законе «О государственном и гарантированном государством заимствовании и долге» от 2 августа 1999 г. следует отметить статью, посвященную вопросу компенсации и возмещения убытков иностранным кредиторам. В частности, установлено, что иностранным кредиторам, чьим интересам в Республике Казахстан был причинен ущерб в результате войны или другого вооруженного конфликта, революции, чрезвычайного положения, гражданских столкновений или подобных обстоятельств, а также в связи с принятием незаконных нормативных правовых актов и судебных решений или осуществлением незаконных действий должностными лицами государственных органов, предоставляется режим не менее благоприятный, чем применяемый в отношении юридических и физических лиц Республики Казахстан при возмещении ущерба, понесенного ими в результате вышеуказанных обстоятельств, и (или) выплате компенсаций. (Закон Республики Казахстан «О внешнем заимствовании и управлении внешним долгом» от 10 апреля 1997 г. признан утратившим силу).

8. Законодательство о свободных (специальных) экономических зонах. Данные отношения регулируются Указом Президента Республики Казахстан, имеющим силу закона, от 26 января 1996 г. «О специальных экономических зонах в Республике Казахстан», а также Указом Президента Республики Казахстан «Некоторые вопросы специальных экономических зон в Республике Казахстан» от 31 марта 1999 г. В республике существует специальная экономическая зона в городе Астана.

9. Природоохранное законодательство включает в себя Законы «Об охране окружающей среды» от 15 июля 1997 г., «Об экологической экспертизе» от 21 марта 1997 г. и «Об особо охраняемых природных территориях» от 15 июля 1997 г.

Установлено, что к национальным природопользователям относятся граждане Республики Казахстан и казахстанские юридические лица, в том числе с иностранным участием, а к иностранным природопользователям – иностранные граждане, иностранные государства, международные объединения и организации[4,с.32].

В законе «Об экологической экспертизе» предусматривается, что объектами экологической экспертизы являются предплановая, предпроектная и проектная документация, договоры, контракты, включая международные, касающиеся вопросов природопользования[5,с.37].

Важным условием в процессе совершенствования контрактного права Республики Казахстан является практика международной коммерческой деятельности государства и его субъектов.

Казахстан стал членом многих международных организаций, ратифицировал ряд международных конвенций.

Процесс дальнейшего развития контрактного права, думается, должен сопровождаться заключением Республикой Казахстан с иностранными государствами, с государствами СНГ двусторонних соглашений о взаимном сотрудничестве, об оказании правовой помощи, об отмене опытом, информацией в области заключения и исполнения коммерческих контрактов.

Данные выводы не исчерпывают всего многообразия проблем унификации законодательства. Необходимы усилия многих ученых-юристов: теоретиков и практиков в деле дальнейшего развития контрактного права в Республике Казахстан.

С помощью банков происходит перераспределение свободных денежных средств, или «обмен вещами», использование «энергии окружающей среды в интересах общего блага. Деньги и кредит как факторы роста общественного богатства способны делать нации более богатыми, однако лишь в том случае, если управление деньгами и кредитом основывается на четких правилах, их нарушение может стать тормозом экономического роста и процветания хозяйства.

Сегодня в Казахстанской банковской системе кредитование является важнейшим направлением активных операций. Поэтому эта тема занимает особое место в работе. В центре внимания находится современная система и основные процедуры управления кредитами, анализ типичных проблем, решение которых требуется для успешного внедрения системы кредитования.

Список использованной литературы

- 1 Ильясов К.К. . Финансово-кредитные проблемы развития экономики Казахстана /Под ред.– Алматы: Білім, 2015.- 54 с.
- 2 Кучукова Н.К. Макроэкономические аспекты реформирования финансово-кредитной системы Республики Казахстан в условиях перехода к рыночной экономике. – Алматы: Гылым, 2014.-87 с.
- 3 Райзберг Б.А. Курс экономики: Учебник /Под ред.– ИНФРА-М, .2013.-102 с.
- 4 Сейткасимов Г.С.. Деньги, кредит, банки: Учебник /Под ред. проф.. – Алматы: Экономика, 2012.-32с.
- 5 Чекаева Е.Н. Межбанковский кредитный рынок и его регулирование /Деньги и кредит. 2014. №5-6.-37

ОӘЖ 342.41

Хайдар Даулетбек Оспанович

БМ030100-«Құқықтану» мамандығы, Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының магистранты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

2017 ЖЫЛҒЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА. ҚР ПАРЛАМЕНТ ПЕН ҮКІМЕТТІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІНІҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ

Мақалада Қазақстан Республикасындағы Парламент және Үкіметтің өкілеттілігіне 2017 жылғы конституциялық реформаның әсер етудің аспектілері қарастырылған.

Түйін сөздер: Конституция, конституциялық реформа, конституциялық-құқықтық мәртебе.

В статье рассмотрены аспекты влияния конституционной реформы 2017 года на полномочия органов Парламента и Правительства Республики Казахстан.

Ключевые слова: Конституция, конституционная реформа, конституционно-правовой статус

The article considers the aspects of the influence of the constitutional reform of 2017 on the powers of the Parliament and the Government of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: Constitution, constitutional reform, constitutional-legal status.

Конституцияға бірнеше мәрте өзгертулер енгізілген болатын, олар – 1998,2007, 2011 және соңғысы 2017 жылдың наурызында жүзеге асырылды. Соңғы реформаның негізгі мақсаты Президенттің кей өкілеттіктерін Парламент пен Үкіметке жүктеу. Реформаның негізгі мақсаты заңды түрде негізгі мақсаттарға кедергі келтірмей адам өмірі саласында ойын тәртібінің өзгеруін көздейді. Атап айтсақ, мемлекеттік жаңаруы қажеттіліктен туып отыр.

Конституциялық реформалардың бастауында тұрған, идеялық рухтандырушы болған Елбасымыз туралы айрықша айтып өткен жөн.

Н. Ә. Назарбаевтың басшылығымен тарихи қысқа мерзімде қоғамдық дамудың барлық салаларында орасан зор өзгерістер іске асырылды. Атап айтқанда, экономикалық дамуда, саяси институттарды құруда, халықаралық қатынастарды нығайтуда зор табыстарға қол жетті. Президент тарапынан дер кезінде жасалған бастамалар, елдің жедел де жан-жақты дамуының қуатты факторы болды. Мемлекетіміз үшін аса күрделі кезең - өтпелі дәуірде Ел- басы ұлтты ұйыстырып, оны

прогресс жолымен дамуға бағдарлай алды. Президент қоғамда өзара төзімділік пен келісімді орнықтыру үшін өз басының беделін пайдалана отырып, халықтар достығын насихаттаудан, оны іс жүзіне асырудан талмай келеді [1].

Конституциялық реформаларда бейнеленген түбегейлі өзгерістер еліміздің қоғамдық-саяси дамудың жаңа кезеңіне қадам басқанының дәлелі. Бұл қағидаттар мемлекеттік билік жүйесін өз тәжірибеміз негізінде одан әрі демократияландыруды қамтамасыз етті.

Конституцияға еңгізілген өзгерістер негізінде мажоритарлық жүйенің орнына жаңа пропорционалдық жүйе арқылы тұңғыш рет сайлау жүзеге асты. Республика халқы басым дауыспен Елбасының өзі төрағалық ететін «Нұр Отан» партиясына жеңіс әперді. Бұл да халық таңдауы болды. Бұл сайлаудың әділетті, демократиялы түрде өткендігін өз отандастарымызды санамағанда, халықаралық байқаушылар да атап көрсетті.

Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев барлық конституциялық өзгерістердің идеялық авторы бола отырып, аса көрнекті реформатор және мемлекеттік қайраткер ретіндегі өз мәртебесін дәйектеп берді. Конституциялық реформа – Елбасының қарымды стратегиялық бағыт-бағдарының, оның алысты көре білуінің айғағы. Мұның өзі біздің елімізде демократия мен азаматтық қоғамды ұштастыра дамыту жөнінде, сабақтастыра жүргізілген саясаттың жемісі болып табылады. Мемлекеттің заңдылық, демократиялық тұрғыдан дамуы – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қаншалықты дәрежеде қорғалғанын көрсетеді. Осы көрсеткіш құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам орнатудың ең негізгі белгісі. Біздің Конституциямыз осы талаптарға толығымен сәйкес келеді. Конституция бойынша мемлекетіміз Президенттік-Парламенттік басқару тұрпатына ие болды.

Президент 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығымен бекіткен Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздерін, Отанымыздың егемендігі мен тұтастығын нығайтудағы жасалған реформалардың рөлі атап өтілді. Осылайша еліміздегі заңдылықтың салтанат құруы мемлекеттің әлеуметтік, саяси және экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз етіп отырғаны тек өзімізге ғана емес, төрткүл дүниеге мәлім. Тұрақтылық қоғамдағы сенімнің, яғни адамдардың бір-біріне, билік органдары мен қоғамға, мемлекеттің кепілдігіне бек сенімінде екен [2].

Осы конституциялық реформалар мәселесіне біз алдағы тарауда кеңірек тоқталатын боламыз. Ал жалпы айтсақ, 2017 жылы еңгізілген өзгерістердің маңыздысы мыналар болды:

- Үкімет өз өкілеттігін енді жаңадан сайланған президентінің алдында емес республиканың жаңадан сайланған мәжіліс алдында доғарады;

- ҚР Премьер-министрі Үкімет мүшелерінің кандидатураларын мәжіліс келісімінен кейін Президентке ұсыныс береді;

- Мемлекеттік бағдарламаларды бюджеттік жүйесінен қаржыландыру өкілетті Үкіметке беріледі;

- Азаматтықтан айыру сот шешімі бойынша жасалған террористік және ауыр қылмыстар үшін беріледі;

- Президент кандидатына жоғары білім болуы керектігі;

- Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың А. Мәртебесі мен рөлі елдің-Елбасы [3].

Еліміздің егемен дамуының 25 жылдық тәжірибесіне, жаппай танылған конституционализм қағидаттарына, халықтың пікірін және ұлттық ерекшеліктерді кеңінен ескеруге негізделген конституциялық реформа мемлекеттің саяси-құқықтық дамуындағы жаңа парақты ашты.

Өзгерістердің, билік тармақтары арасындағы өкілеттіктерді бөлудің негізгі себебін Елбасы былай деп түсіндірді: «Қазір заманның дидары өзгерді. Біз де өзгеруге тиіспіз. Сол себепті, мемлекеттің басқару жүйесін де жаңғыртатын кез келді. Мен елдің мүддесі мен заманның талабын, ұрпақтың болашағын ойлай отырып осындай байлам жасадым».

Билік тармақтары арасындағы өкілеттікті бөлу екі негізгі бағытты қамтып отыр. Біріншісі - Президенттің әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеудегі біршама өкілеттіктерін Үкіметке және басқа да атқарушы органдарға беру. Ендеше, атқарушы биліктің мемлекеттің экономикалық дамуындағы жауапкершілігі, елдің әлеуметтік ахуалын жақсартудағы міндеті де артады деген сөз. Бұл ретте атқарушы билікке мемлекеттік бағдарламаларды бекіту құзыры беріледі.

Заңмен Парламент пен Үкіметтің рөлін, дербестігін және жауапкершілігін күшейту, жекелеген өкілеттіктерді Президенттің, Парламенттің және Үкіметтің арасында қайта бөлу арқылы президенттік

басқару нысанын демократиялық жаңғырту жүзеге асырылды. Конституцияның 49-бабының жаңартылған 1-тармағына сәйкес Парламент – «Қазақстан Республикасының заң шығару билігін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы».

Бұл маңызды ереже Мемлекет басшысының заңдар, заң күші бар жарлықтар шығару жөніндегі; Парламент оларды өзіне берген жағдайда заң шығару өкілеттіктерін жүзеге асыру жөніндегі, сондай-ақ, Үкіметке заң жобасын Парламент Мәжілісіне енгізуді тапсыру жөніндегі өзінің өкілеттіктерінен (Конституцияның 45-бабының 2-тармағы, 61-бабының 2-тармағы, Конституцияның 44-бабының 3) тармақшасы) бас тартуы арқылы нақтыланды.

Сондай-ақ, Конституцияның 57-бабының 6-тармақшасына енгізілген толықтыруға байланысты Парламент депутаттарының жалпы санының кем дегенде үштен бірінің бастамасы бойынша Үкімет мүшелерінің өз қызметтері жайлы есебін тыңдауға құқылы. Есепті тыңдау барысында депутаттардың үштен екісінің, яғни көпшілігінің басым дауысымен республиканың заңдылықтары орындалмаған жағдайда Үкімет мүшелерін орындарынан босатуды Қазақстан Республикасының Президентінен сұрай алады. Мұндай жағдайда Президент Үкімет мүшелерін орнынан босатады деген өзгерістер енгізілді». Депутаттың айтуынша, конституциялық өзгерістерге сәйкес, енді Үкімет өз қызметі үшін тек Президенттің алдында емес, сонымен қатар, Парламент Мәжілісінің алдында да жауапты болады. «Бұл Парламенттің құзыреті мен жауапкершілігін арттырумен қатар, партиялық жүйенің дамуына кең жол ашады».

Сонымен бірге, Республика Президентінің заңдар жобаларын қараудың басымдығын белгілеуге құқығы сақталады, бұл тиісті заң жобалары бірінші кезектегі тәртіппен екі ай ішінде қабылдануға тиіс екенін білдіреді (Конституцияның 61-бабының 2-тармағы). Заңмен Парламент Мәжілісінің Үкіметті жасақтаудағы рөлі кеңейтілді. Премьер-Министр Парламент Мәжілісімен консультациялардан кейін Мемлекет басшысына Үкімет мүшелерінің кандидатуралары туралы ұсыныс енгізеді. Президент қызметке дербес тағайындап, қызметтен босататын сыртқы істер, қорғаныс және ішкі істер министрлері лауазымдары үшін өзгешелік көзделген (Конституцияның 44-бабы 3) тармақшасының жаңа редакциясы).

Үкіметтің жаңадан сайланған Парламент Мәжілісінің алдында өз өкілеттігін доғаруын белгілейтін норма өте маңызды жаңалық болып табылады (Конституцияның 70-бабының 1-тармағына өзгеріс), Үкімет Мәжілісте өкілдігі бар саяси партиялардың белсенді түрде қатысуымен құралатын жағдайда бұл әбден қисынды. Парламент пен оның палаталарының Үкіметтің және Үкімет мүшелерінің қызметін бақылайтын өкілеттіктері едәуір күшейтілді. Осы мақсатта, Үкімет өзінің қызметінде Республика Президентінің де, Парламенттің де алдында жауапты деп белгіленді.

Премьер-Министр енді бұдан былай Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде және оның аса маңызды барлық шешімдері жөнінде Президентке ғана емес, Парламентке де баяндап отыруға міндетті. Парламент палаталарына Үкімет мүшесінің есебін тыңдау қорытындысы бойынша Үкімет мүшесі Республика заңдарын орындамаған жағдайда палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен екі көпшілік даусымен оны қызметінен босату туралы Республика Президентіне өтініш жасау құқығы берілді. Мұндай жағдайда Мемлекет басшысы Үкімет мүшесін қызметінен босатады.

Республика Президентінің Үкімет пен Премьер-Министр актілерінің күшін жою, не қолданылуын тоқтата тұру құқығы алынып тасталды, бұл Үкіметтің дербестігін, сонымен бірге жауапкершілігін күшейте түседі. Мемлекет басшысының мемлекеттік бағдарламаларды және мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын барлық органдар үшін қаржыландырудың және қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекіту жөніндегі өкілеттіктері Үкіметке берілді, оларды Үкімет Республика Президентінің келісімімен іске асыратын болады.

Конституцияның 86-бабында жаңа талап енгізілген, оған сай мәслихаттың өкілеттігін мерзімінен бұрын Республика Президенті Премьер-Министрмен және Парламент палаталарының төрағаларымен консультациялардан кейін тоқтатады, бұл, осындай шешім қабылдау кезінде оның заңдылығы мен негізділігін қамтамасыз етуге бағытталған алқалылық элементтері пайда болады дегенді білдіреді. Өзге әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдерін қызметке тағайындаудың немесе сайлаудың, сондай-ақ, қызметінен босатудың тәртібін айқындау өкілеттігі белгілі бір шамада Мемлекет басшысынан Парламентке беріледі, Парламент оны заң қабылдау арқылы жүзеге асыратын болады.

Осылайша, мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуына Үкімет толықтай жауапкершілік алатын болады. Екінші - билік тармақтары арасындағы қарым-қатынасты

конституциялық деңгейде теңгерімді ету. Президент үндеуінде парламенттік сайлауда жеңіске жеткен партия Үкімет құрамын жасақтауға шешімді түрде әсер ете алатыны айтылды. «Үкімет құруда Парламент рөлін, министрлердің депутаттар алдындағы жауапкершілігін күшейту аса маңызды. Парламенттік сайлауда жеңіске жеткен партия Үкімет құрамын жасақтауда шешімді түрде әсер ете алады. Осыған байланысты, енді Үкіметті бұрынғыдай Президент алдында емес, Парламент алдында босату заңды болады.

Парламент палаталары тарапынан Үкімет мүшелеріне сенімсіздік таныту тәртібін жеңілдету қажет. Бұл заң шығарушы биліктің атқарушы биліктің үстінен бақылауын күшейтеді», - деді Мемлекет басшысы. Елбасының айтып өткеніндей, бұл қадам биліктің барлық тармақтарының жұмысын тиімді әрі жауапты етіп, олардың арасында тиісті теңгермелік жасайтын болады.

Жаңа реформалық ұсыныстарға келсек, Үкіметтің құрамын және оның құрылымын жасақтауда да Парламенттің рөлі артады. Бұл үшін жаңадан тағайындалған Премьер-Министр енді жасақталатын Үкіметтің құрамы мен оның мүшелері туралы кандидатуралар бойынша алдымен Мәжіліспен консультация өткізеді. Депутаттық корпуспен консультациялардан кейін ғана Мемлекет басшысына Үкіметтің құрамын жасақтау туралы ұсыныс жасайды. Бұндай тәртіп Үкімет мүшелерін қызметінен босату бойынша да сақталады. Бұл ретте тікелей Президенттің өзі тағайындайтын Сыртқы істер және Қорғаныс министрлерінен бөлек, басқа министрлер Мәжілістің мақұлдауынан өту керек деген сөз. Тағы бір жаңалық - бүгінгі күні қолданыстағы заңнамаға сәйкес, жаңадан Президент сайланғанда ел Үкіметінің өкілеттігі доғарады.

Ал ұсынылған жоба бойынша Үкіметтің отставкасы енді жаңа сайланған Президент емес жаңадан сайланған Парламент Мәжілісінің алдында жүзеге асады. Осылайша, жаңа іске кіріскен Парламент Мәжілісі атқарушы биліктің жаңа құрамын жасақтауға да атсалысады деген сөз. Тоқтала кететін тағы бір бағыт - Үкіметтің заң шығарушы билік алдындағы есептілігі хәм бақылауында болу тетігін жетілдіру.

Жаңа реформаға сәйкес, Министрлер Кабинтінің басшысы Үкіметтің қызметінің негізгі бағыттары, маңызды шешімдер туралы бұрынғыдай тек Президентке ғана емес, Мәжіліске де баяндап отырады. Ал парламент палаталарына Үкімет мүшесінің есебін тыңдау нәтижесі бойынша депутаттардың жалпы санының үштен екісінің көпшілік дауысымен заңдарды орындамаған жағдайда министрді қызметінен босату туралы Президентке өтініш қабылдау құқығы беріледі. Осындай жағдайда Мемлекет басшысы Үкімет мүшесін қызметінен босататын болады.

Түйіндей келгенде, Президент үшін жаңа жағдайда стратегиялық функциялар, билік тармақтары арасындағы қатынастардағы жоғары төреші рөлі, сыртқы саясат, ұлттық қауіпсіздік, еліміздің қорғаныс қабілеті басымдыққа айналады. Әйтсе де, бұл парламенттік басқару билігі орнай бастайды деген сөз емес. Өйткені, біраз сарапшылар ондай басқаруды қолдағанымен, қазіргі Қазақстанның саяси партиялары оған дайын еместігін алға тартып отыр. Оның үстіне әлемнің көптеген сарапшылары соңғы уақытта президенттік-парламенттік басқару формасының тиімділігін мойындай бастаған болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар//<http://adilet.zan.kz/>
2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі Құқықтық саясат тұжырымдамасы (Егемен Қазақстан, 27 қыркүйек 2009)
3. ҚР Конституциясы, 1995ж. 30 тамыз (ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 10-і наурыз 2017 жылы)

Шоқанова Гүлсая Сағынғалиқызы

3 курс студенті Қ.Жұбанова атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы

Ғылыми жетекшісі: **Исибаева Е.И.**

доцент, т.ғ.к., Қ.Жұбанова атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРИЯ ҚҰҚЫҚТАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

Мақалада халықаралық құжаттарда бекітілген адам құқықтары ұзақ тарихи қалыптасудың эталондары мен стандарттардың нәтижесі ретінде қалыптасқаны туралы баяндалған. Адам құқығы халықаралық құқық салаларының бірі болып табылатыны баяндалған

Түйін сөздер: адам құқығы, адам бостандығы, заң, халықаралық құқық, рухани байлық.

В статье рассматриваются закрепленные в международных документах права человека, образовавшихся в результате длительного исторического становления эталонов и стандартов. Права человека рассматриваются как одна из сторон международного права.

Ключевые слова: права человека, свобода человека, закон, международное право, духовное богатство.

The article deals with the human rights enshrined in international instruments, formed as a result of the long historical formation of standards. Human rights are regarded as a party to international law.

Keywords: human rights, human freedom, law, international law, spiritual wealth

Адам құқығы – конституциялық құқықтың маңызды институты болып табылады. Құқықмемлекетішінде, халықаралық құқық саласында ерекше дамып, адамзат құқығының дамуындағы елеулі қорытындылардың бірі болып саналады.

Адам құқығы – халықаралық құқықтың саласы, негізгі азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар мен бостандығын қалыптастыратын нормалардың жиынтығын және жеке құқықтар мен бостандықтардың дұрыс орындалуын көздейтін құқықтық ұйымдастыру тетіктері. Халықаралық құқықтың бұл саласының өзгешелігі – дүние жүзі қауымдастығының адам құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайда мемлекеттің ішкі жұмысына араласа алуы. «Адам құқығы туралы айтқан кезде бүгін біз адам мен мемлекеттің арасындағы өзара қатынасын айтамыз», - дейді М.Новицкий. Заңгер ғалымдарымыз: «Адам құқығы – адам мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған, өзі заң арқылы қорғалатын болуы мүмкін іс-әрекеттің өлшемі» - деп анықтама берген [1,121-6].

Қазіргі заманғы халықаралық құқықта адам құқығына қатысты тұтастай құқықтық актілер кешені қалыптасты. Халықаралық құқық нормалары нақты мемлекеттегі адам құқығын тікелей реттейді. БҰҰ Жарғысы (1баптың 3-тармағы) мемлекеттерді олардың аумағында тұратын барлық адамдардың, қандай да болсын кемсітуге жол берместен негізгі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге міндеттейді. БҰҰ шеңберінде осы мәселе бойынша: «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» (1948), «Адамдардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары туралы», «Адамдардың азаматтық және саяси құқықтары туралы» (1966) және басқа бірқатар құжаттар қабылданды. Адам құқығы моральдық құқықтың санатына енеді, бірақ олар басқа моральдық құқықтардан бірнеше белгілер бойынша ерекшеленеді. Моральдық құқық адамға оның жетістіктері немесе әлеуметтік мәртебесі арқылы берілуі мүмкін. Адам құқығы өте күрделі: олар барлық адамдарға әлеуметтік шығу тегіне қарамастан беріледі. Құқық адамға тумысынан беріледі. Адам құқығы адамнан бөлініп алынбайды, яғни адамды өзінің құқықтарынан айыруға болмайды, адам өз еркімен олардан бас тарта алмайды, бір мезгілде басқа моральдық құқықтарға қарағанда, адам өз еркімен уақытша немесе мәңгілік, толық немесе жартылай бас тарта алады. Адам құқығының екі тобы қалыптасқан:

Материалдық құқықтар – адамға тиесілі нақты құқықтар мен бостандықтарды қамтиды. Мысалы: ар-ұят, тұрғылықты жерді таңдау бостандықтары, білім алу құқығы т.б.; Іс жүргізу құқығы – адамды өзінің құқықтарын қорғау құралдарымен қамтамасыз ету және адамды мемлекет қабылдаған шешім арқылы әр түрлі құқық бұзушылық әрекеттерден қорғау. Сонымен бірге адам құқығы бір жағдайда материалдық, ал екінші жағдайда іс жүргізу түрінде болуы мүмкін. Мысалы:

Ordinary covariance and correlation analysis showed how much related between each factor and our focus was on between exchange rate and four factors, which is shown in the first column of Table 2. According to the ordinary covariance analysis, the exchange rate is negatively correlated with inflation while it is positively correlated with interest rate, export to and import from China. The strongest positive correlation was observed between exports to china and exchange rate at 37 percent. A detailed description is available in Table 2.

3.2. Data analysis II: Co-integration regression test

This analysis was estimated using simple regression model (Eq.1), and obtained detailed results of econometrics analysis for all data. As shown in Table 3, inflation, interest rate and constant (c) are significant at 90 percent, 99 percent and 99 percent respectively, and are positively correlated to exchange rate. Based on the coefficient 1 percent increase in inflation leads to 0.5 percent of increase in exchange rate, 1 percent increase in interest rate can cause to 14.08 percent of increase in exchange rate. However, exports and imports between China and Mongolia have no significant effect on exchange rate. These all variables together describe about 63 percent variation on exchange rate. Other variables that influence exchange rate are included government policy and foreign direct investment. The government of Mongolia highly manipulates the exchange rate. But it was difficult to get data on the policy aspects.

Table 2. Data analysis I: Covariance and correlation measurement

Covariance					
Correlation	EX_RATE	INF	INT_RATE	EXP_CH	IMP_CH
EX_RATE	3310.856				
	1.000000				
INF	-12.24175	0.655624			
	-0.262752	1.000000			
INT_RATE	8.533601	-0.237798	1.415923		
	0.124636	-0.246809	1.000000		
EXP_CH	1028399.	3919.157	-12362.43	2322354088.3	
	0.370875	0.100439	-0.215586	1.000000	
IMP_CH	-1196971.	8588.026	-11437.13	106442924.9	701135013.7
	-0.785621	0.400558	-0.362992	0.083416	1.000000

Table 3. Data analysis II: Cointegration regression test

Variable	Coefficient	Std. Error	t-Statistic	Prob.
INF	0.527489	5.187343	0.101688	0.9193
INT_RATE	14.08880	1.864532	7.556214	0.0000
IMP_CH	-0.001337	0.000140	-9.524414	0.0000

EXP_CH	0.000794	6.62E-05	11.98428	0.0000
R-squared	0.647927	Mean dependent var		278.8288
Adjusted R-squared	0.634725	S.D. dependent var		57.88562
S.E. of regression	34.98493	Akaike info criterion		9.994160
Sum squared resid	97915.61	Schwarz criterion		10.10991
Log likelihood	-415.7547	Hannan-Quinn criter.		10.04069
Durbin-Watson stat	0.294408			

4. CONCLUSION

Exchange rate plays an important role in the financial and investment market of Mongolia. Therefore, understanding the most important factors which affect to exchange rate is very crucial. In this paper, we tried to analyze the relationship between exchange rate and their determinant variables. Our analysis showed that inflation and interest rate are the most influential factors to exchange rate variation. Stabilizing these variables can indirectly induce the stability of exchange rate. It is recommended that financial managers and government policy makers should probably pay more attention on inflation and interest rate.

4.1. Monetary and exchange rate policy

No policy is needed, as the BOM should not try to appreciate the exchange rate. The flexible exchange rate regime currently in place is the best policy for Mongolia. BOM have to graduate free exchange rate's circumstance. The control inflation is most important responsible of BOM. BOM administrate inflation rate very well, it can appreciate exchange rate and interest rate. And also control inflation is to have a more responsible fiscal policy.

Acknowledgement I should thank to Chinese Scholarship Council (CSC) for providing a scholarship to do this study successfully. At the same time I would like to gratitude my supervisor Prof. Lu De Hong for his unflinching dedication and direction for the successful end of this research. I would also like to acknowledge sincerely National Statistics Office (NSO), Mongolian General Customs Administration (MGCA) and Bank of Mongolia (BOM) for providing the data for this research.

References

1. Baljinnyam, B. and Lu, D.H. (2013), "Analysis on influencing factors of the exchange rate between Chinese Yuan (CNY) and Mongolian Tögrög (MNT)", *International Journal of Development and Sustainability*, Vol. 2 No. 3, pp. 1636-1644.
2. Jacob Blacklock (2017), *Foreign Exchange in Mongolia*
3. Bank of Mongolia (2011-2017), "Monthly Statistical Bulletin", Exchange rates on foreign exchange market, Interest rate.
4. Canales-Kriljenko, J. and Habermeier, K. (2004), "Structural factors affecting exchange rate volatility A crossection study", Monetary and Financial Systems Department, International Monetary Fund, WP/04/147.
5. Maziad, S. and Kang, J.S. (2012), "RMB Internationalization: Onshore/Offshore Links", Monetary and Capital Markets Department, International Monetary Fund, WP/12/133.
6. Mongolian General Custom Administration (2011-2017), "Monthly report of Export and Import", National Statistical Office of Mongolia, Monthly Bulletin of Statistics, (2011-2017).
7. Moosa, I.A. and Bhatti, R.H. (2009), *The Theory and Empirics of Exchange Rates*, World Scientific Publishing Co. Pte. Ltd., Singapore, SG.
8. National Statistical Office of Mongolia (2011-2017), "Mongolian Statistical Yearbook", Ulaanbaatar, UB.
9. National Statistical Office of Mongolia (2011-2017), "Monthly Bulletin of Statistics", Price, Money, loan, stock market and External trade, Ulaanbaatar, UB.
10. Parween, S., Khan, A.Q. and Ismail, M. (2012), "Analysis of the factors affecting exchange rate variability in Pakistan", *Academic Research International*, Vol.2, No.3, 670-674.
11. Xiang, R. (2012), "The key influenced factors of China's international trade based on Rudex Model", 2012 International Conference on Education Technology and Management Engineering, Lecture Notes in Information Technology, Vols.16-17, 19-23.

Тугаева Бибинур Булатовна

магистрантка профильного обучения, КазУМОиМЯ им. Аблай хана, г. Алматы

МАРКЕТИНГОВЫЙ АНАЛИЗ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УСЛУГ

Білім беру ерекшеліктері осы бапта айқындалған білім беру саласындағы қызмет көрсетулер және қысқа мерзімді маркетинг. Коммерцияландыру үшін инновациялық қызметтің қажеттілігі белгіленсе табысты интеллектуалдық сүйенеді. Маркетингтік инновацияларды қолдану саласын дамыту үшін білім беру қызметтерінің перспектива анықталды.

Түйін сөздер: білім беру қызмет, маркетингтік зерттеулерді, маркетинг кешені, SWOT.

В настоящей статье определены особенности образовательной услуги и маркетинга в сфере краткосрочного образования. Установлена необходимость инновационной деятельности для успешной коммерциализации интеллектуального капитала. Выявлена перспектива применения маркетинговых инноваций для развития сферы образовательных услуг.

Ключевые слова: образовательная услуга, маркетинговые исследования, комплекс маркетинга, SWOT.

In the present article the specificity of educational services and marketing in the field of higher professional education are determined in the paper. The necessity of innovative activity for the successful commercialization of intellectual capital is established in the paper. The outlooks of application of marketing innovations for development of the field of educational services are revealed.

Keywords: educational service, marketing research, marketing complex, SWOT.

Отбор благоприятных рыночных возможностей, предоставляемых маркетинговой средой, можно вести как внутри самого образовательного учреждения, так и во внешней по отношению к образовательному учреждению среде. Образовательные учреждения могут работать на старых и/или новых рынках, со старыми и/или новыми образовательными услугами. Возможна комбинация этих направлений деятельности образовательных учреждений.

Рыночный сегмент – это часть целевого рынка, выделенная по определенному признаку (пол, возраст, образование, социальная группа, доходы, национальность и т. п.).

Одним из универсальных и широко применяемых на практике инструментов поиска новых рыночных возможностей для образовательного учреждения является модифицированная матрица И. Ансоффа.[1]

Маркетинговую стратегию образовательных учреждений при освоении рынка образовательных услуг на примере компании «Global Edu Provider» (GEP) можно реализовывать следующим образом:

Компания GEP состоит в группе образовательных компаний, основываясь на успешном опыте работы со своими клиентами в области организационного и обучающего консультирования.

Основными направлениями деятельности GEP являются:

- обучающие семинары, тренинги, программы;
- языковые обучающие курсы;
- комплексные решения развития предприятия, подразделения.

Целевая аудитория

Наиболее важным рыночным сегментом для компании «GEP» являются крупные и средние банки, строительные, нефтегазовые, пищевые компании, например АВЕ корпорация, Банк ТуранАлем, Казкоммерцбанк, Куат, Фудмастер и др. Эти компании будут обращаться к «GEP» с заказом провести корпоративные семинары или же посетить тренинги в открытом формате. Подобная работа может быть гораздо лучше и тщательнее выполнена «GEP», чем, если бы она была проделана самими этими компаниями.

Таблица 1. SWOT-анализ деятельности компании «GEP»

Внутренние сильные стороны	Внешние возможности компании
<ul style="list-style-type: none"> • наличие высококвалифицированных бизнес - тренеров, имеющих большой опыт работы в данной области; • компетентность в ключевых вопросах; • высокое качество услуг; • хорошие деловые связи с клиентами и партнерами; • уникальный опыт, который компания накопила за 4 года своего существования; • наличие квалифицированных кадров, возможностей для их подготовки 	<ul style="list-style-type: none"> • возможность увеличения продаж на своем рынке; • способность выйти со своей продукцией на рынки стран СНГ; • возможность привлечения высококвалифицированных преподавателей
Внутренние слабые стороны	Потенциальные внешние угрозы
<ul style="list-style-type: none"> • недостаток финансирования ввиду затруднений в финансовой сфере страны; • достаточно узкий ассортимент бизнес - семинаров и тренингов; • недостаточно широкий охват географического пространства 	<ul style="list-style-type: none"> • выход на рынок новых конкурентов, использующих современное оборудование; • нестабильность налогового, трудового и др. законодательства в РК; • при увеличении объемов производства возможен недостаток квалифицированных кадров

SWOT-анализ деятельности компании. SWOT – анализ включает анализ сильных и слабых сторон, а также анализ благоприятных и неблагоприятных факторов внешнего окружения и конкурентной среды. Для этого мы можем составить матрицу SWOT – анализа [3].

Анализ конкурентной среды. Рынок краткосрочного образования Казахстана начал формироваться более 10 лет назад. На рынке успешно соседствуют компании, образованные в 1995-1996 годах и сравнительно молодые компании, созданные в 2003-2016 году. Тренинговые компании мобильны и активно работают в регионах. 80% из них готовы проводить выездные тренинги.

Средняя стоимость обучения на открытых тренингах на одного участника у казахстанских тренеров составляет 340-380 у.е., с привлечением зарубежных специалистов стоимость возрастает до 600 у.е. и выше.

Основными конкурентами компании «GEP» на рынке краткосрочного бизнес – образования являются: Ernst&Young, KIMER, Эсто. В таблице 2 представлен анализ конкурентной среды.

Курсы пользуются популярностью у населения, поэтому в рамках проекта "Развитие трудовых навыков и стимулирование рабочих мест" впервые в Казахстане создается реестр организаций, оказывающих услуги по краткосрочному обучению.

Таблица 2. Анализ конкурентной среды

Показатели	Global Edu Provider	Ernst&Young	КИМЕР	Эсто
Цели	Удовлетворение потребностей клиентов в области обучающего консалтинга	Внесение вклада в развитие компаний через консультационное сопровождение в области аудита, налогообложения и права	Предоставление тренингов высокого качества для поддержки и развития бизнеса в Казахстане и странах Центральной Азии.	Ознакомит и обучит руководителей разного уровня административной технологии-
Время (существования)	4 года	14 лет	14 лет	3,5 года
Ассортимент услуг	Финансовый, коммуникационный менеджмент; управление человеческими ресурсами,	Аудиторские услуги; менеджмент; маркетинг и продажи; бухгалтер и	Менеджмент, маркетинг и продажи, финансы, бухгалтер, банковское	Маркетинг, продажи, финансы, лидерство, эффективность предприятия,
Направления	личностное развитие	финансы, банковское дело	дело, налогообложение	этика в бизнесе
Место проведения	Казахстан	СНГ, Польша, Венгрия	Казахстан, Центральная Азия	Казахстан
Сильные стороны	Высококвалифицированные тренеры; хорошие деловые связи	Более широкий охват географического пространства; широкая линейка проводимых семинаров	Проведение тренингов на английском языке	Приглашаются ведущие тренеры и консультанты из России, США и Европы
Слабые стороны	Предоставление услуг только в Казахстане; узкий ассортимент бизнес-семинаров	Ориентация в основном на оказание аудиторских услуг	Ориентация в основном на высшие слои населения	Предоставление услуг только на территории Казахстана

Портфель услуг компании GEP. Используя метод фирмы Boston Consulting Group, компания GEP классифицирует все свои услуги согласно матрице рост/доля рынка [2], показанной на следующем рисунке 3:




Рисунок 3 – Матрица рост/доля рынка компании GEP

Анализируя матрицу, можно определить, что в портфеле компании GEP имеются все четыре вида стратегических хозяйственных единиц (СХЕ), которые определяются по матрице БКГ:

- Коммуникационные тренинги – «звезды»
- Тренинги по финансам – «дойные коровы»
- Логистика – «трудные дети»
- Трудовое законодательство – «собаки»

Первые две стадии становления («Трудные дети» и «Звезды») коммуникационные тренинги уже прошли, т.к. весь процесс создания программы семинара отработан, компания GEP успешно прошла первые шаги на рынке сбыта и имеет постоянных клиентов. Сегодня для коммуникационных тренингов наступила стадия «Дойные коровы и до стадии «Собаки» ещё довольно далеко.

Для каждой из СХЕ набора выберем стратегию развития:

Для *коммуникационных тренингов* – стратегию поддержки конкурентных преимуществ;

Для *семинаров по финансам* - стратегию поддержки существующего положения;

Для *логистики* - стратегию развития и интенсификации усилий;

Для *трудового законодательства* – пересмотр программы проведения семинара или же исключение из состава портфеля бизнеса фирмы.

Список использованной литературы:

1. Ансофф И. Стратегическое управление. – М.: Экономика, 1989. – 519 с.
2. Маркетинг. 3-е издание. Учебник. Авторы: Под ред. Герасименко В.В. ООО «Проспект» 2015г. 498 с.
3. Арутюнова Д.В. Стратегический менеджмент. Учебное пособие. Таганрог: Изд-во ТТИ ЮФУ, 2010. 122 с.

«Наша главная цель – социальная безопасность и благополучие наших граждан. Это лучшая гарантия стабильности в обществе».

Н.А.Назарбаев, 14 декабря 2012 года.

ЭТАПЫ И ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ КОНЦЕПЦИИ СОЦИАЛЬНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ В БИЗНЕС СООБЩЕСТВЕ

Мақалада корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін дамыту кезеңдері сипатталады. Қазақстанда мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар сипаттамасы берілген ҚР мемлекеттік стандарттар және қолданысқа енгізу

Түйін сөздер: *Әлеуметтік жауапкершілік, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, стандарттар ҚР.*

В статье описываются этапы развития корпоративной социальной ответственности. Представлена характеристика действий по реализации государственной программы в Казахстане и введение в действие государственных стандартов РК

Ключевые слова: *Социальная ответственность, корпоративная социальная ответственность, стандарты РК, этапы становления концепции.*

In article stages of development of corporate social responsibility are described. The characteristic of actions for implementation of the state program in Kazakhstan and enforcement of state standards of RK is submitted

Keywords: *Social responsibility, corporate social responsibility, RK standards, stages of formation of the concept.*

Вопросы и тематика социальной ответственности бизнеса в последние годы приобретает все более сильное звучание в деловых и научных кругах Казахстана. Идея социального вклада в устойчивое развитие общества как необходимого компонента корпоративной культуры и отличительной черты цивилизованного ведения бизнеса активно поддерживается бизнес-сообществом и государственными структурами. Особенно широко это направление в корпоративном управлении представлено в практике крупного предпринимательства, однако растет число малых и средних предприятий, реализующих концепцию (или ее элементы) социальной ответственности бизнеса.

Нами произведен сравнительный анализ исторического развития концепции социальной ответственности и изменения ее роли в системе управления. С позиции анализа социальной ответственности можно выделить 6 этапов развития концепции корпоративной социальной ответственности:

1 этап. Начало XIX - 50-е года XX в. Зарождение концепции.

Зарождение концепции социальной ответственности бизнеса можно отнести к началу XIX в., когда началось движение в защиту прав трудящихся, возникшее после промышленной революции. Одним из основоположников данного воззрения был британский промышленник Роберт Оуэн, разработавший план по улучшению условий жизни рабочих и пытавшийся его осуществить на одной из прядильных фабрик Шотландии. Его попытки создания коммунистических колоний потерпели неудачу, но идеи помогли трудящимся осознать собственные права, место и важность в производственном процессе.[1, с.25] Совместно с рядом видных бизнесменов, политиков и экономистов Оуэн обращался к правительствам европейских стран с предложениями принять международные законы об условиях труда на заводах и фабриках, рудниках и шахтах. Им были выдвинуты три довода в пользу принятия международных трудовых норм:

1) облегчение практически рабского труда рабочих;




Рис. 1. Основные этапы становления концепции корпоративной социальной ответственности

2) удержание трудящихся масс от участия в неформальных объединениях с целью недопущения беспорядков;

3) снижение потерь стран с защищающим трудящихся законодательством, которые создает подобная политика для их внешней торговли.

Такое регулирование позволило бы уравнивать международную конкурентоспособность всех государств. Эти аргументы были приведены в Преамбуле принятого в 1919 г. устава Международной Организации Труда (МОТ), которая открывается словами о том, что всеобщий и прочный мир может быть установлен только на основе социальной справедливости.

В начале XX в. зародилась доктрина капиталистической благотворительности. Согласно этой доктрине, прибыльные организации должны жертвовать часть своей прибыли на благо общества (финансировать общественные потребности). Основа доктрины была рассмотрена Э. Карнеги в работе «Евангелие процветания». Тогда же другие представители крупного американского бизнеса заявили об обязанности корпораций использовать свои ресурсы таким образом, чтобы общество оказывалось в выигрыше. Карнеги вложил 350 млн. долларов в социальные программы и построил более 200 публичных библиотек. Д. Рокфеллер пожертвовал 550 млн. долларов и основал фонд Рокфеллера, а в 1905 году в США зародилось движение «Ротари» (Rotary), суть которого заключается в том, что материально преуспевающие люди должны вносить свою лепту в улучшение социальной ситуации не только в профессиональной сфере, но и в ареале своего проживания в обществе.

С формированием сектора решающую роль в отношениях бизнеса и общества стали играть его крупные компании и группы, способные существенно влиять на политику, экономику и социальную

сферу. В этот период складывается уже достаточно цельная доктрина социальной ответственности бизнеса.

2 этап. 60-е - середина 70-х гг. Три основные интерпретации концепции КСО. С середины 70-х гг., интерес к данной проблеме стал довольно резко возрастать и наступил значительно более сложный этап развития доктрины, отразивший новые экономические и политические процессы.

В этот период возникают три основные интерпретации концепции социально-ответственного бизнеса.

Первая - традиционная, подчеркивает, что единственная ответственность бизнеса заключается в увеличении прибыли для своих акционеров. Эта точка зрения была высказана Милтоном Фридманом в 1971 г, и может быть названа теорией корпоративного эгоизма: «Существует одна и только одна социальная ответственность бизнеса: использовать свои ресурсы и энергию в действиях, ведущих к увеличению прибыли, пока это осуществляется в пределах правил игры».

Вторая точка зрения прямо противоположна теории Фридмана. Это теория корпоративного альтруизма. Появилась она одновременно с опубликованием нашумевшей статьи Фридмана в New York Times и принадлежала Комитету по экономическому развитию. В рекомендациях Комитета подчеркивалось, что «корпорации обязаны вносить значительный вклад в улучшение качества американской жизни».

Третью позицию представляет одна из самых сильных «центристских» теории, теория «разумного эгоизма», которая утверждает, что социальная ответственность бизнеса - это просто «хороший бизнес», поскольку сокращает долгосрочные потери прибыли. Тратя деньги на социальные и филантропические программы, корпорация сокращает свои текущие прибыли, но в долгосрочной перспективе создает благоприятное социальное окружение и, следовательно, устойчивые прибыли. Социально ответственное поведение -- это возможность для корпорации реализовать свои основные потребности в выживании, безопасности и устойчивости.

3 этап. Конец 70-х - середина 80-х гг. Идеино-политическая гегемония неолиберализма. Начиная с этого времени, сначала в Великобритании и США, а затем и в других странах Запада и в Японии на смену социал-реформистским режимам к власти пришли неоконсерваторы, в основе экономической стратегии которых лежали принципы минимального государственного вмешательства в экономику и социальные отношения. Изменения произошли под воздействием предпринимателей, стремящихся к принципам свободного рынка и свободной конкуренции, а также освобождению от обременительных социальных обязательств по отношению к государству и обществу.

4 этап. Начало 90-х - середина 90-х гг. Социально-рыночный период развития КСО. На смену либералам пришли социал-демократы, которые разработали концепцию «третьего» или «срединного» пути. Оставив ряд постулатов неолиберализма, новые социал-демократы взяли на вооружение социально-рыночную ориентацию, сочетающую рынок и конкуренцию с социальной ответственностью и социальной справедливостью.

5 этап. Середина 90-х - конец 90-х гг. Концепции «компании акционеров» и «капитализма участия». Две модели внутрикорпоративных отношений повлияли на закрепление моделей развития общественных отношений, одну из которых принято называть свободно-рыночной или либерально-рыночной, а другую - социально-рыночной. Сторонники социально ответственного ее поведения провозглашали своим кредо модель «компании участников», тогда как их оппоненты - модель «компании собственников». В упрощенном виде содержание первой концепции сводится к тому, что лица и организации, обеспечивающие нормальное функционирование корпорации собственники-акционеры (включая банки и других институциональных инвесторов), менеджеры, наемные рабочие и служащие, местные власти и сообщества, поставщики, потребители, не просто поддерживают те или иные отношения и связи между собой, но представляют собой объединенное общим интересом образование.

6 этап. Конец 90-х - начало 2000-х гг. Современный этап развития КСО. Концепция «корпоративного гражданства». В концепции «корпоративного гражданства» проявились отличия, связанные с мировой экономической обстановкой. Это привело к смене модели поведения бизнеса, в основе которой были приоритеты максимально высокой прибыли, конкуренции и безудержной экспансии. Таким образом, реализация социальной ответственности бизнеса возможна в наиболее полной мере в системе корпоративных отношений.

К началу XXI века большинство крупных западных компаний сформировали собственные политики КСО, а изучение концепции корпоративной социальной ответственности вошло в учебные курсы по корпоративному менеджменту ведущих экономических вузов.

Для многих бизнесменов становится все очевиднее тот факт, что успех компании на рынке во многом зависит от объема ее инвестиций в социальную сферу страны. Как показывает практика, высокая корпоративная социальная ответственность позволяет сформировать положительный имидж фирмы или предприятия. Это, в свою очередь, дает компании определенные выгоды.

Согласно Концепции Развития систем менеджмента в Республике Казахстан Комитета технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий, была внедрена система менеджмента «Социальная ответственность» (SA 8000) на всех предприятиях, внедривших OHSAS 18001, 100% предприятиях по добыче и переработке нефти и газа и строительного комплекса».

Так же, внедрение систем менеджмента социальной ответственности, промышленной безопасности и качества, обсудили в Совете по экономической политике при фракции партии «НурОтан». Выездное заседание Совета прошло в Комитете по техническому регулированию и метрологии министерства индустрии и новых технологий в июне этого года. Внедрение подобных стандартов особенно актуально для «ЭКСПО-2017» и реализации программы «Зеленая экономика».

С 1 января 2014 года введен в действие национальный стандарт Республики Казахстан «Социальная ответственность. Требования» (Social accountancy international (Mod)), сокращенно СТ РК 1352-2012 (SA 8000:2008, Mod). Стандарт разработан в целях продвижения корпоративных ценностей в вопросах социальной ответственности работодателя, способствует распространению приемлемых в глобальном масштабе требований к социальной ответственности организации.

Список использованной литературы

1. Букреев В.В. Социальная устойчивость предприятия: вопросы становления. - М.: ВШПП. – 2017.
2. Социальные инвестиции бизнеса: они возвращаются! 2016. - <http://www.urbanomics.ru>
3. Стандарт РК - http://online.zakon.kz/Document/?doc_id

Батгал Гүлмира Тоқтыбаянқызы

Филология ғылымдарының магистранты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДАҒЫ РУ-ТАЙПА АТАУЛАРЫНАН
ҚАЛЫПТАСҚАН ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Мақалада Шығыс Қазақстан өңірін мекендеген Орта жүз ру-тайпа атауларының тарихи-лингвистикалық ерекшеліктерін қарастыра отырып, осы өңірдің тарихы тілдік деректер арқылы зерделенді және руаралық таксондық, патронимдік, матрилиндж, матрилиндждерге сипаттама беріледі. Рулардың рулық одақтарға, жүздерге бірігуіне, жақындастығына рулардың тілдер туысқандығы және өмір сүруге қолайлы табиғи-географиялық жағдайлар, қоғамдық қажеттілігі сөз болады.

Түйін сөздер: лексика-семантика, этимология, ассоциативтік, семасиологиялық анализ, тілдік факт, жинақтау, топтау

В статье рассматриваются историко-лингвистические особенности средневековых племен, населяющих Восточно-Казахстанскую область. Существовала потребность в естественных географических условиях для социальной необходимости выживания племен в единстве и близости племен.

Ключевые слова: лексика, семантика, этимология, ассоциативный, семасиологический анализ, лингвистический факт, сбор, группировка

The article deals with historical and linguistic features of medieval tribes inhabiting the East Kazakhstan region. There was a need for natural geographical conditions for the social need for the survival of tribes in the unity and proximity of tribes.

Keywords: vocabulary, semantics, etymology, associative, semasiological analysis, linguistic fact, collection, grouping

XXI ғасыр тіл білімінде тілді тек қарым-қатынас құралы емес, сонымен қатар ұлттың мәдени ақпараты жинақталған код ретінде қарастыратын бағыт қалыптасып, тіл білімі ғылымының дамуы антропоэлектік бағытта жүргізілген зерттеулермен толығуда. Бұл тектес зерттеулерге дәйек болатын кез келген халықтың ерекшелігі, менталитеті тілінен көрініс тауып, оның барлық деңгейлерінен байқалатыны мәлім.

Ономастикалық бірліктердің қазақ ұлтының ұлттық мәдени айшықтарын айшықтаудағы қызмет ерекшелігі – олардың өз бойына этнографиялық, тарихи, лингвистикалық, мәдени деректерді жинаған тілдік таңбалар болуында.

Ономастиканы: антропонимика, топонимика, космонимия, фитонимия, этнонимияны т.б. зерттеудің теориялық-әдістанымдық негіздері тілмен сабақтастықта қарастырылатын ұлттық этномәдени, әлеуметтік сипатын анықтаудың қажеттілігін В.В. Радлов, В.В. Бартольд, Ш.Уәлиханов, Ә. Диваев, Н. Катанов, С.Е. Малов, Н.К.Дмитриев, А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков, Қ.Жұбанов, І.К. Кеңесбаев, С. Аманжолов, Ә. Қайдар, Т. Жанұзақов, Ә. Абдрахманов, Е. Жанпейісов, Қ. Рысбергенова т.б. ғалымдар ономастиканың негізін қалаушылар және тарихи деректерге сүйене отырып, ұлттық ономастика жүйесінің өзекті мәселелерін анықтап, ғылым ретіндегі даму бағытын да бірізге салып беру жолында толымды жұмыстар атқарды.

Қазіргі уақытта ономастика ұлттық тіл саясатының жетекші бағыттарының бірі ретінде тек ғылыми-практикалық, мәдени-тарихи ғана емес, сондай-ақ қоғамдық-саяси маңызға да ие болып отыр. Қоғам дамуының кез келген кезеңінде ономастикалық атаулардың саяси, әлеуметтік маңызы болды. Сол сияқты тіліміздегі ру, тайпа, халық аттары мен кісі аттарының өзара байланысы, ауысу процесі тарихи дәуірлермен ұштасып келе жатқан құбылыс.

Жалпы этнонимдер, оның ішінде Шығыс Қазақстан аймағына қарасты ру-тайпа атаулары да белгілі бір кезеңдегі қоғамның даму барысынан, оның әлеуметтік жағдаяттарынан, ұстанған ұстанымдарынан, тарихи оқиғалардан көрініс беріп отыратын құнды тілдік дереккөз болғандықтан, кешенді пәндер негізінде, атап айтқанда, тарих, этнология, этнография, лингвистика тұрғысынан зерттеуді қажет ететін мирас болып саналады.

қазіргі зерттеу жұмысымыздың негізгі бағдары – Шығыс Қазақстан аймағында мекен ететін ру-тайпалар атаулары жайлы материалды жинап, оларды ғылыми жүйеге келтіру, сұрыптау т.б., соның

нәтижесінде барып теориялық пікірлер жасау. Себебі қазақ халқын идентификациялайтын бірден-бір көз – этноним атауының аясында шоғырланатын ұлт болмысы сынды пайым-байқау, ұғым-түсініктің бастауы, толыса түсетін арнасы, ел іші әңгімесінің төңірегінде өрбитін қайнар, ол – халық тілінде сақталған этнонимдік аталымдар, олардан туындайтын тұрақты тіркестер. Осы тұрғыдан қарағанымызда, этнонимдерді жалқы есім ретінде танып, арнайы зерттеудің ерекше мәні зор деп түйеміз (Т.Жанұзақов).

Қазақтың кең даласы – мәдениет пен тіл бірлігі, әдет-ғұрып, салт-сана тұтастығының негізі. Бұл көзқарас қазақтардың ат қоюындағы өзіндік ерекшеліктерінен көрінеді. Себебі, бұл рәсімде ұлт болмысының барлық этномәдени, әлеуметтік сипатын басшылыққа алып отырған. Мысалы, тіл мен сөздің магиялық күшіне сенген олар әдетте қарғыстан, балаларын мақтаудан қорыққан. Соның нәтижесінде *Күшікбай*, *Бармақ*, *Пұшық*, *Сасық* т.б. сынды жалқы есімдер дүниеге келген. Олар «көз тимесін», «балам аман болсын» деген ырымнан туған болуы керек. Немесе дүниеге келген балаға *Толыбай*, *Ырысты*, *Жомарт* т.б. сияқты ат қою арқылы оған белгілі бір қасиеттерді дарытуды көздеген мақсат қойылған. Ал *Ұлбала*, *Ұлтан*, *Тоқтамыс*, *Тұрлыбек*, *Төлеу*, *Тілеу* лингвокультуремалары ұл бала дүниеге келсе деген ниеттен және балалары тұрақтамаған жағдайда «тілеу» тілеген себебінен туған антропонимдер.

тілдің фразеология саласы – өте күрделі құбылыс. Сондықтан ол әр аспектіде әр қырынан зерттеуді қажет етеді. Тілдік бірлік ретінде фразеологизмдердің семантикалық құрылымы, лексикалық құрамы, лексика-грамматикалық ерекшеліктері, қолданылу тұрғысынан экспрессиялық-стилистикалық реңктері, диахрония тұрғысынан шығу тегі, жасалу жолдары т.б. мәселелер өз алдына жеке-жеке зерттеу объектілері болатындығы даусыз. Фразеология ғылымының зерттеу ауқымы кең және көп салалы Фразеологияның қалыптасуындағы объективті және субъективті факторлар – фразеологиялық мағынаның коммуникативтік жағдайларға бейімделуі, сөйлеу кезіндегі туынды мағынаға ие болуы, сөзге жанамалық қатыста номинацияға ұшырауы, ұғым мен түсінікті тереңдетудегі танымдық қызметі мен жүйесі, оның әлеуметтік жағдайдағы мәдени-ұлттық ерекшеліктерді көрсетуі т.б. – фразеологияның басты міндеттері болып саналады. Фразеологизмдердегі тіркес тиянақтылығы, мағына тұтастығы, тіркес тұрақтылығы тілдің басқа да категорияларымен ерекшеленіп, өзіндік тұлға, бітім бейнесімен дербес тұрады. Бұл олардың тілдік бірлік ретінде танылуына мүмкіндік береді. Фразеологизмдерді танып-білу үшін анықталған үш белгі жеке-жеке саралануына қарамастан, қазақ тіл білімінде, орыс тіл білімінде, сол сияқты түркі тіл білімінде де тұрақты сөз тіркесіне қандай сөз тіркестерін жатқызу туралы шешімін таппай келе жатқан мәселелер жеткілікті. «Қазақ тіл білімінде фразеологиялық тіркестер мен тұрақты тіркестер деген атаулардың ажыратылмай, бірінің орнына бірі қолданылуы өте шартты, шын мәнінде, бұл екеуі бір емес, тұрақты тіркес деген ұғымның шеңбері әлдеқайда кең, ал фразеологиялық тіркестер соның бір бөлегі ғана, оған фразеологиядан басқа сөз болып отырған атаулық тіркестер де енсе керек», – деген С. Исаевтың пікірін негізге ала отырып, тұрақты тіркестер қатарына алынатын ғалымның атаулық тіркестер жайлы айтқан сөзін келтіре кетуді орынды деп санаймыз. «Мектеп оқулықтарында болсын, жеке зерттеулерде болсын тіркес атаулы екі үлкен топқа бөлініп қарастырылады. Олар: еркін сөз тіркестері және фразеологиялық немесе идиомалық тіркестер деп те аталып жүр. Қазіргі қазақ тілінің фактілеріне үңіліп, зер сала қарасақ, осы екі топтың ешбіріне кірмейтін бір топ тіркестің бар екенін аңғарамыз. Мысалы: *көр тышқан*, *алты бақан*, *бас бармақ*, *ат дорба*, *ат қора*, *ит шана*, *және ашық хат*, *жарыс сөз*, *күн тәртібі*, *темір жол*, *жер шары*, *еңбек кітапшасы*, *Арал теңізі*, *Алматы қаласы*, *Қиыр Шығыс* т.б.

Бұл тәріздес сөз орамдарының синтаксистік (еркін) сөз тіркестерінен де, фразеологиялық тіркестерден де едәуір айырмашылығы бар. Еркін сөз тіркестерінен олардың негізгі айырмашылығы грамматикалық байланысы тұрақты, демек, орын тәртібі берік және бөліп-жарылмай, сөйлемнің бір-ақ күрделі мүшесінің қызметін атқарады. Құрамындағы сөздер ауыса бермейді. Бұл тіркестер еркін сөз тіркесіндей сөйлеу процесінде құралмай, даяр осы тұлғасында бір бүтін лексема ретінде қабылданып қолданылады. Сөйтіп барып құрамындағы сөздер бір-ақ мағынаны білдіреді».

Ал қазақ тіл білімінде бұл термин бірізге түспегендіктен, фразеологизмдерді фразеологиялық бірлік, фразеологизм, фразеологиялық тіркес, тұрақты тіркес, тұрақты сөз тіркесі, фразеологиялық оралым, фразеологиялық тұлға, фраза т.б. деп синоним ретінде қолданып жүр. Алайда зерттеу барысында аталған терминдердің барлығын синоним ретінде қолдану қиындық тудырады. Сол себепті біз өзіміздің зерттеу жұмысымыздың барысында фразеологизмдерді кең мағынада түсінуді

жақтаушылардың пікірін қолдай отырып, қолданылуы тиянақты, мағынасы тұтас, даяр қалпында жұмсалатын Шығыс Қазақстан аймағындағы ру-тайпа атауларынан қалыптасқан бірліктерді ғалым С.Исаевтың көрсеткеніндей «*тұрақты тіркес*», «*тілдік бірлік, мағыналық бірлік*» және «*фразеологизм*» деп қолдануды жөн көрдік. Мысалы, *сөз анасы – қыпшақ, ел анасы- найман; арғын деген арысын, азуым алты қарысын; Майлы шаты; Қаратай ауған; Өтей ауған; екі ақымбет қатар қонбас* т.б. Тұрақты тіркес құрамындағы сөздер еркін тіркестегідей бас-басына жеке-жеке емес, тұтасымен бір ғана жалпы мағына білдіретіні мәлім. Көп ретте ол мағына құрамындағы сөздердің лексикалық мағынасына қатысы болмай, одан мүлде басқаша мағынада болады. Тұрақты тіркес бұрыннан жасалып қойған, сол даяр қалпында қолданылады. Тұрақты тіркестердің көбін басқа тілге ұлттық нәрін сақтай отырып аудару мүмкін емес.

Ру-тайпа атауынан қалыптасқан тұрақты тіркестердің де құрамы мен құрылысы тұрақты болып келеді. Мысалы, *сақтықты сыбаннан үйрен, момындықты мұрыннан үйрен* деген тұрақты тіркестердегі ру аттарын басқа бір ру атымен ауыстыруға болмайды, себебі, әрбір ру-тайпа атауынан қалыптасатын тұрақты тіркестер сол ру-тайпаның белгілі бір жалпы мінезіне байланысты шығады. Тіркес арасына сөз қосу да тұрақты тіркестің құрылым жүйесін бұзады. Мысалы, *Құлақайға күлмегеннің аузы қисайып кетеді* дегенді – *Құлақайға қатты күлмегеннің аузы қисаяды* деп айта алмаймыз. Тұрақты тіркестерге тән бұл қасиет жеке сөздердің ерекшелігін еске түсіреді. Себебі, олардың да, морфемалардың да арасына басқа морфемаларды кіргізуге болмайды. Сондай-ақ, тұрақты тіркестер де сөздер сияқты дайын күйінде қолданылады. Мысалы, *қу дауысты Құттыбай; қыңырайған қыржы* дегенде біз бұрыннан қалыптасқан тіркестердің тілдік айналымнан әлі түспегендігін бағамдаймыз.

Ру, тайпалардың өрбуін ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, жеткізіп тұратын шежіре тарқату салты көптеген елдерде кездеседі. Қазақтың әрбір азаматына өзінің азаматтық борышының бірі ретінде баласына жеті атасын білдіріп отыруы міндеттелген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жанұзақов Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 524 б.
- 2 Хинаятұлы Б. Қазақтардың төрт түлікке қатысты дәстүрлі ырым, жосын-жоралғы, әдет-ғұрыптары // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі мен бүгіні. Мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 2001. – 190 б.
- 3 Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.
- 4 Жанұзақов Т. Қазақ тілі ономастикасының негізгі проблемалары: фил.ғыл.док. ... дисс. – Алматы, 1976. – 53 б.
- 5 Толковый словарь русского языка // под ред. Ушакова Д.И. – М.: ОГИЗ, 1935. – Т.1, – 164 с.
- 6 Жанұзақов Т.Ж. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1988. – 140 б.
- 7.Төлемісұлы К. Жондағы Жобалай-Керей елінде. – Семей: Печать, 2001 – 250 б.
- 8 Жүнісжанұлы Ж. Отыз әулет – мың ұрпақ. – Алматы: Қағанат, – 340 б.
- 9 Арғынбаев Х., Востров В., Мұқанов М. Қазақ шежіресі хақында. –Алматы: Атамұра, 2000. – 464 б.

ОӘЖ: 81. 379.6

Бейсенбина Айгерім Абдуғалиқызы

Филология ғылымдарының магистранты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДАҒЫ РУ-ТАЙПА АТАУЛАРЫНАН ҚАЛЫПТАСҚАН ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Мақалада Шығыс Қазақстан аймағындағы ру-тайпа атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестерді лингвомәдени жүйеде қарастыру барысында, олардың этникалық ақпарат жеткізетін тарихи, мәдени және рухани құндылық дәрежесі анықталды, нәтижелер мен тұжырымдар тұрақты тіркестердің жалпы сипаты мен ұлттық-мазмұндық құрылымын, номинациялық қағидалары мен атау жасаудағы үзге табиғатының дәстүрлі модельдерін, мәдени таңба ретіндегі коннотациялық сипатын тануға мүмкіндік беретіні жайлы мағлұмат беріледі.

Түйін сөздер: этнос, мәдениет, шежіре, лексика, дәстүр, концепт.

В статье рассматриваются исторические, культурные и духовные ценности этнической информации в лингвокультурной системе названий племен в Восточно-Казахстанской области, а результаты и выводы основаны на общем характере и национальном содержании устойчивых выражений, принципах выдвижения и традиционных моделей, а также коннотативный характер культурных символов.

Ключевые слова: этнос, культура, генеалогия, лексикология, традиция, концепция

The article considers the historical, cultural and spiritual values of ethnic information in the linguistic and cultural system of tribal names in the East Kazakhstan region, and the results and conclusions are based on the general nature and national content of stable expressions, the principles of nomination and traditional models, as well as the connotative nature of cultural symbols.

Keywords: *ethnos, culture, genealogy, lexicology, tradition, concept.*

Ру-тайпа, оның құрамы, еліне байланысты айтылған қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, тұрақты теңеулер, бойына ақпараттық мән жинаған тұрақты тіркестер– бүгінгі күнге дейін ел аузында сақталған, тұтастай алғанда елдің өз өткені туралы пайымы мен ұғымын аңғартатын, өзгеше бір таным көзі, дерек қоры.

Аймақтық этнотұрақты тіркестерді тілдік тұрғыдан арнайы зерттеу қолға алынбаған, сондықтан зерттеу жұмысы нәтижелері тұрақты тіркес мәселесін толықтыратындығымен де өзекті.

Нақты айтқанда, қазақ тіліндегі ру-тайпа атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестерді зерттеуде қазіргі тіл ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып, лингвомәдени, ұлттың мәдени ақпараты жинақталған код ретінде қарастыруға мән беру, этнонимдердің тілдік табиғаты мен этномәдени сипаты, этнотұрақты тіркестердің лексика-семантикалық ерекшелігі қарастырылуы жұмыстың өзектілігін көрсетеді.

Шығыс Қазақстан аймағындағы ру-тайпа атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестердің қолданыс өрісін көрсету мақсатында сипаттама тәсілін, олардың тілімізде атқаратын қызметі мен тақырыптық топтарын, уәжділік үрдісі мен лексика-грамматикалық модельдерін айқындауда аналитикалық-синтетикалық, кейбір мағыналық бірліктердің екінші деңгейлік мағынасын қарастыруда тарихи-салыстырмалы тәсіл қолданылды.

Қазіргі уақытта ономастика ұлттық тіл саясатының жетекші бағыттарының бірі ретінде тек ғылыми-практикалық, мәдени-тарихи ғана емес, сондай-ақ қоғамдық-саяси маңызға да ие болып отыр. Қоғам дамуының кез келген кезеңінде ономастикалық атаулардың саяси, әлеуметтік маңызы болды. Сол сияқты тіліміздегі ру, тайпа, халық аттары мен кісі аттарының өзара байланысы, ауысу процесі тарихи дәуірлермен ұштасып келе жатқан құбылыс. Жалпы этнонимдер, оның ішінде Шығыс Қазақстан аймағына қарасты ру-тайпа атаулары да белгілі бір кезеңдегі қоғамның даму барысынан, оның әлеуметтік жағдаяттарынан, ұстанған ұстанымдарынан, тарихи оқиғалардан көрініс беріп отыратын құнды тілдік дереккөз болғандықтан, кешенді пәндер негізінде, атап айтқанда, тарих, этнология, этнография, лингвистика тұрғысынан зерттеуді қажет ететін мирас болып саналады.

Қазақтың кең даласы – мәдениет пен тіл бірлігі, әдет-ғұрып, салт-сана тұтастығының негізі. Бұл көзқарас қазақтардың ат қоюындағы өзіндік ерекшеліктерінен көрінеді. Себебі, бұл рәсімде ұлт болмысының барлық этномәдени, әлеуметтік сипатын басшылыққа алып отырған. Мысалы, тіл мен сөздің магиялық күшіне сенген олар әдетте қарғыстан, балаларын мақтаудан қорыққан.

Антропонимдердің мұндай түрлері Шығыс Қазақстан аймағына қатысты найман, арғын, керей, қоңырат, қыпшақ, уақ тайпаларының ат қою рәсімінде және ол есімдердің уақыт өте келе белгілі бір ру атауына ұласу үрдісі де кездеседі.

Антропонимдер жүйесі адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Антропонимдердің кейбір топтары қазақ ауылының ертедегі тіршілік, іс-әрекетінен және шаруашылық күйінен мағлұмат береді. Солардың ішіне төрт түлік малға, шаруашылық, тұрмыстық сөздерге байланысты есімдер енеді.

Халық ұғымындағы киелі жануарлардың бірі – қой. Киелі қойға табыну жануарлар мен аруақтарға табынумен тығыз байланысты, себебі қой құрбандыққа шалынады, ырымдық жөн-жоралар мен аста қой сойылады. Төрт түлік малға қатысты қазақтардың әдет-ғұрпы, жөн-жорасы мен наным-сенімдерін зерттеуші Б.Хинаятұлы бұл туралы былай деп жазады: «Орта Азия жұрттарында кең тараған өлген адамның жаны зооморфтық кейіпке, яғни қой бейнесіне енеді деген түсініктен туындаған қой түлігіне қатысты культ қазақтардың құрбандық ғұрпында да берік орныққан.

Жалқы есімдерді морфологиялық құрылымына қарай топтастыруда дәстүрлі бірнеше жолдары бар.

Жалқы есімдерді былайша жіктеу компоненттерді топтастыру, құрылымдық типін, синтаксистік қатынасты және сөз таптарына қаншалықты қатыстылығын анықтауға мүмкіндік береді. Онимдік бірліктерге құрылымдық тұрғыдан (түбір мен аффикстер) талдау жасауда бірыңғай қосымшалардан жасалған, яғни ортақ тип құрайтын есімдер тобын айрықша бөліп алып қарастыруды ұсынып отырмыз.

Қазақ дәстүрінде адамның жалқы есімнен басқа да толып жатқан (жанама, бүркеме, лақап, балама т.б.) қосымша аттары кездеседі. Қосымша немесе жанама аттар адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастардың ыңғайына қарай өзгеріп, әр алуан морфологиялық тұлғалармен түрленіп, сұхбаттасушы субъектілердің бір-біріне деген ізет-құрметін, көңіл күйін, ішкі сезімін, дәстүрлі әдептілік пен жол-жоралғыны таныту үшін, жан дүниесін паш ету мақсатында жұмсалып отырады.

Кез келген ұлт менталитетінде лақап ат қою адамның бет-пішініне, мінез-құлқына, істейтін кәсібіне немесе бір ерекшелігіне байланысты болып келеді. Кейбір дәл тауып қойылған есімдер, сол адамға өмір бойы қосалқы ат болып қала береді. Лақап ат әдетте ел тарапынан қойылады. Өйткені адамның маңайындағы ел сыншы, қалыптанған дәстүрден тыс әрекет байқалса, одан хабардар ауыл-аймақ, туған-туысқан өз ойын ортаға салып отырған. Сондай әрекеттің бірі лақап ат таңып, ол сол адаммен бірге жасасып келсе, сол лақап аттың нәтижесінде бүкіл бір ру солай аталып кетіп отырғандығы жөнінде көптеген деректерді тілге тиек етсе де болады. Осыған орай руға байланысты лақап аттар қазақ рулары арасында да кездесетін құбылыс. Мысалы: *Қаракесек, Қарақыпшақ, Ақ найман, Семіз найман, Жуанбұт найман, Шымыр, Көкірек, шуылдақ, Қайшылы, Шимойын, момын, Жетімомын, Қарауыл, Құйысқансыз, Қарақасқа, Төртқара* т.б.

Сонымен, лақап есімдердің табиғатын, оның әртүрлі қасиет-сипаттарын әлеуметтанымдық тұрғыдан зерттеудің мәні де айтарлықтай. Лақап есімдердің түрлері, әрбір адамның мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, адамдармен өзара қатысына т.б. байланысына тағылған лақап есімдер тілімізде аз емес. Осы тұрғыдан қарағанда, олар көбіне өзгергіш, экспрессивтік мәнге ие, бірақ этномәдени сипатқа негізделген.

Сонымен, лақап есімдердің табиғатын, оның әртүрлі қасиет-сипаттарын әлеуметтанымдық тұрғыдан зерттеудің мәні де айтарлықтай. Лақап есімдердің түрлері, әрбір адамның мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, адамдармен өзара қатысына т.б. байланысына тағылған лақап есімдер тілімізде аз емес. Осы тұрғыдан қарағанда, олар көбіне өзгергіш, экспрессивтік мәнге ие, бірақ этномәдени сипатқа негізделген.

Кез келген тіл – таңбалық жүйе. Ол өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған. Осындай мазмұнды құрылымына сәйкес ол жай таңбалық жүйе емес, ол – мәдениеттің де көрсеткіші. Себебі, бұнда тілдің қызметі тек коммуникативтік емес, этномәдени ақпараттарды сақтаушы, жеткізуші, келесі ұрпаққа жалғастырушы, бүтін тұтастық болып танылады.

Әрбір ұлттың өмірлік көзқарасының белгілі бір көрсеткіші – өзіндік құндылықтар көрсеткіші. Сондықтан да болар әрбір мәдениет өкілінің мінез-құлқы, дағды, ойлау шыңында әлемді тануына бағытталған өзіндік ерекшеліктері болатыны сөзсіз. Белгілі бір ұлтқа тән концептілер қатысы басқа ұлттың концепт аясынан өзгеше ұлттық концепт аясын құрайды. Концепт тұтынушының (қолданушының) ұлттық, әлеуметтік, таптық, отбасылық, біліктілік және жеке адамның тәжірибесі неғұрлым мол болса, солғұрлым концепт құндылығы арта түседі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.
2. Жанұзақов Т. Қазақ тілі ономастикасының негізгі проблемалары: фил.ғыл.док. ... дисс. – Алматы, 1976. – 53 б.
3. Толковый словарь русского языка // под ред. Ушакова Д.И. – М.: ОГИЗ, 1935. – Т.1, – 164 с.
4. Жанұзақов Т.Ж. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1988. – 140 б.
5. Төлемісұлы К. Жондағы Жобалай-Керей елінде. – Семей: Печать, 2001 – 250 б.
6. Жүнісжанұлы Ж. Отыз әулет – мың ұрпақ. – Алматы: Қағанат, – 340 б. Арғынбаев Х., Востров В., Мұқанов М. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы: Атамұра, 2000. – 464 б.

ОӘЖ: 81. 22

Билялова Жазира Ноғайбайқызы

Филология ғылымдарының магистранты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДАҒЫ РУ-ТАЙПА АТАУЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДЕГІ ГЕНДЕРЛІК ЛЕКСИКА

Мақалада халқымыздың ежелден дәріптеп, қастерлеп келе жатқан, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып отырған қазақ ескіліктерін құрайтын рухани құндылықтардың бірі – ата-баба шежіресі, аңыз-әпсаналардан аршып алынған

мағыналық бірліктер, ел ішіндегі көзі қарақты, көкірегі ояу саналы адамдардың аузынан, мұражайлардан, бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған, жинастырылған тілдік материал жаңа сапада, «ұлт пен мәдениет» сабақтастығында зерттеу нысаны қарастырылады.

Түйін сөздер: лингвомәдени, рухани құндылық, этнотұрақты тіркес, менталитет

В статье говорится об одной из духовных ценностей древнего казахского народа, о наследии предков, о словах и выражениях, взятых из легенд, из уст людей, музеев, средств массовой информации, новых лингвистических материалов и предмета исследований в преемственности «национальности и культуры».

Ключевые слова: линго-культурная, духовная ценность, этнические выражения, менталитет

The article refers to one of the spiritual values of the ancient Kazakh people, the heritage of ancestors, words and expressions taken from legends, people, museums, the media, new linguistic materials and the subject of research in the continuity of "nationality and culture."

Keywords: lingo-cultural, spiritual value, ethnic expressions, mentality

Ойлау дегеніміз – белгілі бір өмірлік мәнді міндетті шешуде сананың элементтерін белсенді түрде іске қосу дегенге саяды. Адамдардың ойлау әрекеттері арқылы когнитивтік модель қалыптасады. Белгілі бір мәселені шешу ойлау қарекеті арқылы жүзеге асады. Адам өзін практикалық іс қарекетінде белгілі бір мәселені шешуіне тура келеді. Мұндайда ол бұрыннан жинақталған білімге сүйенеді: ойлау қарекеті арқылы санадағы бұрын алынған білімдер саралана бастайды. Кейде бұрын алынған білімдер мен өмір тәжірибесінде жаңадан алынған білім бір-біріне қайшы келуі ықтимал. Мұндайда индивид ақыл-кеңес алу сияқты өзгенің өмір тәжірибесіне, біліміне сүйенуі мүмкін немесе сол мәселені шешуде өмір тәжірибесінен алған білімін әрі қарай кеңейту үшін іздене түсуі я болмаса өзге бір индивидпен тәжірибе алмасуы мүмкін.

Бұлар индукция, дедукция, ой қорыту, пайымдау, ассоциация тәрізді ойлау процесі барысында және салыстыру, бірегейлендіру, танып білу, категорияға топтастыру, объектілерді классификациялау операциялары арқылы алынатын деректер». Ассоциация бұрыннан келе жатқан ұғым мен жаңа қабылданған ұғымның арасындағы байланыс негізінде қалыптасады. Мысалы: *Аспандай арғын, жұлдыздай қыпшақ; Қойды теке бастайды, бізді Айдос бастайды; Жетім қозы қой болды, Қоңырат та ел болды; Сөз анасы – қыпшақ, ел анасы – найман; Елтен ел болмайды, ешкі қой болмайды; Бағаналы баласы – елінің панасы, ананың көзінің қарасы;*

Стереотип – қоршаған ортаның нақты шындық көрінісі. Бізге белгілі кезкелген тіркес астарында стереотиптік құбылыс бар. Мысалы: *тарақ найзалы батыр; кең қолтық керей; астындағы атын алты ай іздеген Малтүгел; қыржаңға өкпелеген қыржы; ұл туса қызай қуанар, гүл өссе қыз қуанар.* Соңғы мысалды алатын болсақ, түздің қатерлі де қиын шаруаларын атқару ер адамның мойнына жүктелген іс екені қалып алған жағдай, ал жаугершілік заманда, үркінді кезеңде ер-азаматсыз отбасы өмір сүре алмас еді, сондықтан қазақ отбасында дүниеге ұл бала келсе, қуаныш еселенеді. «Ұл туған әйелге – күн туады» ел санасында қатталған стереотиптің бір-бір көрінісі. «Ұлан-ғайыр, көп» – санада орныққан стереотиптік жайт. Бұл *сан мыңдаған, құмырсқадай қаптаған, жұлдыздай быжынаған* дегенді ойша елестету арқылы жасалған ситуациямен ассоциацияланады, ұласады да, екінші реттегі таңбамен вербалданған тұрақты тіркес «аспандай арғын, жұлдыздай қыпшақ» түрінде беріледі.

Символ – әр қырынан танылатын көпқырлылығымен танылатын мәдениеттің тұрақты элементі. Мысалы, *бөлінгенді бәрі жейді; бір рулы ел.*

Бейне когнитивтік модель қалыптастыратын таңба, кейіпкерлер мен нысандар: *Айбике, Нұрбике, Айдабол, Ергенекті Вақ, Байыс, Қу дауысты Құттыбай, Тұз еккен Малтүгел.*

Жоғарыда көрсетілген когнитивті модельді ұйымдастыратын бірліктер мен таңбаларға (ассоциация, стереотип, символ, бейнелер) зер салсақ, олардың адамның ойлауы мен түсінуіне, қабылдауына, елестетуіне ықпалы ерекше екенін тануымызға болады. Сондай-ақ сөз мағынасының қалыптасуында да айналамыздағы заттар мен құбылыстардың мағыналық элементінің қызметі айрықша. Тілтанымда мұндай мағыналық элемент денотат, кейде референт деген терминдермен қолданысқа түсіп жүр. Алайда аталған екі терминнің аражігін ажыратуға, екі түрлі мәнде түсінуге болатындығы жайлы ғалымдар арасында көптеген пікірталастар да орын алуда. Солардың бірінде: «Денотат – латынның белгілеу, білдіру сөзі, белгілі бір сөз білдіретін объектив дүниедегі зат не құбылыстар. Референт – латынның хабарлайтын сөзінен шыққан, білгілі бір тілдік элемент қатынаста болып ойдың элементтеріне тән, ойда бейнеленген объектив дүниедегі заттар мен құбылыстар» . Тілтанымдағы денотат пен референт ұғымдарына берілген анықтамаларды зерделейтін болсақ,

денотат – сөз мағынасын, референт – ұғымның мәнімен сәйкес келеді. Алайда тіл білімі мен логикаға қатысты жазылған еңбектерде аталған екі термин тең дәрежеде қарастырылады. Сөздің денотаттық мағынасы жайлы сөз болғанда оның объектив дүниедегі заттар мен құбылыстарға, заттардың амал-әрекеті, түрлі қасиетін көрсетіп беруі алғашқы кезекте тұруы қажет. Демек кез келген сөздің мағыналық құрамында объектив дүниедегі заттармен байланысып жататын элемент бар десек, ол – денотаттық мағына.

Сөздің лексикалық мағынасының құрылымдық элементтерінің енді бірі – сигнификаттық мағына. Сигнификаттық мағына деп – түйсік арқылы қабылданып, жалпыланған субъективті бейнені айтамыз. Сигнификаттық мағына бір жағынан денотатпен, екінші жағынан танымдық бейнемен байланысып жатады. Сөздің лексикалық мағынасы денотаттық және сигнификаттық мағыналардың бірігуі негізінде жасалады десек, барлық сөздің өн бойынан осы екі мағынаны тауып, ажырату мүмкін болмайды.

Мағына таным теориясымен тығыз бірлікте қарастырылады. Ұлт танымының, оның ішінде жеке бір халық, қазақ халқының биік танымы мен талғамын танытатын мәдени құндылықтары болса, осы құндылықтарды жүзеге асыратын жеке-жеке ру, тайпа болып бірлесіп өмір сүрген адамдардың мәдени көрсеткіші – көркем де бейнелі тілі. Көркем де бейнелі, астарлы ойдың көрінісі тұрақты тіркестерге де тікелей қатысы көрінеді.

Аз сөзбен көп мағына таныта білген қазақ халқының ру-тайпа атауларының қойылуының өзін де үлкен мән жатыр. Мәселен, жоғарыда айтылған тілтанымдағы денотат, референт, сигнификат сынды ұғымдар негізінде Найман, Уақ, Қоңырат, Қыпшақ, Арғын, Керей руларының өзіндік аталуы мен белгілерін ажыратып көрсетіп, ұсынып отырмыз.

Қазіргі тіл білімінде тіл мен мәдениет арасындағы өзара қатынас мәселелерін жан-жақты зерттеу барысында лингвомәдениеттану бағыты қалыптасып, өркендеуде. Осы бағыттағы зерттеулер кешенді сипатта антропоцентристік бағытта және танымдық лингвистиканың «ғаламның тілдік теориясының» негізінде жүргізілуде. Бүгінгі күні тіл білімінде қалыптасқан тілді зерттеудің танымдық жүйесі – «дүниені тіл әлемінде тану» қағидасына сай бағытта жүргізілуі тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі.

Шығыс Қазақстан аймағындағы ру-тайпа атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестерді лингвомәдени жүйеде қарастыру барысында, олардың этникалық ақпарат жеткізетін тарихи, мәдени және рухани құндылық дәрежесі анықталды, нәтижелер мен тұжырымдар тұрақты тіркестердің жалпы сипаты мен ұлттық-мазмұндық құрылымын, номинациялық қағидалары мен атау жасаудағы уәж табиғатының дәстүрлі модельдерін, мәдени таңба ретіндегі коннотациялық сипатын тануға мүмкіндік берді. Кез келген тіл – таңбалық жүйе. Ол өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған. Осындай мазмұнды құрылымына сәйкес ол жай таңбалық жүйе емес, ол – мәдениеттің де көрсеткіші. Себебі, бұнда тілдің қызметі тек коммуникативтік емес, этномәдени ақпараттарды сақтаушы, жеткізуші, келесі ұрпаққа жалғастырушы, бүтін тұтастық болып танылады.

Әрбір ұлттың өмірлік көзқарасының белгілі бір көрсеткіші – өзіндік құндылықтар көрсеткіші. Сондықтан да болар әрбір мәдениет өкілінің мінез-құлқы, дағды, ойлау шыңында әлемді тануына бағытталған өзіндік ерекшеліктері болатыны сөзсіз. Белгілі бір ұлтқа тән концептілер қатысы басқа ұлттың концепт аясынан өзгеше ұлттық концепт аясын құрайды. Концепт тұтынушының (қолданушының) ұлттық, әлеуметтік, таптық, отбасылық, біліктілік және жеке адамның тәжірибесі неғұрлым мол болса, солғұрлым концепт құндылығы арта түседі.

Ру-тайпа, тап өкілдерінің табиғи болмысын қарастыра отырып, оларды жағымды, жағымсыз мәніне орайластыра жіктегенде негізгі сападағы оралымдардың басым екенін көруге болады.

Жағымды мәнді ТТ-ден сезім жылылығы, жағымды көзқарас, жақсы пейіл көрініп тұрады. Көрініп қана қоймай, олар жағымды эмоциямен суарылып, жарасты экспрессиямен суреттеледі.

Жағымсыз мәнді ТТ, көбінесе, адамның түрлі жағымсыз қасиеттерін сипаттау үшін қолданылса, жағымды ТТ керісінше, әртүрлі абстракциялық ұғымдарды суреттеу үшін де кең қолданылады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Поливанов Е.Д. Фоновые знания и языковая коммуникация // Этнопсихоллингвистика. – М.: Наука, 1988. – 19 с.
- 2.Қайдаров Ә.Т. Этнолингвистика // Білім және еңбек. – 1985. – № 10.
- 3.Қайдаров Ә.Т. Этнолингвистика. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: IDK-ТИПО, 1998. – 476 б.

4. Толстой Н.И. О предмете этнолингвистики и ее роли в изучении языка и этноса // Ареальные исследования в языкознании и этнографии. – Ленинград: Наука, 1983. – 181с.
5. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: ІДК – ТІРО, 1998. – 509 б.
6. Шақенов Ж. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар – Алматы: Ана тілі, 1991. – 120 б.

ОӘЖ 81-13

Құсайынова А.

филология факультетінің 3-курс студенті

Ғылыми жетекші: **Кушқимбаева А.С.**

PhD., аға оқытушы, Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

«БҮРКІТ» КОНЦЕПТІСІНІҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Мақалада концепт ұғымының мәніне тереңірек тоқтала отырып, «Бүркіт» концептісінің қазақтың рухани мәдениетінде алар орны туралы сөз болады. «Бүркіт» концептісіне қатысты мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жосын-жоралғыларды келтіру арқылы бұл концептінің толық мәнді линвомәдени бірлік екені дәлелденеді.

Түйін сөздер: *концепт, қыран бүркіт, когнитивтік модель, мәдениеттаным*

В статье глубже рассматривается понятие концепта, а также роль концепта «Беркут» в казахской духовной культуре. В эту концепцию относятся пословицы, поговорки и загадки, что посредством этим доказываются лингвокультурная, полная единица концепта.

Ключевые слова: *концепт, орел, беркут, когнитивный модель, лингвокультурология.*

In the article, the concept of the concept is considered more deeply, as well as the role of the Berkut concept in the Kazakh spiritual culture. This concept includes proverbs, sayings and riddles, that through this proves a linguistic-cultural, complete unit of the concept. Keywords: concept, eagle, golden eagle, cognitive model, linguoculturology.

Keywords: *concept, eagle, golden eagle, cognitive model, linguoculturology.*

«Концепт» термині орыс тіл білімінде ХХ ғасырдың 20-30 жылдары қоршаған орта құбылыстарының тіл әлемінде бейнелеуін зерттеумен байланысты пайда болды. «Концепт» терминінің теориялық негіздері Д.С.Лихачев, Н.Д.Артюнова, Е.С.Кубрякова, А.Н.Мороховский, т.А.Вежбицкая, В.Н.Телия, В.А.Маслованың еңбектерінде әр түрлі қырынан қарастырылды. Концепт сөздердің беретін ұғымын түсіну арқылы жеке адамнан бастап, қоғамдық топтардың, бүкіл бір ұлттың, халықтың тіл өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктері айқындалады. Концептілер рухани мәдениеттің басты-басты ұғымдарын оның элементтері ретінде таңбалай отырып, олардың мән-мағынасын қамтиды. Рухани мәдени сөздердің лексикалық мағыналарын анықтау жаңа үстеме мағынаның ашылуына септігін тигізеді. Бұл өз кезегінде бұрынғы түсіндірмелерді жаңа қырынан бағалауға әкеледі[1, 56].

Концепт ұғымы лингвистикада «адамның әлем туралы жинақталған мәдени түсініктері» (А.Вежбицкая).

Қазіргі лингвистикада концепті үш түрлі бағытта талданып, қарастырылады: лингвистикалық, когнитивтік, мәдениеттанымдық.

Концептіні лингвистикалық тұрғыдан қарастыруды дұрыс деп санайтын зерттеушілер Д.С.Лихачев, В.Н.Телия, С.А.Аскольдов, В.В.Колесевтер және олар концептіні сөздің кез келген мағынасында өмір сүреді деп қарайды.

Концептінің мәнін когнитивті тұрғыда қарастыруды ұсынатын зерттеушілер З.Д.Попова, И.А.Стернин, Е.С.Кубрякова, В.З.Демьянков, Ю.Г.Панкрац, Л.Г.Лузиной[2,98].

Концептіні мәдениеттанымдық тұрғыдан қарасақ адамның ойлау дүниесіндегі «мәдениеттің негізгі ұясы» ретінде түсіндіріледі.

Осы ретте «бүркіт» концептісіне тоқталар болсақ, қазақ халқының концептуалдық дүние танымында базалық концепт болып есептелінетін «бүркіт» концептісін сөз ету үшін алдымен жалпы саятшылық, аңшылық дәстүрдің табиғаттың адамзаттың рухани құндылығына қатысты белгілі бір ұлт мәдениетінде көрініс берген ерекше құбылыс ретіндегі болмысына талдау жасау қажет.

Бүркіт (лат.*Aquila chrysaetos*) — сұңқартәрізділер отрядына, қаршыға тұқымдасына жататын үлкен құс.

Көбінесе тоғайлы және таулы жерде тіршілік етеді. Биік ағаштар мен зәулім жар тасқа ұя салып, 1-2 жұмыртқа табады. Орта Азияда, Қазақстанда бүркітті қолға үйретіп түлкі, елік,

қарақұйрық сияқты аңдарға салады, шабыты түскен қырағы бүркіттер қасқырды да алады, ашынғанда адамға да түседі.

Бүркіттің құрылысына тоқталсақ: кең қанаттарын созған кезде 2 метрге дейін жетеді және қысқа құйрығы 30—35 см ұшқан кезде "ұшып бара жатқан қанатқа" ұқсайды. Ұябасары шәулісіне қарағанда ірілеу болады. Латынша "алтын қыран" деген аты күштілік пен айбындылықтың белгісі ретінде 200 жыл бұрын берілген. Бүркіттің салмағы 3 кг-нан 6 кг-ға дейін. Үлкен құстары қара-күрең түсті, төменгі жақтары ақшылдау болады. Ұясын ағаштарға, құзжартастардың басына, ал далалы жерде — жерге салады. Өте жақсы ұшады, жерде жақсы жүреді, жүгіре алады. Жемтігін ұстаған кезде, жартылай ашылған қанатымен ұстайды. Ұсақ және орташа сүтқоректілерді және құстарды ұстайды. Қазақстанда ормансыз және шөл далалардан басқа барлық жерлерде кездеседі. Қыста көбіне оңтүстікке ұшып кетеді. Саны азайып бара жатқан, сирек кездесетін құс. Қазақстанда кең таралған, бірақ біркелкі емес, кездейсоқ. Жаланап және құз-жартастытауларды, қыраттарды, қарағайлы және басқа да тоғайларды, өзендердің жайылмасын, сексеуілді шөлдерді мекендейді. Қазақстандағы жалпы саны белгісіз, шамасы бірнеше жүз болуы керек[3].

Академик Әлкей Марғұланның зерттеулерінен қазақ тілінде тікелей бүркітке қатысты бір жарым мыңдай ұғым бәре кендігі туралы деректерді кездестіруге болады. Мысалы, бүркіттің әрбір дене мүшесінің, жеке бармақтарының, қауырсындарының өз атаулары бар. Құс аяғының өкше бармағы – тегеурін, екі ойықтың ішкі жағындағы сұқ бармағы – жембасар, орта бармағы – сығым, шынашағы – шеңгел (сілім) деп аталады [4, 93].

Қыран бүркіттықтылықтың, қайсарлықтың, еркіндіктің белгісі. Қазақстан Республикасының Туындағы бүркіт бейнесі азаттық айбыны ретінде бейнеленген. Бүркітті қолға үйретіп, баптап, саятшылықта пайдалану – қазақ халқының ертеден келе жатқан өнері. Оны аңға салу – төзімділікті, іскерлікті, асқан шеберлікті керек етеді. Бүркіттің балапанын ұядан алу үшін де үлкен тапқырлық керек. Амал-айласы жетпесе, адам балапанды өлтіріп алуы мүмкін. Қазіргі кезде бүркітшілік өнерге ерекше көңіл бөлініп, Қарағанды, Алматы облыстарында арнайы салбурын ұйымдастырылып, жас бүркітшілер мектебі ашылуда. Бүркіт Ақсу-Жабағылы, Алматы, Марқакөл, Үстірт қорықтарында қорғалады. Олардың санының жылдан-жылға азаюына байланысты Қазақстанның «Қызыл кітабына» (1996) енгізілген.

Бүркітті баулып, онымен аң аулау кәсібі, саятшылықтың бір түрі. Бұл кәсіппен ертеде көшпелі түркі тектес халықтар шұғылданған. Тарихи деректер бойынша Жошы ханның 3 мың бүркітшісі болған. Бүркітті екі түрлі жолмен ұстайды: біріншісі – балапанын ұядан алып, қолдан баулу. Ондай бүркітті қолбала дейді. Екіншісі – бүркітті тағы күйінде ұстап үйрету. Бұлар – тірнек, тастүлек, мұзбалақ сияқты түз құстары. Бүркіт балапанын жем беру арқылы баулиды. Тұғырға отыруға жарасымен томаға кигізіп, балақ бау тағып, қолға қондыра бастайды. Ұшуға жараған кезде етке қант бүркіп, қоян, түлкі, қарсақ сияқты аңдардың терісіне орап, шыжым жіппен сүйретіп жүріп жегізеді, мұны «шырға тарту» дейді. Алдымен жас бөлтірік, көжек, түлкінің күшігі сияқты әлсіз аңдарды тірідей шоқытып ауыздандырады. Бұл – құсты «аңға баулу» деп аталады. Ал түз құсын ең алдымен томағалайды да, ырғаққа отырғызады. Ұйқыдан қалжыраған бүркіт бірте-бірте адамның ыңғайына көне бастайды, сол кезде қолдан жем беріп, дыбыс шығарып, басынан, қанат қырынан, арқасынан, жемсауынан сылап-сипап үйретеді. Түз құстарын елу – алпыс күннен кейін ұшырып, ұсақ аңға салады. Бүркіт біршама қонды, жемге шабытты, сергек күйде болу керек. Сондықтан әр бүркіттің тегіне, қырандығына, жасына қарай әр жағдайда берілетін жемдері болады. Мысалы, «қан соқта», «жылы жұмсақ», «қызыл», «тоят» деп аталатын жемдер семірту мен түлекке отырғызғанда, құстың еті төмендеп кеткенде беріледі. «Тартпа», «толарсақ» дейтін жемдер бүркітті шырықтыру үшін берілсе, «сарбөртпе» (туралған ет бір – екі рет суға шайылады) құстың етін бір қалыпты ұстау үшін, «ақ жем» (суға сығымдап, қан-сөлі алынған, туралған ет) құстың етін төмендету және ашқарақтануы үшін беріледі. Бүркітшінің түлекті осындай түрлі жеммен баптауын «қайыру» дейді. Наурыз, көкек айларынан бастап, бүркітші құсты тойғыза жемдеп түлекке отырғызады. Ол бүркіт алатын аңдардың жатағын, өрісін, ізін танып, білетін байқампаз да болады. Аңға шығарғанда бүркітшінің жанында аяқ бау, балақ бау, тұғыр, балдақ, томаға, сапты аяқ, биялай, жеңсе бұрау (түлкі бұрайтын айыр бас шыбық), жем қалта, шыжым, пышақ, ине, тарамыс, бөлеу (бүркіт бесігі) сияқты қажетті жабдықтары болады. Бүркітші саятшылыққа бірнеше кісімен шықса, оны салбурынға шығу дейді.

Академик Ә.Марғұланның айтуына қарағанда, қазақ саятшылары бүркітті он екі түрге жіктеген. Олар: Қазықтының қарагері (Орал, күнбатыс Сібірде), Құмның қызыл көзі (Сарысу, Шу өзендерінің аяғы, Қаратау, Сырдария), Желектінің жирен тұяғы (Сырдария, Қаратауда), Қарағайдың қоңыраласы (Ертістің күншығыс жағындағы ішкі Сібірге қарай созылып жатқан қарағайды), Есбалақтың есерсоғы (Алатау мен Тарбағатайдың биік тауларын), Өлтірмей бермес Өтеген (орманды жерде), Ертістің сарышолағы (қайың ішіне ұялап өседі), Несібелі байғасқа (аңға қосуда, ерекше бапты қажет етпейтін, көнбіс қыран), Сарықұс, Қарашегірі, Сарышегірі Дересіннің тұяғы (саятшылар көбірек құмартатын қыран) [5, 65].

«Бүркіт» концептісінің танымдық сипаты мен қызметіне тоқталсақ,

Бүркітке байланысты ғұрыптар мен жосын-жоралғылар

Аушы құс көк Тәңірінің елшісі, ол Күннен жаратылған, күннің еркесі, көктің иесі деп көп халықтың көне сенімінде аса жоғары дәріптеледі. Бүркітке табыну күллі жануарлар мен адамзат әлемінен жоғары тұрды. Оны аспан денелерімен шендестірді.

Дәстүрлі ортада қолдағы бүркітке төмендегідей ат қойған. Мәселен: *Ақиық, Ақбалапан, Ақбұршақ, Бақабас, Бұқатана, Барқын, Баршын, Қандыбалақ, Қырансары, Құлакер, Кершолақ, Саршолақ, Сәпелексары, Жапырыққара, Мұзбалақ, Алтайдың ақиығы, Қобданың қара кері, Нарының сарысы, Тақыртірек, Мартулы қыран, Шомбалсары, Ишжарғыш, Кәрішөгел* және т.б [6, 45].

Бүркіт аң ала алмай ауырып мазасызданса, тіптен ұшып кетсе де көз тиген деп ырымдайды. Құс ұстайтын торды құрар алдында қазақ құсбегілері тоқылған торды өз үйінің есігінің маңдайшасына іліп, етегін екі босағадан салбыратып түсіріп қояды. Тордың үстінен адам көп аттаған сайын оның жолы ашылып, бүркіт тез түседі деп ырымдайды. Бүркіттің тұғыры да киелі деп саналған: оған адам отыруға және оны бос қоюға болмайды. Көп жыл серік болған құсын қариялар қартайса да құрметтеп үй жанында ұстайды. Ал қайраты қайтқан қыранды «құс тебінен қайтты» деп қоя беретін де дәстүр бар. Атақты Әлібек батыр жылына алпыс түлкі, он қарсақ, он екі қасқыр алған құсын Құлагер аты мерт болған жылы ырым етіп, қолынан босатып қоя берген деседі.

«Бүркіт» концептісіне байланысты қазақ ақын-жазушылардың шығармаларында молынан кездеседі. Мысалы, Сырбай Мәуленовтың "Бүркіт", Сәбит Мұқановтың "Тау бүркіттері". «Құстар – біздің досымыз» деген атадан қалған асыл сөз бар. Абай Құнанбайұлының «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап» өлеңі осыған мысал бола алады.

Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап,
Жұрт жүр ғой, күйкентай мен қарға сақтап.
Қыран шықса қияға, жібереді,
Олар да екі құсын екі жақтап.
Қарқылдап қарға қалмас арт жағынан,
Күйкентайы үстінде шықылықтап.
Өзі алмайды, қыранға алдырмайды,
Күні бойы шабады бос салақтап.
Тиіп-шығып, ыза қып, ұстатпаса,
Қуанар иелері сонда ыржықтап.
"Не таптық мұныменен" деген жан жоқ,
Түні бойы күпілдер құсын мақтап.
Басқа сая, жанға олжа дәнеме жоқ,
Қайран ел осынымен жүр далақтап.

«Бүркіт» концептісімен тіркескен мол фразеологиялық тіркестер, бата-тілектер, мақал-мәтелдер халықтың дәстүрі, діні, тілі, салтымен біте қайнасып, оның дүниетанымы мен ұлттық ойлауын білдіреді. Тіліміздегі «бүркіт» концептісі қазақ халқының сан ғасырлық өмір тәжірибесінің сүзгісінен өтіп, ғаламдық дәрежедегі концептіге ие болады.

Бүркіт лингвомәдени бірлігіне қатысты мақал-мәтелдер: «Бүркіт саңқылдаса, киік күйбектейді», «Бүркіт қартайса – тышқаншыл», «Бүркіт салсаң, алтайы түлкіден бөрік киерсің», «Қыран құстың баласы ұшса келмес ұяға», «Қыран құс қисық ұшып, түзу ілер», «Қиядағы қызыл

түлкіні, қияннан соққан бүркіт алады», «Ит иесі үшін алады, бүркіт жемі үшін алады», «Ажалды қарға бүркітпен ойнайды» тағы басқада мақал- мәтелдер өте көп.

Ұлттық сөздік қордың кең қабатын құрайтын бүркіт концептісіне қатысты *фразалық тіркестер* тілімізде молынан кездеседі: *ақ иық мұзбалақ* - ерекше қыран, айрықша асыл қыран, *Ақ иық мұзбалақпын жерге түспес* (айтыс), «*Ақ иық* бүркіт төмендер, екі қанат талғанда», Құсбегілер ұстаған бүркіттердің «*Алтайдың ақ иығы*», «*Қарағайдың қызыл балақ сарысы*», «*Түменнің сары құсы*» деп аталуы да мекен-жайына байланысты қалыптасқан осындай бітім ерекшеліктеріне байланысты болса (Т.Әлімеров). *Қыран құс* - бүркіт, қаршыға, қыран тектес құстардың қырымнан шалар қырағылығын, қиыннан ілер алымын білдіретін ортақ атының мағынасын білдіреді.

«Фразеологиялық тіркестердің мол ұшырасуы халықтың тіл байлығынан, салт-дәстүрінен, әдет-ғұрпынан мағлұмат береді. Әр халықтың ұлттық тұрмыс - тіршілігіне сай, наным - сеніміне қарай табиғат құбылыстарының түрлі әсеріне байланысты туған фразеологизмдер сол халықтың күн көріс тұрмысынан, әдет-ғұрпынан хабардар етеді»- дейді Г.Н. Смағұлова [7, 55].

«Бүркіт» концептісіне байланысты жұмбақтар:

Айуан екі аяқты, асқан батыр,
Басына о батырдың тіккен шатыр.
Шешерсің дана болсаң бұны біліп,
Кел-кел деп, қан майданға шығысқанда,
Бір айла адамзатта болып жатыр.
(Бүркіт)

Елең, елең етті,
Қарға ауылға қона кетті,
Қақтың суын іше кетті.
(Бүркіт)

Үйде отырады, жатпайды,
Көзін терімен қаптайды.
Жазда бекер тұрса да,
Бергенді қыста ақтайды.
(Бүркіт)

Далаға отау тіктім қонақ үшін,
Қонақ кісім ақылы шолақ үшін,
Қонақ қонып жатқанда үй жығылып,
Үй үстінде қалыпты қонақ кісім.
(Бүркіт)

Бір нәрсе екі аяқты, сегіз бармақ,
Іліксе дүниенің бәрін алмақ.
Өзінің тілі бар да тістері жоқ,
Жұтады көрінгенді алмап-жалмап.
(Бүркіт)

Қара арғымақ мінгенім,
Қыр айнала жүргенім,
Сегіз найза сенгенім,
Он екі қылыш ілгенім.
(Бүркіт)

Бұл келтірілген деректердің барлығы «бүркіт» лингвомәдени бірлігінің концепт бола алатындығының айғағы. Ұлт мәдениеті, діні, салт-дәстүрі және тілімен біте қайнасып, ұлттың болмысын бойына сіңірген танымдық түсінік беретін тіліміздегі іргелі концептінің бірі деп айтуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдіксана. – Алматы: Ғылым, 1998. - 140 б.
2. Нұрдәулетова Б.И. «Когнитивтіклингвистика». «Дәуір»-баспасы. Алматы-2011, 312 б.
3. <http://www.zirozebar.com>
4. Марғұлан Ә.Х. «Саят құстары және олардың жаратылыстағы ерекшеліктері» ЕҚ. 2006 22 ақпан, Б. 9
5. Марғұлан Ә.Х. «Саятқұстары» Таңдамалы шығармалар 2-том. Алматы: «Алатау» 2007ж. - 428 б. (Мәдени мұра)
6. Жетісу энциклопедия. Алматы: «Арыс» баспасы, 2004 ж. 712 б.
7. Смағұлова Г.С. 52 Мағыналас фразеологизмдер сөздігі /- Алматы: «Елтаным баспасы», 2010 жыл. – 252 б.

ОӘЖ 8 11.111+811.512.122

Орынбаева Маусымжан

филология факультетінің I-курс студенті

Ғылыми жетекші: **Кушкимбаева А.С.**

PhD., аға оқытушы, Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

«ДОСТЫҚ» КОНЦЕПТІСІНІҢ АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТІЛДІК КӨРІНІСІ

Мақалада концепт термині туралы ғалымдар пікіріне кеңірек тоқтала отырып, достық концептісінің қазақ және ағылшын тіліндегі фразеологизм, мақал-мәтелдерде көрініс табатын когнитивтік моделі жөнінде сөз болады. Достық концептісі ғалам туралы білім, оның ішінде достықтың тілдегі көрінісі туралы жолдастық пен сыйластық категориясында бас қосқан грамматикалық категориялар мен тұлғалар туралы тілдік білімдерден құралатындығын жан-жақты талдауға талпыныс жасалады.

Түйін сөздер: *концепт, достық, фрейм, скрипт, сценарий, фразеологизм*

В статье рассматривается когнитивная модель фразового понятия, фразеология на казахском и английском языках, поговорки и обещания, с более широкими предположениями о терминах «концепция». Концепция Дружбы пытается тщательно проанализировать знание Вселенной, в том числе лингвистическое знание грамматических категорий и людей, которые пришли к соглашению в категории дружбы и уважения на языке дружбы.

Ключевые слова: *концепция, дружба, кадр, сценарий, сценарий, фразеология*

The article deals with the cognitive model of phrase concept, phraseology in Kazakh and English, proverbs and promises, with broader speculation about the term "concept". The concept of Friendship attempts to thoroughly analyze the knowledge of the universe, including the linguistic knowledge of grammar categories and individuals who have come to terms in the category of friendship and respect in the language of friendship.

Keywords: *concept, friendship, frame, script, script, phraseology*

Жаңа заман лингвистикасы адамды тілдік тұрғыдан жан-жақты танып білуге бағытталған. Тіл адамзаттың дамуы мен жан-жақты жетілуіне әсер етеді. Ол – тұлғаның тілдік ортадағы қарымқатынасы барысында қалыптасқан, адамның туа біткен қабілеті арқылы жеткен жетістігі. Тіл тек денотативтік (таңбалық) сипатты құрал ғана емес, сонымен бірге коннотативтік құрал. Тілдің әлеуметтік қызметін дамыту – ХХІ ғасыр тіл білімінің бірден-бір сұранысы, уақыт талабы.

Концепт – ұлттық болмысқа негізделген ментальді білім жиынтығы. Концепт лингвистикада әр қырынан қарастырып келеді (В.И.Карасик, З.Д.Попова, И.А.Сернин, Ж.Манкеева, А.Ислам т.б)

Концепт ұлттық дәстүр, фольклор, дін өнер, өмірлік тәжірибе, құндылықтар жүйесі, т.б факторлардың өзара қатынасы нәтижесінде туындайды. Осылайша концепт адам мен әлем арасындағы мәдени ортаны бейнелейді. [1, б.28]. Оның мазмұн межесі – нысан туралы ұжымдық және жеке санадағы білім ақпаратының шоғыры болса, тұрпат межесі – тіл бірліктерінің жүйеленген көрінісі (лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық, т.б)

Б.Хасанұлы еңбектерінде концепт терминінің қазақша баламасы ретінде тұжырым сөзі қолданылған. Ол тұжырым (концепт – лат. Conceptus мысль, понятие) терминінің мағыналық астарын, тұжырымдама ұғымымен сабақтастыра қарастырып, тұжырым – адам санасына тән, ойлау қызметінің ғаламдық бірлігі, жинақталған түсінік, қлттық болмысқа негізделген ментальді білім

жиынтығы, тұжырым саланың бірлігі деген анықтама береді. Ғаламның 2008 жылы жарық көрген “Қазақ тілі” тұжырымы: пайымдауындағы көрінісі” атты еңбегінде концепт (тұжырым), концептосфера (тұжырымсала) терминдерінің мән – мағынасы жете түсіндірілген.

Концепт ұғымы когнитивтік психология ғылымынан енген. Ғылыми әдебиеттерде концепт термині әр түрлі түсіндіріледі: концепт “ұғымының” синонимі ретінде қолданылады; концепт “қарапайым дүние бейнесінің” ментальды құрылымын білдіреді. Оның негізінде салт – дәстүр мен фольклордың, идеология мен діннің, адамның жеке тәжірбиесі мен құндылықтар жүйесінің арақатынасы анықталады; концепт – жеке және ұжымдық сананың көрінісі. Ол лексикалық мағынаға қарағанда, едәуір кең мазмұнды бейнелейді. [2, 4].

Концептілік ерекшеліктерді анықтау үшін лингвистикалық талдаулар қалай жүргізілуі тиіс деген мәселелердің басын ашып алу қажет.

Концепт типтері санада бейнелеуіне қарай әр түрлі формада көрініс табады. Олар: қарапайым форма (фрейм), күрделі форма (скрипт), оқиғалы форма (сценарий), сызбалы форма (сұлба), бейнелі форма (ойсурет).

Достық концептісі тілде бір ғана лексемамен берілетін қарапайым фреймдер емес, тақырыпқа қарай күрделеніп фразеологизмдер, мақал – мәтелдер, сөз тіркестері, сөйлем құрылымдас типтермен танылады.

Ағылшын қоғамында достық ешқашан да қасиетті ұғым саналған емес. Бұл халықтың ежелгі, ортағасырлық әдебиеттерде «дос», «достық» «дос болу» деген сөздер өте сирек кездеседі. Ол кездегі адамаралық байланыстың негізгі түрі діни қауымдастық, ауылдастық, қаруластық болған. «Friend» сөзі XII ғасырға дейін «freon», «free» тұлғасында болып, «freon» - біреуді сүйу, «free» - еркіндік деген мағынада қолданылған. «Достық» деген ұғым бертінде, Қайта Өрлеу дәуірінде орнықты.

Әр халықтың достық туралы түсінігі әртүрлі. Ағылшын халқы үшін достық – рух жақындығы емес, серіктестік, өзара көмек, бос уақытты бірге өткізу, адам өміріндегі қуанышты оқиғаны бірге тойлау - «whoop it up». Бұл халықта достар арасындағы жақындық шектеулі, жеке кеңістікке кірмеу керек: «A hedge between keeps friendship green», «The best of friends must part»; «Familiarity breeds contempt» деген сөздер осы менталиттің көрінісі.

Қазақ тілінде «дос» сөзі парсы тілінен енген. Тіліміздің ежелгі қабаттарында бір-бірімен сырлас, қимас адамдар туралы анда, қардаш, жолдас, құрбы, құрдас, тамыр, жора, серік, жаран, жақын, ашыны деген сөз бар. Бірақ парсы әдебиетімен бірге енген «дос» сөзі өміршең болып кетті.

Қазақ халқы «Құданы Құдай қосады, досты періште қосады» деп өмір жолында кездестіріп, жақын сыйласып кеткен адамға үлкен мән береді, өйткені, «ағаштан – тамырымен, адам досымен мықты». «Мың досыңболсада, біреуінің орны бөлек» деп, ондай досын дүниедегі ең жақыны санап «жан досым», «айырылмас досым» дейді. Халқымыздың түсінігі бойынша, дос адам іштігі бар сырымен бөліседі, досынан құпия сақтамайдысын сағатта қолынан келген көмегін аямайды, сондықтан. «Жақсы дос үшін жн пида». «Достың орны – төр» деп досының үйіне жиі келгенін ұнаты тұрады. Жеке өмір салтына, біреудің жеке өміріне араласпауға дағдыланған ағылшындарда бұған кереғар пікір қалыптасқан.

Friends are thieves of time – Дос – уақытыңның ұрысы: a snake in the grass – дос – дұшпан, шөп арасында жасырып жатқан шұбар жылан: God, save me from my friends, from my enemies I can save myself – О, Құдай достарымнан сақтай көр, жауларымнан өзім-ақ сақтанамын. Бұл сөздер ағылшынның басқа ешкімге сенбейтінін, дос деген, адамның өзімен тығыс қатынас жасаудан, ішкі сырын жасырмай айтудан қауіптенетіндігін ескертеді.

Ағылшын халқында достық деген ұғымды онша қадір тұтпайтын тұрақты тіркестермен қатар, достық қатынастың пайдасын көрсететінін де мақалдар бар: Friend in court is better than a penny in purse. Бұл «жүз сомың болғанша, жүз жолдасың болсын» деген қазақ пен орысқа бірдей жақын мақалмен сәл үндеседі. Айырмашылығы – жай дос емес, жоғарыда қызмет жасайтын дөкей дос, «friends in high places». Бұлардың көбінде әзілдік коннотация болса да, есепданды достық туралы фразеологизмдер саны ағылшын халқында достықтағы есепдандық аспектінің басымдығын көрсетеді. Осы халықтың атақты президенті Уинстон Черчиллдің «Мәңгілік дос жоқ, мәңгілік мүдде ғана бар» деп айтқаны қанатты сөзге айналып кетуі де сондықтан. Есепданды достық туралы даналық сөздер жетерлік: «Шын дос басыңа ырза, кей дос асыңа ырза»; «Дос та дос, дұшпанда дос малың барда».

Қазақтың « Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіртіп айтады», «Дос көңілді суытып айтады, қас көңілді жылатып айтады» деген даналығы ағылшынның «Friend's frown is better than a foe's smile» деген сөзімен үндеседі.

Қорыта айтқанда, Достық концептісі ғалам туралы білім, оның ішінде достықтың тілдегі көрінісі туралы жолдастық пен сыйластық категориясында бас қосқан грамматикалық категориялар мен тұлғалар туралы тілдік білімдерден құралды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Арутюнова Н.Д. Языки мир человека 2-е изд., испр. – М.: Языки русской культуры, 1999.
2. Карасик В.И. Культурные доминанты в языке // Языковая личность: культурные концепты: Сб. Науч. Тр. Волгоград – Архангельск: Перемена, 1996. С.3-16.
3. Кеңесбаева Ү. Ағылшынша – қазақша фразеологиялық сөздік. – Алматы, 2010.

ОӘЖ 81:39

Рысқали Ерлан Рысқалиұлы

Филология ғылымдарының магистранты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

ӨСІМДІК АТАУЛАРЫНАН ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМҒА ҚАТЫСТЫ ЖАСАЛҒАН ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Мақалада халқымыздың жалпы рухани өмірінен, бірнеше ғасырлық тағылымы жүйесінен, өмірлік мұратынан, ежелгі елдік қасиетінен хабардар етуге мүмкіндігі бар еңбекке, үлес қосып, қазақ фитотұрақты тіркестерін этнолингвистикалық тұрғыдан айқындай түсуге, танымдық негізін ашуға үлес қосқан еңбек ретінде аталмыш мақаланы филологтерге, тілдік мағыналық бірліктердің этнолингвистикалық уәжі қызықтыратын көпшілік қауымға ұсыну.

Түйін сөздер: *этимология, текстология, этнология, өлкетану, анатомия, дінтану, когнитивтік-концепция.*

Статья способствует филологическому и этнологическому лингвистическому единству литературной единицы как вкладу в этнолингвистическое понимание казахстанских фитоненетических выражений и когнитивной основе работы всей духовной жизни нашего народа, системы многовекового учения, представление обществу.

Ключевые слова: *этимология, текстология, этнология, краеведение, анатомия, религиоведение, когнитивная концепция.*

The article contributes to the philological and ethnological linguistic unity of the literary unit as a contribution to the ethnolinguistic understanding of Kazakhstan's phyto-genetic expressions and the cognitive basis of the work of the entire spiritual life of our people, the system of centuries-old teaching, public representation.

Keywords: *etymology, textology, ethnology, anatomy, religious studies, cognitive concept.*

Тіл – әрбір елдің, әрбір ұлттың тарихын, мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігін, тіпті сол ұлттың өз болмысын танытатын, оны сақтап қалатын, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін ұлы қазына ретінде қоғамдағы ең маңызды қажеттіліктердің бірі. Сондықтан бүгінгі таңда тілдің құрылымдық, коммуникациялық қызметтерінен басқа да қырларын, қасиеттерін анықтау терең зерттеуді талап етіп отыр.

Атап айтқанда, тіл мен адамның өзара тығыз қатынасына қарай анықталған салаларды былай көрсетуге болады: адамның тілі мен рухани белсенділігі; тіл мен адам физиологиясы; тіл мен ойлау, сана әрекеті; тіл мен мәдениет; тіл және адамның қарым-қатынасы; тіл мен қоғам; тіл мен адам құндылықтары; тіл және таным. Адамның тілге, тілдің адамға өзара ықпал етуінен туындаған осы салалардың әрқайсысының өзіндік зерттеу нысаны, тәсілдері, қолданылу аясы бар. Қазіргі тіл білімінде *элементарлік лингвистика* (тіл мен қоғам арақатынасын зерттейтін сала), *психолінгвистика* (индивидтің тұлғалық мінез-құлқы мен ұғымды қабылдау, оны санада өңдеу қасиеттерінің тілде көрініс табуы), *лингвомәдениеттану* (тіл мен мәдениеттің өзара қатынасы негізінде ұлт мәдениетінің тілде сақталуы, тілде көрініс табуы, сол тіл арқылы ұлтты, оның мәдениетін таныта білу ерекшеліктері), *этнолингвистика* (тілдегі ұлттық бірліктердің мазмұны мен мәнін ұлттың тарихынан, халықтың рухани мәдениетінен, халықтың менталитетінен, халықтың шығармашылығынан іздеу) салалары тілді антропологиялық бағытта қарастыруда.

Тілді зерттеудің антропоцентристік бағыты тіл біліміндегі адамның тілдік факторы мәселесін, тілдің адамға қызмет ету мәселесі, тіл арқылы адамның табиғатын мәселесін тану қазақ тіл білімінде алғашқы болып ғалым Ербол Жанпейісовтің де зерттеу еңбектерінің негізгі тағаны, діңгегі болып

келді. Ғалымның көп жылғы зерттеулерінің нәтижесінде 1989 жылы «Этнокультурная лексика казахского языка» атты докторлық диссертация қорғалды. XX ғасырдың соңғы онжылдығында қазақ тіл білімінде жаңа бағыт деп танылған этнолингвистикаға қатысты негізгі тұжырымдарды 1994 жылғы 20 қаңтардағы «Ана тілі» газетінің санында берілген «Этнолингвистика» атты ғылыми мақаласында жеткізеді [14]: «Этнолингвистика – психоллингвистика мен социоллингвистика сияқты тіл біліміндегі жаңа бір бағыт. Бұл үшеуі бір-бірімен байланысты болғанымен, әрқайсысының дара ерекшеліктері де жоқ емес. Этнолингвистика тілді этносқа қатысты тұрғысынан сөз етсе, психоллингвистика адам психикасына қатысты жағынан, ал социоллингвистика тілді қоғам дамуына қатысты тұрғысынан алып зерттейді. Этнолингвистика мен социоллингвистика белгілі дәрежеде тіл біліміндегі тұтас бір саланың құрамды екі компоненті деп қарауға болады. Біріншісі этностың ұлттық, халықтық, тайпалық ерекшеліктерін негізге алса, екіншісі оның тілдік процестерге байланысты кейінгі даму сатысындағы әлеуметтік құрылымына табан тірейді. Этнолингвистика мен социоллингвистика өздерінің хронологиялық сипатына байланысты кейде бір-біріне қарама-қарсы қойылады. Олай ету бір жағынан орынды сияқты. Себебі бұл екеуінің алдыңғысы негізінен тарихи мәнді деректерін пайдаланады, яғни әр түрлі тіл материалын тарихи тұрғыдан жүйелеуге келетіндерін ғана іріктеп тауып алып, оларды тек сол ыңғайда зерделеуге ұмтылады. Екіншісі таза бүгінгі күннің тілдік материалына арқа сүйейді. Мұндай талдау үлгісі сондай-ақ этнолингвистикаға да тән. Өйткені ол «көнелікті» айғақтайтын деректермен шектеліп қалмайды, «бүгінгіні» нышандайтын деректермен де айналысады». Е. Жанпейісов этнолингвистика саласының негізгі ерекшеліктерін баса көрсетіп, ажыратады, өзіндік қасиеттерін даралайды, сонымен бірге этнолингвистиканың этносты тануға бағытталған негізгі мүддесі мен мұратын айқындайды, тіл мен этностың байланысын ғылыми тұрғыдан зерделейді: «Тіл білімі өзі қаншалықты көне болса, тіл мен этностың ара қатынас мәселесі де соншалықты әріден келе жатқан, ежелден бар құбылыс. Тіл – этностың тұрақты, ең бір басы ашық негізгі көрсеткіші. Ал тұрақтылығы бұған қарағанда осалдау, өзгеруге бейім территориялық бірлік, экономикалық-шаруашылық және мәдениет тұтастығы, т.б. этностың қосалқы белгілеріне жатады. Демек, тіл тағдыры мен этнос тағдыры қашанда бір-бірімен тығыз байланысты».

Жаңа бағыт – адамды тілдің ішінде тану, тілді халықтың негізгі көрсеткіш категориясы деп танитын антропоэзектік бағыттың сонылығын зерттеулердің басым көпшілігі әлі де болса салыстырмалы бағыт пен жүйелік-құрылымдық бағытта атқарылып келе жатқан қазақ тіл білімі үшін этнолингвистиканың дара тұстарын ажыратып, шегелеу де Ө.Қайдар, Е.Жанпейісовтердің еншісіне тиген жауапты шаруа болды. Бұл ретте де ғалым этнолингвистиканың, қазақ этнолингвистикасының іргетасын қалады, негізін салды десе артық айтқандық емес. Күні бүгінге дейін ғылыми ортада екі жақты пікір тудырып келе жатқан аралық пәндердің байланысы туралы да нақты салмақты пікірлерін жеткізеді: «Этнолингвистика, диалектология, фольклористика, этнология, культурология, мифология сияқты ғылым салаларымен байланысты дедік. Байланысты болатыны: бұлардың қай-қайсысы да этнос табиғатын ашады және олардың зерттеу объектілері де ортақ. Мысалы, диалектология этностың жергілікті сөйлеу ерекшелігін, этнология мен фольклористика, жалпы культурология атты білім саласы этностың өзіндік өркениетінің әлденеше ғасыр бойындағы даму үрдісін, заттық және рухани мәдениетін, салттық дәстүрін, мифология этностың жалпы дүниетанымын, сенім-нанымын өзін қоршаған ортаға деген көзқарасын зерделейді. Ал лингвистика этностың жаңағы жергілікті сөйлеу ерекшелігінің, дәстүрлі тұрмыс мәдениетінің, әдет-ғұрпының табиғатты танып-білумен байланысты ұғым-түсініктерінің, аңыздық бағам-байламдарының тілдегі көрінісін, тілдегі берілу құралдарын тексереді. Яғни диалектология да, фольклористика мен мифология да, лингвистика да – бәрі де тікелей этносқа қатысты, бәрі де этностық ерекшелікті сипаттайды. Демек, этнос бұлардың бәрінің бір-бірімен тоқайласатын, тоғысатын «мама ағашы», бәрінің ортақ «түйісу нүктесі» болып табылады. Бірақ бұлар оны (этносты), жоғарыда тарап айтқанымыздай әр қырынан алып түсіндіреді. Бұл жағынан оларды әрине, бір-бірінен бейтарап, дербес категориялар деуге де болар еді. Шын мәнінде бірақ олай емес. Олай еместігі: этнолингвистика этносқа қатысты осы культурологиялық, этнологиялық, мифологиялық, лингвистикалық және фольклористикалық зерделеулердің синтезі іспетті. Этнолингвистика бұл зерделеулерді өзара байланыстыра, сабақтастыра қатар алып жүруді, үйлестіре жүргізуді талап етеді...

...Кейінгі кезде кейбір арнайы еңбектерде этнолингвистиканы жалпы славян, роман, герман этнолингвистикасы сияқты бірнеше топқа бөліп қараудың тиімді және келешекті екені туралы айтыла

бастады. Түркі этнолингвистикасы да сондай – өз алдына зерттеу объектісі боларлықтай үлкен сала. Түркі халықтары соңғы мың жылдан астам уақыт ішінде, яғни өздерінің осыншама ұзақ пайда болу, құрылу дәуірінде экономикалық-шаруашылық, саяси-әлеуметтік жағынан жалпы ұқсас жағдайда дамыды. Олар мұның үстіне этникалық және тілдік тұрғыда бір-бірімен тығыз байланысты, тегі бір, тел ұлыстар. Сондықтан да үнемі мәдени қарым-қатынаста болды. Бірақ бұл айтылғаннан оны бұдан гөрі шағынырақ аяда, мысалы қазақ этнолингвистикасы немесе өзбек этнолингвистикасы деген сияқты көлемде алып қарастыруға болмайды деген ұғым тұмауы тиіс» деп қазақ этнолингвистикасының дербес сала ретінде танылуына қомақты үлес қосады.

XX ғасырдың соңында айтылған ойлар мен көтерілген мәселелер күні бүгінге дейін өзектілігін жоймай келеді. Тіл мен ұлтты тұтастықта қарай отырып, халықтың дамуы барысындағы тарихи, әлеуметтік өзгерістердің тілге әсер етпей қоймайтынын есте сақтаған жөн. Осы тұрғыдан тіпті бір территориялық аймақта мекендеген жеке ұлттың, халықтың сөйлейтін тілінде де территориялық ерекшеліктері болады. Бұл іргелі сұрақ – этнолингвистиканың салмақты жүгі. Тілдің дамуы мен тіл иесі халықтың этникалы дамуын, түрлі диалектілерге бөлінуі туралы, бұл мәселенің тәжірибелік, тілдік-қолданбалы жағын Е.Жанпейісов те атап көрсетеді: «Тіл мен этнос арасындағы осы тығыз байланыс лингвистерге, этнографтарға, тарихшыларға, әрине, жақсы мәлім, бірақ түркологияда күні бүгінге дейін тіл тарихы мен халықтың этникалық тарихын ұштастыра отырып зерттеген бір-бір арнайы еңбек жоқ. Тіл біліміндегі бұл олқылықты белгілі бір дәрежеде этнолингвистика ғана толтыра алады. Бұл проблемаларды шешуге этнолингвистикалық география көбірек қатыса алады. Ол үшін алдымен этнолингвистикалық атластар жасалуы тиіс. Ал мұндай атластарда лингвистикалық және этнографиялық карталар қатар беріліп отыруы керек. Этнографиялық карта алдыңғыға тұғыр-тірек карта болып саналады, яғни лингвистикалық карта соңғы, этнографиялық картаға сүйенеді. Картаға түсіруде лингвистикалық және этнографиялық бірыңғай материал бір-бірімен дәл, дөп түсіп жатуы шарт. Бұлар – мәселенің «жай» техникалық жақтары. Бірақ қалай дегенмен де этнолингвистиканың міндетіне жатады. Мұның шынында да солай екеніне диалектологиялық атлас жасау тәжірибесі дәлел бола алады». Күні бүгінге дейін этнолингвистикалық зерттеулердің нәтижесін тәжірибеге енгізу, жиналған материалдарды сұрыптап түзу, тізу ісі әлі де болса көптеген этнолингвистикалық, этномәдени, лингвомәдени зерттеулерді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жанұзақов Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 524 б.
2. Қозыбаев М. Шежіре – шетін тарих. Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы: Атамұра, 2000. – 464 б.
3. Тарақты А. Балталы, бағаналы ел аман бол. – Алматы: Қазақ университеті. – 1993. – 224 б.
4. ДТС. – Ленинград: Наука, 1969. – 676 с.
5. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994. – 168 б.

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

ОӘЖ: 316.3

Алканова З.С.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің магистранты, Семей қ.

Абдуллина Г.К.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің аға оқытушысы, Семей қ.

ӘЛЕУМЕТТІК ҮЛКЕН ТОПТАРДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Мақалада әлеуметтік үлкен топтардағы әлеуметтік қарым-қатынасмәселесі жан-жақты қарастырылған. Әлеуметтік қарым-қатынаста адамның әлеуметтік ерекшеліктері мен тұлғаның ең маңызды жақтарының дамитындығы сипатталады. Әлеуметтік үлкен топтардағы қарым-қатынастардың негізгі ықпал ету механизмдері талданған.

Түйін сөздер: әлеуметтік үлкен топ, әлеуметтік қарым-қатынас, әлеуметтену.

В статье всесторонне рассмотрены проблемы социального общения в больших социальных группах. Описаны развитие важных качеств личности и особенности социализации человека в социальном общении. Проанализированы основные механизмы влияния общения в больших социальных группах.

Ключевые слова: большие социальные группы, социальное общение, социализация.

The article comprehensively examines the problems of social communication in large social groups. The development of important personal qualities and features of socialization of a person in social communication are described. The main mechanisms of the influence of communication in large social groups are analyzed.

Keywords: large social groups, social communication, socialization.

Әлеуметтік үлкен топтар – адамдар тобы. Әлеуметтік үлкен топтар мемлекеттік, ұлттық, халықтық және әлеуметтік ортақастығына қарай ажыратылады. Ал әлеуметтік ортақастығына қарай кәсіптік, экономикалық, діни, мәдени, білімдік, жасерекшелік, жыныстық және т.б. белгілеріне қарай бөлінеді. Үлкен әлеуметтік топтар полифункциональды процесс. Адамның табиғи дамуы әлеуметтік сапалар мен қасиеттерді қабылдауымен тығыз байланыста бірге дамиды және адамды қоғамдық тіршілік иесі ретінде сипаттайды. Орта – адамның өмір сүретін әлеуметтік қоршауы. Әлеуметтік орта – адамның айналасы (қоғамдық, материалдық, рухани) тіршілік ету жағдайы, іс-әрекеті, қалыптасуы.

Әлеуметтік қарым-қатынас – баланың белсенділігінің ең ерте белгісі. Адамның әлеуметтік тіршілік иесі ретіндегі ерекшеліктері осы әлеуметтік қарым-қатынаста көрінеді, адамдарға деген қатынастың көптеген алуан түрлі қырлары бар: ата-анаға, таныстарына, танысемес адамдарға, құрдастарына және т.б. Әлеуметтік қарым-қатынасқа түсе отырып, адам өзіне дос таңдайды, адамдардың белгілі бір шеңберімен қарым-қатынас іздейді, басқаларға ықпал етеді. Ұжымда адам кейде ұйымдастырушы, кейде орындаушы болады. Қарым-қатынас белсенділігі жекетұлғаның ең маңызды жақтарының дамуына жағдай жасайды, олар – адамгершілік, қайырымдылық, қамқорлық, өзі үшін, адамдаралдындағы өз істері үшін жауапкершілік.

Әлеуметтік ортада адам бір-бірімен сөйлесіп, пікірлесіп, түрлі топтармен қарым-қатынас жасау барысында таным-түсінігі өрістейді. Тұлға өзінің іс-әрекетін, қабілетін ұжымда көрсетеді. Сондай-ақ адамның жақсы, жаман қасиеттері де әлеуметтік ортада айқындалады. Әлеуметтік ортада тұлғаның жақсы істері, атқарған қызметіндегі қол жеткен табыстары ұжым арқылы белгілі болады. Демек, әлеуметтік орта тұлғаны тәрбиелейтін, оған дұрыс жол көрсетіп, бағдар беретін, егер кемшілігі мен түрлі ауытқулары болса, оны жөнге салуға ықпал ететін қоғамдық тәрбие құрылымы.

«Әлеуметтік орта» - қоғамдық өмірдің материалдық жағдайлары, әлеуметтік және мемлекеттік құрылысы, өндірістік, қоғамдық қатынастар жүйесі және олар анықтап отырған әлеуметтік жүйе сипатымен қоғамда пайда болған әртүрлі мекемелер қызметін қамтиды. Шынындада, жеке тұлғаның әлеуметтік бейнесі, белгілі бір мөлшерде, оның қай мемлекетке жататыны арқылы көрінеді, адам дүниеге келгеннен соң қандайда бір қоғамның азаматы болады. Адамның дамуына барынша әсер ететін әлеуметтік орта, әсіресе қазіргі уақытта, ең алдымен, экономикадағы өзгерістер, идеологияның өзгеруі, қала мен ауылдағы өмір жағдайлары, көшіп-қону және демографиялық процестер, сәбилердің дүниеге келуіндегі, өмір ұзақтығындағы өзгерістер, т.б. жатады.

Жеке тұлғаның әлеуметтенуі В.А. Соковиннің көрсеткеніндей үш деңгейде жүзеге асады:

1) қоғамның жалпы индивидке ықпалы, қоғам өз байлығын және әлеуметтік құндылықтарын, арман-мұратын, мақсатын қарым-қатынас арқылы – оның «әлеуметтік ұйымдастырылған құрылымы»

арқылы береді;

2) жалпы қарым-қатынас процесінде жеке тұлғаға ықпал ету жалпы ақпарат құралдары арқылы жүзеге асады;

3) жеке топ ішінде қоғамға ықпал ету түйіскен қарым-қатынас арқылы жүзеге асады.

Кіші түйіскен топта қарым-қатынас әрбір индивидтің шығармашылық өсуіне қосымша мүмкіндіктер жасайды (мысалы: өз идеяларын, көзқарастарын әсерлерін тексеруге; өзін-өзі түсінуге, өз жетістіктері мен қателіктерін бағалауға көмектеседі).

Әлеуметтік қарым-қатынас адамның әлеуметтік бейімделуінің негізгі механизмі болып табылады және оның қызметі басқа индивидпен және әлеуметтік топтармен өзара белсенді іс-әрекет барысында әлеуметтік құндылықтардың меңгерілу аясын ұлғайту, бағыттау. Тұлғаның әлеуметтік сана-сезімі тұлғаның әлеуметтік бейімделу процесіндегі маңызды фактор. Осы арқылы тұлға өзінің әлеуметтік ролі мен шығу-тегін айқындайды.

Әлеуметтену –тұлғалық дамуындағы табиғи үдеріс, ал қолдау-үдерісті демейтін психологиялық жағдайларды қолдан ұйымдастыру жүйесі. Осыған қарамастан, әлеуметтенудің басты негіздері (теңесу, интериоризация, еліктеу, аккомодация, фасилитация, көз жеткізу, конформизм) соңғы дамудың табиғи заңдылықтарына негізделген, ұстаздың қолдау алатын баламен өзара әрекетінің негізгі тетіктері ретінде қарастыруға болады.

«Әлеуметтендіру» ұғымы алғашқы рет өткен ғасырдың орта шенінде американдық психология мектебі өкілдерінің еңбектерінде қолданыла бастады. Бұл ұғымды ғылымға ендірушілердің алдыңғы санатында американдық психолог ғалымдар А.Бондураның, Д.Доллэрдтің, Дж.Кольманның, А.Парктің, В.Уолтерстің және басқалардың аттары атала бастады. «Әлеуметтену» – (латын сөзінен шыққан «socialis» - қоғамдық) тұлғаның қалыптасу үрдісі, индивидтің тілді меңгеруі, әлеуметтік құндылықтар, тәжірибе және т.б. Э.Дюркгейм әлеуметтену процесін қарастырып, оның белсенді бастамасы қоғамға тән, сол себепті ол әлеуметтену субъектісі болады деген. Сондықтан қоғам адамды «өз үлгісіне салып» қалыптастыруға талпынады. Әлеуметтену процесін төртке бөліп қарастыруға болады: адамның стихиялық әлеуметтенуі; тікелей әлеуметтену; әлеуметтенудің әлеуметтік бақылауы адамдардың өзін-өзі өзгертуі.Тұлға – қарым- қатынас пен қызмет барысында қалыптасқан және тиісті белсенділік деңгейі мен өзіндік тануды білдіретін адамның әлеуметтік мәні.Тұлғаны әлеуметтендіру - тұлғаның қоғамға, жеке топқа тиісті тәртіп үлгілерін, құндылықтар, нормалар,қағидаларды білуі және сол арқылы әлеуметтік байланыстар мен әлеуметтік тәжірибені білдіруі.

Әлеуметтік үлкен топтардағы когнитивті процесстер әлеуметтік қоғамның рухани өмірінің көрінісі. Әлеуметтік үлкен топтар формальды (әрбір мүшенің атқаратын ролі бар) және формальсыз болып бөлінеді. Әлеуметтік үлкен топтарда әлеуметтік мінез-құлықты реттейтін арнайы ретттеуші құралдары (ұстанымдары, өзіндік салттары мен дәстүрлері) адамдар арасындағы қарым-қатынастарды нығайтады. Көбінесе біржақты сипаты бар және топтық мәдениет пен топтық коммуникация құралдары арқылы адамдар көп топтасып шоғырланған ортада (митингтерде, аудиторияларда)адамдармен тікелей қарым-қатынаста болады.

Г.М.Андрееваның пікірі бойынша әлеуметтік үлкен топтар, кездейсоқ пайда болған топтарға қарағанда, тарихи әлеуметтік даму барысында қалыптасады. Әлеуметтік үлкен топтардың арнайы тілдері (этникалық, кәсіптік, жасерекшеліктік), құндылықтары мен стереотиптері бар. Сондайақ, үлкен әлеуметтік топтардағы қарым-қатынаста партнерлердің бірін-бірі қабылдауы маңызды роль атқарады. Үлкен әлеуметтік топтардағы психологиялық құбылыстарға: әлеуметтік перцепция, өзара әрекет және қарым-қатынас жатады. Әлеуметтік «перцепция» терминін ең алғаш 1947 ж. Дж.Брунер енгізген. Әлеуметтік перцепция әлеуметтік объектідегі басқа адамдарды түсіну, қабылдау және бағалау. Әлеуметтік перцепция үрдісінің объективті және субъективті жақтары бар. Әлеуметтік перцепцияның механизмдері:

Идентификация - өзінді өзгенің орнына қойып, оның ішкі дүниесін түсіну, өзгені тану, өзін өзгеге ұқсату; өзгенің құндылықтары, мінез- құлықтары, әдеттері өз бойына сіңіріледі.

Эмпатия - эмоциялық түсіну, өзгенің ішкі жағдайын өз сезімдері арқылы қабылдап білу. Өзгенің ішінде не болып жатқанын, не сезіп тұрғанын, дүниені қалай бағалайтынын дұрыс елестетіп білу.

Аттракция - жылы сезім қалыптастыруға негізделген. Адамды жақсы түсінуге; достық не сүйіспеншілік сезімдеріне негізделген қарым-қатынас.

Рефлексия - өзін-өзі тану механизмі; өзге адам қалай қабылдайтынын, танып-білуін елестету.

Каузальды атрибуция механизмі адамның мінез-құлық көріністерінен туындайтын себептердің түсінігі.

Әлеуметтік үлкен топтардың пайда болуы мен әрекет етуінің уақыт ұзақтығы және ұйымдасу формасына қарай ұйымдасқан (партия, одақ, ассоциация) және ағымды (диффузиялық – мерекеге келген көрермендер, фанаттар) түрлері болады.

Әлеуметтік үлкен топтардағы қарым-қатынастардың негізгі ықпал ету механизмдері: суггестия, еліктеу, иландыру, дезинформация, манипуляциялау. А.Бандура адамдардың еліктеуі әлеуметтік үйренуден, адам ағзасы кез-келген әрекет моделін түсінбесе де қабылдайды десе, американдық психолог Ф.Скиннер адамдардың еркіндігі мен тұлғалық автономиясы иллюзорлық құбылыс, себебі біз қоршаған орта мен болып жатқан құбылыстарға тәуелдіміз деген. А.В.Петровский тұлғалық дамудың үш кезеңін ажыратады: - адаптация адам болуды үйрену, феральды адамдар санатында болмау немесе әлеуметтену үрдісінен өтпегендер; - индивидуализация дербес қажеттіліктері арқасында дербес ерекшеліктерінің қалыптасуы; - интеграция адамдар мен қоғам арасындағы белгілі баланста жету.

Әлеуметтену барысында пассивті және активті позициялар болады:

-әлеуметтік фасилитация бір адамның мінез-құлық үлгісінде екінші адамға ықпал ету, - әлеуметтік ингибиция әлеуметтік фасилитацияға қарама-қарсы құбылыс, - конформизм қоғамда қалыптасқан стандарттар мен беделді идеологияларды қарсылықсыз, кедергісіз қабылдау.

Әлеуметтік қарым-қатынас деңгейлері: - конвенциялық келісімге келу қарым-қатынасы (екі жақтың қызығушылығы жоқ, тек пікір алмасу), - фатичный уровень өте қарапайым (ақмақтық) түрі, - ақпараттық ақыл-ой, эмоциялық, мінез-құлықтық, - жеке тұлғалық немесе рухани қарым-қатынас.

Әлеуметтік топтардағы қарым-қатынастың негізгі функциялары:

- психологиялық таным(когнитивті) әрекеттерін, еріктік процестерді (белсенділік), эмоциялық процестерді (тиімділік) белсендіреді;
- әлеуметтік адамдар мен олардың қатынастарының дамуы;
- инструментальды адам ман бүкіл әлем, әртүрлі әлеуметтік топтармен көптеген байланыстарды айқындайды.

Қарым-қатынас ортақ қажеттілігі және әрекеттері бір адамдар ара қатынасының көп қырлы даму үрдісі. Б.Д.Ломов қарым-қатынастың мынандай деңгейлерін қарастырады: 1) Макродеңгей индивид басқа адамдардың қалыптасқан қоғамдағы қатынастарға, дәстүрлерге, салтқа сәйкес қарым-қатынас жасауынан көрінеді. 2) Мезодеңгейтақырып мазмұнымен анықталады. 3) Микродеңгей мазмұны мен сыртқы көрсеткіштері арқылы көрінетін контактілік байланыс.Адамдардың бір-бірімен өзара әрекеттесуі қоғамдық өмірде араласатын объективті қарым-қатынас негізінде жүзеге асады. Объективті қарым-қатынас және байланыстар (біреуге тәуелді болу, бағыну, бірлесу, өзара көмек көрсету т.б.) кез-келген топта болуы мүмкін. Бұл субъективті жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас.

Әлеуметтік үлкен топтардағы адамдардың бір-біріне ықпалы мен бірін-бірі қабылдау ерекшеліктерін А.Б.Добрович мынандай әлеуметтік сапаларға бөліп қарастырған:

- экстравертті тип ортаға бағытталған,
- интравертті тип оқшаулануға, бөлектенуге бағытталған,
- мобильдітип ашық әрі динамикалық адам,
- ригидті тип тұрақтылықты қалайтындар,
- доминантты тип басқаларды (әлсіздерді) тежейтін адамдар.

Әлеуметтік үлкен топтардағы қарым-қатынаста басқа адамдарға көңіл бөлу мен тек өзіне көңіл бөлу байқалады. Кәсіпкерлік қарым-қатынасқа қатысушылардың бастапқы әлеуметтік мотивтеріне қарай олардың өзара әрекеттесу барысында негізгі стратегиясы болады. Р.Блейк, Д.Моутон, К.Томас әлеуметтік қарым-қатынас барысында ықпал етудің негізгі стратегияларын ұсынады:

- қарсыласу - өз ұтысын көбейту мотивіне сәйкес, адам тек өзінің мақсатына бағыттап, өзгенің мақсатын есепке алмайды;
- қашу - өзгенің ұтысын азайту мотиві, әрекеттен қашу, байланыстан бой тарту, өзгенің ұтысын азайту үшін өзінің де мақсатына жетпеу («саған да емес, маған да емес»);
- жол беру - өзгенің ұтысын көбейту мотиві, басқаның мақсатына жету үшін, өз мақсатын құрбандыққа салу;

- компромисс - ұтыстардың айырмашылықтарын азайту мотиві, шартты түрде теңдік үшін өз мақсаттарына толық жетпейді;

- ынтымақтастық - кооперация мен бәсекелестік мотивтері, басқалардың әлеуметтік қажеттіліктерін толыққанды өтеу.

Осы аталғандардың ішінде ынтымақтастық стратегиясы адамдардың көңіл-күйі мен өзара қатынастары жағынан ең нәтижелісі. Адамдардан психологиялық біліктілікті, жағымды психологиялық қарым-қатынас жағдайын, өзара түсінушілікті, басқа адамның ниеттеріне құрметті талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Андреева Г.М. Психология социального познания. Учебник для вузов. Под ред. Шипова Л.Н. - М.: Аспект – Пресс, 2000. – 288 с.

2. Андриенко Е.В. Социальная психология. Учебное пособие для студентов педагогических вузов. Под ред. Сластенина В.А. – М.: Академия, 2000. – 264 с.

3. Әбіл А.С. Болашақ мамандардың коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары // Қазақстандағы үздіксіз кәсіби білім берудің мәселелері мен перспективалары. Астана, 2009. – 341 б.

4. Социальная психология. Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. Под ред. А.Н.Сукова, А.А.Дергача. – М.: Академия, 2001 – 600 с.

5. Слепович Е.С., Поляков А.М., Дьяков Д.Г. Коммуникативный аспект формирования профессионализма при подготовке специалиста в сфере специальной психологии // Коммуникативный поворот современного образования: Сб. науч. статей. – Прописки, 2004. – С. 293 – 299.

ОӘЖ:159.964.22

Арынгазина А.М.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің магистранты, Семей қаласы

Ғылыми жетекшісі: Абдуллина Г.К.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің аға оқытушысы, Семей қ.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ РЕЛАКСАЦИЯ ӘДІСТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖАЙЛЫ КӨЗҚАРАСТАР

Мақалада психологиялық релаксация әдістерінің ерекшеліктері жайлы көзқарастар жайлы қарастырылған. Психотерапиялық және релаксация әдістерінің қазіргі кездегі маңыздылығы мен техникалық ерекшеліктері жан-жақты сипатталған.

Түйін сөздер: *психотерапия, релаксация, жеке адамға бағдарлы, жеке тұлға.*

В статье рассмотрены взгляды об особенностях релаксационных методов. новах формирования менеджерской компетентности личности. Всесторонне охарактеризованы технические особенности и важность современных психотерапевтических и релаксационных методов.

Ключевые слова: *психотерапия, релаксация, направленные на личность, личность.*

The article considers the views on the features of relaxation methods. new formation of managerial competence of the individual. Technical features and importance of modern psychotherapeutic and relaxation methods are comprehensively characterized.

Keywords: *psychotherapy, relaxation, aimed at personality, personality.*

Психотерапиялық әдіс ретінде релаксация әдістерінің қазіргі кезде маңызы мен адам психикасына әсері ерекше. Психотерапия «көңіл – күйдің жалпы гармониясы» - на бағытталған, ауру адамды емдеу үшін қолданылатын ғылымға негізделген жүйелі психикалық әсер. Психотерапия – тәжірибеде меңгерілген манипулятивті техникалар жиынтығы ғана емес, ол әрбір жағдайда психологтың тиімді шешімін дербес қолдануы, ғылым мен өнер арасында орнайтын шығармашылық үрдіс.

Релаксация латынша (relaxatio-тынығу, босаңсу) - толық және бұлшықеттің кейбір бөліктерінің босаңсуымен байланысты тыныштық жағдайы. Релаксация жаттығуларының түрлі әдістері бар: - ең кең тараған түрі бұлшық еттің шырғыуы мен босаңсуына негізделген бұлшық ет релаксациясы; - келесі түрі аутогендік жаттығу немесе аутогендеринг, яғни босаңсу; - үшінші түрі, әдейі таңдалған әуенді және мәтінді тыңдау арқылы басқа адамның әсерімен қол жеткізілетін босаңсу түрі.

Релаксация әдістерін тәжірибеде қолданылатын және өзінің нәтижелілігін дәлелдеген бірқатар әдістер жүйесі құрайды деп түсінеміз. Психотерапияның релаксация әдістерінің тиімділігі мен психосоматикалық медицинаның кең танымалдылығы психотерапия мен медицинаның байланыс тенденциясын құрайды. Психологиялық релаксация әдістерінің ерекшеліктері жайлы зерттеген ғалымдар: Д.Тьюк, К.С.Станиславский, Ю.В.Каннабих, М. Перре мен У. Бауманн, Сальпетриер, М.Ж.Шарко, Беренгейм, Э.Дюбуа – Реймон, Генрих Шульц және т.б.

Релаксация әдісінің адамға әсері сияқты терапияның басқа да әдістерінің маңыздылығы мен әсерін әрбір кезеңдерде дәлелдеген Месмер, Шарль Лафонтен, Жемс Брэд, Сальпетриер, М.Ж. Шарко, Беренгейм, Льебо, Э.Дюбуа – Реймон және т.б. Дж. Брэд «жылытырағыш затқа ұзақ қадалып қарағаннан, көру мүшесі шаршап, гипноз пайда болады» дейді. Дж.Брэд өзінің хирургиялық практикасында гипнозды анестезияның (жансыздандырудың) тиімділігін арттыруға қолданды.

XIX ғасырдан белгілі Сальпетриер неврологиялық клиникасының директоры, француз невропатологы М.Ж. Шарконың (1825 - 1893) тексерулері гипноздың психофизиологиялық негізін ашуға көмектесті. М.Ж. Шарко гипнозды - «жасанды неврозды» (гипноз кезінде истериялық бұлығу), жүйке жүйесінің зақымдануы деп қарады. Бұл гипнозға деген ғылыми көзқарастың жетілуін тежеді. Франциядағы Ненси мектебінің бастығы Беренгейм жоғарғы айтылғандарға қарсы шықты. Беренгеймнің айтуы бойынша: «гипноз – үйретуден болған ұйқы». Алайда осыған дейін француз дәрігері Льебо да осылай айтқан екен.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында, гипнозды психологиялық және физиологиялық тұрғыдан пайдалану жөнінде, арнайы жұмыстар жүргізілді. Сендіру, түсіндіру сияқты әсерлерді қолданатын психотерапиялық әдістің бір түрі – рационалды психотерапия туралы алғашқы сөз осы кезде айтылады. Бұл ілімді жасаушы неміс физиологы Э.Дюбуа – Реймон былай дейді: «Ауру адамның өз ауруы туралы теріс пікірін өзгерту үшін оған дау – дамайларды ақылмен шешуді түсіндіру және үйрету керек».

Релаксация әдісінің адамға әсері сияқты, орыс клиницистері де ауырған адамға психотерапиялық әсерді қолданды. Бұдан жүз жыл бұрын М.Я.Мудров: «Өнер арқылы қайғырушыны жұбатуға, шыдамсызды тыныштандыруға, қорқақты батыр, тұйықты ашық, өткір сезімді етуге болады. Бұл - өнер дененің ауырғанын, зарығуды жеңеді» деген екен. Ауру адамға дәрігердің игілікті әсері туралы орыс клиницистері В.А. Маккасеин, С.П. Боткин, Г.А.Захарьин, Б.С.Корсаков жазған. Психотерапия мен гипнотерапияның практикада іс жүзінде пайдалануда А.А. Токарский көп еңбек сіңірді. Ол ресейде бірінші болып Мәскеу университетінде гипнология кафедрасын ашты. В.М.Бехтерев бірінші гипнология кафедрасын ашты. В.Н.Мясищев, М.С. Лебединский, Н.В. Иванов, В.Е. Рожнов және басқалар психотерапия саласында көп еңбек сіңірді. И.П. Павло сендіру мен гипноздың физиологиялық механизмін ашты. И.П. Павловтың ілімі И.М.Сеченовтың орталық нерв жүйесіндегі қозу мен тежеу процестеріне негізделген.

XVI ғасырдағы магнетизм құбылысы туралы трактаттар жазылады. Осы құбылысты ұғындыру үшін көптеген зерттеулерде түсініксіз, табиғаттан тыс күштер туралы айтады. Магнетизм құбылысына XVI ғасырдың Парацельс (1493 – 1541) көңіл аударды. Релаксациялық әсері бар магнит күші арқылы емдейтін Парацельстің даңқы арта бастады. Парацельс өлген соң магнетизм қайтадан астрологтар мен пәлсапашылардың қолына ауысты. Екі ғасырдан соң, 1766 жылы веналық дәрігер Франц Месмер «Планеталардың адамға әсері» деген тақырыпта медицина ғылымы докторының дәрежеін алуға диссертация қорғады. Мұнда ол әлем магнетизмі жайында және планеталар мен алыс жұлдыздардың адамға ететін әсері туралы жазды.

Психотерапияның клиникалық-бағдарлы және жеке адамға бағдарлы әдістері бар. Психотерапияда ғылым негіздерінде тек қана психологиялық әдістер мен құралдар қолданылуда көрсетілген фармакологиялық және ағзалық әдістер мен құралдарға тиым салынады. Клиникалық бағдарлы психотерапияда қолданылатын әдістер: гипноз; аутогендік жаттығу; медитация, сендіру мен өзін - өзі сендірудің түрлері. Жеке адамға бағдарлы психотерапияда көптеген психологиялық ағымдар мен мектептердің үлгілеріне негізделген әдістер мен тәсілдер қолданылады. Қазіргі психотерапиялық әдістердің мазмұны мен бағыттарын қамтитын міндеттерді шешуге бағытталған;

- науқастық психологиялық проблемаларын зерттеу және оларды шешуге көмек көрсету;
- психологиялық денсаулығын нығайту және өзін - өзі сезінуін жақсарту;

- қоғамдағы адамдармен үйлесімді және сапалы қарым – қатынас орнатуда қолданылатын құралдардың психологиялық заңдылықтарын, механизмдерін зерттеу;

- өмір сүру әрекетіндегі табысқа жету деңгейін, творчестволық потенциалын қолдана білуге, жеке басының дамуына ықпал ету.

Клиникалық-бағдарлы және жеке адамға бағдарлы әдістердің ішінде психогенетика мен психопрофилактиканың алатын орны ерекше. Жалпы гигиенаның бір саласы психогигиена (гигиенос – ежелгі гректердің «шипалы», «емдік» деген сөзі) дегеніміз адамның психикалық қызметіне қолайлы жағдай жасап, оның психикалық денсаулығын сақтап, нығайтатын шаралар кешені.

Релаксациялық әсері зор аутогендік жаттығулар, медитация, сендіру мен өзін-өзі сендіру-суггестия әдістері психотерапияда негізгі әдістер болып есептеледі. Аутогендік жаттығулар немесе өзін-өзі жаттықтыру құбылысының да физиологиялық механизмі жете тексерілмеген. Бірақ механизмі өзін - өзі сендіру мен гипноздағыдай, электроэнцефалографиялық өзгерістер гипноз кезіндегідей болады (А.М. Свядош). Өзін - өзі жаттықтыру негізіне Р.С.Шульц ұсынған алты жаттығу алынған.

Релаксациялық өзін - өзі жаттықтыру әдісі жүрек – қан тамырларымен невроз, есекжем және басқа тері ауруларына қолданылады. Бұл әдіс емтихан, спорт жарыстары алдында, ми мен дене шаршағанда, психогигиеналық және психопрофилактикалық мақсатта жүргізіледі. Мұндай жаттығулар арқылы ауру адам ішкі мүшелерін, вегетативтік жүйке жүйесін, өзінің сезімі мен ойын басқара алады. Зақымданудың ерекшелігіне, ұйқыға шейінгі психотерапия және кейде дәрлерді қабылдауға байланысты жаттығулар өзгеріп отырады.

Релаксациялық медитация әдісі психотерапияның негізгі әдістерінің бірі. Медитация жағымсыз жағдайларға ұшыраған адамдардың сана-сезімін, ақыл-ойының, денесі мен бұлшық еттеріндегі ауырлықты, келеңсіздіктерді жеңілдетіп, қалыпқа келтіруде және болдырмауда маңызды роль атқарады. Бұл жерде суггестияның жасалуы өте оңай деген адамдар жиналған деп ойлаймын. Енді сіздерге бірнеше жаттығулар ұсынылады. Олар рет- ретімен орындалады.

Бірінші жаттығу- босаңсу. Жайғасып отыру керек, ең жақсысы «кучер» позасы. Көздеріңіз жұмулы, алақандарыңыз тізелеріңізде ашық түрде болсын. Ән мен ритм және образға кірініздер.

Екінші жаттығу- барлық денеге таралған *ауырлық*. Яғни сіз ауырлықты қолыңызда, аяғыңызда, барлық дене мүшелерінде сезінісіз. Күнделікті өмірде, фантазияңызды босатуыңызды сұраймын.

Үшінші жаттығу- жылуды сезіну, алдымен жеңіл күйде, одан кейін анық түрде барлық дененіз арқылы, аяғыңызда, кеуденізде, арқанызда сезінісіз.

Төртінші жаттығу- сіздің жоғарғы мүмкіндіктерге бағыттылық. Өзіңізге бір кішігірім керемет сиқырлық жасап көріңіз. Өзіңіздегі жасырын күшті және жаңа мүмкіндіктерді сезініп көріңіз. Осы сезімдер бір сәтке қиялыңызды оятып, санаңызды мазалауына еркіндік беріп, жайлы бір минут ойлап, одан кейін көзіңізді ашып, оларды қолданып көріңіз.

Соңғы жаттығу- тонизация. Өзіңізде сергектікті, қуатты, қуанышты, мейірімді күшті, ерекше жаңа мүмкіндіктерді сезінісіз. Беске дейін санағанда көзіңізді ашып, жаңа мүмкіндіктеріңізбен өмірге жаңа келгендей болындар. «Бес, төрт, үш, екі, бір...». сонымен осындай сезімге бөленгендеріңіз қолдарыңызды көтерулеріңізді сұраймын. Сіздерде бірден бастап беске дейін қанша жаттығулар іске асқан және қалауыңызға жетуге қанша қадам жасағаныңызды саусақтарыңызбен сананыз. Яғни *босаңсу, ауырлық, жылу, жоғарғы мүмкіндіктерге бағыттылық, тонизация*. Енді келесіде демонстрациялауға жеңіл болу үшін сіздер орындарыңызды ауыстырып отырасыздар. Яғни бес саусағын көтергендер- бірінші қатарға, төрт саусағын көтергендер- екінші қатарға, үш саусағын көтергендер- үшінші қатарға отырыңыздар. Сонымен ауысып отырамыз. Кімде кім еш қандай жаттығуды сезінбесе келесі бөлмеге, басқа жаттығуларды орындауға көшулеріне болады.

Релаксациялық сендіру (суггестия) әдісі науқас ұйықтай алмай, мазасызданған кезде және гипноз жағдайында жүргізіледі. Мұндай сендірудің екі әдісі бар – сөз арқылы (вербальді) және заттар арқылы. Мысалы, маскүнемдікпен ауырған адамдарда арақтың дәміне, исіне, бөтелкенің түріне т.б. реакция пайда болады. Сөздің мағынасы арқылы сендіру–тікелей, ал заттар арқылы сендіру жанама сендіру деп аталады. Маскүнемдікті емдеген кезде апоморфиннің орнына басқа бейтарап заталынса, онда оның нәтижесі бірдей болып шығады. Бұл әдіс ұйықтататын дәрілермен емдеу кезеңінде де пайдаланады. Сендіру және өзін – өзі сендіру бар. Әр адамдардың сену деңгейлері – түрліше болады.

Еңбек әрекетіндегі маманның жағымсыз жағдайларын қалыпқа келтіруде қолданылатын психотерапиялық әдістердің ішінде гипноз әдісі. Гипноз (грекше – ұйқы) терминін енгізген Дж.Брэд. Гипноз әдісі көптеген адамдарға таныс болғанымен, олардың психотерапия мен гипноз туралы түсінігі жалпылама болады. Релаксациялық әсері бар психотерапияда гипноздан басқа көптеген

әдістер тараған. Релаксациялық әсері бар гипнотикалық сеанстардың мақсаты – гипнотикалық ұйқы туғызу. Терапиялық әсер болуы үшін адамды қатты ұйықтату міндет емес.

Релаксациялық әсері бар гипнотикалық ұйқының жеңіл, орта және терең кезендері бар. Жеңіл кезеңде (сомноленттік) гипноздағы адам маужырап, жалпы тыныштықты сезінеді, аяқ – қолы ұйып, ауырлағанымен, айналадағы дыбыстарды естиді, болып жатқанды ұғынады, сөзбен сендіруге қарсы тұрып белсенді қозғалыс жасайды. Орта кезеңде (гипнотаксия, каталепсия) ауру адам қайда екенін, айналада не болып жатқанын сезінеді, бірақ денесінің қалпын өзгерте алмайды, сендірудің бәрін орындайды. Сеанстан кейін сырқат адам сендірудің мәнін есіне сақтайды. Терең кезеңде (сомнабулизм – жүйкесі бұзылған адамның ұйқы кезіндегі жүрісі) ауру адам айналадағының бәрін шаттастырып, толық бағынады, кей кезде кейбір мәліметтерді ойында сақтағанымен, кейін ұмытып кетеді. Басқаша айтқанда, ауру адам сендірудің маңызыны есте сақтай алмайды. Ауру адамды «жағдайыңыз жақсы, ұйқыңыз бен сергектігіңіз қалыпты» деп, аурудың белгілеріне байланысты сендіреді. Сеанстың ұзақтығы 30 минут, ал оның саны 5 – тен 40-қа дейін.

Релаксациялық әсері бар гипноздың физиологиялық негізі әлі де жан-жақты тексерілмеген, И.П.Павловтың айту бойынша, гипноз дегеніміз – мидың жарты шар бөлігіндегі жүйке процестерінің «күзет нүктелерін» тежеу. Осының нәтижесінде психолог, дәрігер мен ауру адамның арасында сөз арқылы байланыс (раппорт) орнайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Айви А., Айви М.Б., Саймек-Даунинг Л. Консультирование и психотерапия. Сочетание методов, теории и практики. М., 2003.
2. Алешина Ю.Б. Индивидуальное и семейное психологическое консультирование. М. МГУ, 2004.
3. Березин Ф. Б. Психическая и психофизиологическая адаптация человека.–Л.:Наука, 2008.–270 с.
4. Бернштейн Н.А. Физиология движений и активность. – М.: Наука, 2000.–496 с.
5. Ведяев Ф. П., Воробьева Т. М. Модели и механизмы эмоциональных стрессов.–Киев:Здоров'я,2003.–136с.

ОӘЖ 316.628

Бекетов Қуанышбек Бақиұлы

педагогика және психология мамандығының 1 курс студенті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекшісі: **Таганова А.М.**

п.ғ.к., аға оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

ОҚЫТУ ӘРЕКЕТТЕРІНДЕ ОҚУШЫНЫҢ МОТИВАЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Бұл мақалада білім беру әрекеттерінде оқушыларды ынталандырудың, мотивациясын қалыптастырудың маңыздылығы, жолдары, ғалымдардың ғылыми көзқарастары және ұсыныстары қарастырылған.

Түйін сөздер: *мотивация, ынталандыру, құлшыныс туғызу, мұғалім, оқушы.*

В этой статье рассматривается в действиях учащих, стимулирования образования, значимость формирования мотивации, пути, предложения и научные взгляды ученых.

Ключевые слова: *мотивация, стимуляция, учитель, ученик.*

This article is considered in actions of pupils, stimulation of education, importance of formation of motivation, ways, offers and scientific views of scientists.

Keywords: *motivation, stimulation, teacher, student.*

Қай кезде де, қай жерде де ынтамен, шын ықыласпен жасалған іс қана жемісті, тиянақты болатыны анық. Себебі әрекеттің сапасы мен орындалуы алдымен тұлғаның құлшынысы мен қажеттіліктерінен туындаған ынтасы, мотивациясына байланысты. Бұл заманауи педагогтардың психологияда барлық адами әрекеттердің, мейлі еңбек мейлі қарым-қатынастағы танымдық іс-әрекеттер болсын, қозғаушы күші құлшыныс деп тұжырымдаған аксиомасымен тығыз байланысты. Жалпы айтқанда құлшыныс туғызу, ынталандыру өзі арқылы іске қосылған әрекетті анықтайды, белсендіреді, аяқтауға деген мотивация туғызады.

Мотивация дегеніміз-бұл жеке тұлғаны немесе топты ішкі немесе сыртқы әсерлер ықпалынан өз қажеттіліктерін қанағаттандыру және ұйымның мақсатына жету процесі [1, 12].

Белгілі бір затқа қажеттіліктен туындаған өзін қанағаттандыру мақсатындағы саналы түрде жүргізілген іс-әрекеттер немесе сол әрекеттерден бас тарту тұлғаның мотивінің мазмұны мен бағыттылығын анықтайды. Әрекетке деген ішкі құлшынысы тұлғаның жағдайымен, сенімімен, моральды, құқықтық және саяси көзқарасымен өлшеніп, сәйкестендіріледі. Яғни, берік қалыптасқан адамның ішкі мотиві, мотивтің ықпалынан туындаған мотивациясы-белгілі бір әрекетті аяғына жеткізу де орасан рөл ойнайтын фактор. Осы себепті де оқушының құлшынысын туғызу және оны ешбір асыра сілтеусіз қалыптастыру шет елдердегі заманауи мектептердің негізгі мәселесі болып табылады. Оның өзектілігі: оқушылардың өзін-өзі жетілдіруін, қызықты мәліметтер мен білім алуын қалыптастыру, белсенді өмір сүруге үйрету.

Мотивация туғызудың күші оның құрылымында және оқыту мотивациясының жетекшілігінде, кәсіби күзреттілікті кәсіби меңгерілуінде. Оқушыларды оқыту қызметінде міндетті түрде мотивтік құрылымды білу керек, ол жұмысты түзету әдістерінде, белсенді оқыту мотивациясын көтермелеуде, оқыту процесінің нәтижелілігінде көрініс табады.

Оқу мотивациясының қызметтілігін анализдеуде міндетті түрде басымырақ қозғаушысын анықтай келе, мотивациялық аймақтағығы адамның барлық құрылымын ескеру керек. Оқу қызметі әртүрлі қайнар көздеріне ие болуына қарай полимотивтік болып табылады.

М.В. Матюхина оқу мотивациясының қайнар көзін үш мотивке тәуелді деп көрсетті:

- ішкі – танымдық және әлеуметтік қажеттіліктер (әлеуметтік іс-әрекеттерге және жетістіктерге жету ұмтылысы);

- сыртқы – қатысушының өмірлік жағдайымен анықталады, оған талап, нәтижелілік, мүмкіншіліктер кіреді;

- жекешелік – қызығушылықтар, қажеттіліктер, нұсқаулар, өлшемдер және стереотиптер, сонымен қатар өзін-өзі кемелдендіруге ұмтылу, басқа қызмет түрлерінде өзін-өзі тануы [2, 48].

Оқу мотивациясында ішкі, сыртқы және жекешелік көздерінің әрекеттесуі оқыту қызметі мен оның нәтижесіне ықпал етеді. Бір қайнар көзінің болмауы оқу мотивіне немесе оның өзгеруіне алып келеді.

Оқушылардың оңды белсенді мотивациясын қалыптастыру үшін, міндетті түрде олардың оқу мотив қозғалысын бақылау керек. Ол үшін міндетті түрде оқу үдерісінде студенттердің өз ойын, доминантты мотивін қалыптастыру керек. Сондықтан да, мотивация туралы мәселе студенттің оқу-танымдық жұмысының сапасының мәселесі.

«Оқытушы – оқушы» жүйесі арасында студент тек басқаратын нысан ғана емес, қызмет субъектісі екендігін ескеру керек, мектептердегі оқу жұмыстарына талдау жасауда біржақтылық болуы мүмкін емес, оқу үдерісінің «технологиясына» назар аудара, мотивацияны да есепке алуымыз қажет.

Әлеуметтік-психологиялық зерттеу көрсеткендей, оқу жұмысындағы мотивация біржақты емес, ол оқушының жеке ойлау қабілетіне, топтың сипатына, оқушылар тобының даму деңгейіне, нақты жағдайларға және т.б. байланысты. Бір жағынан, адамның тәртібінің мотивациясы, психологиялық құбылыс ретінде қарастырылып, әрқашанда көзқарас бейнелері, бағыт құндылығы, әлеуметтік қабаттардың орналасуы бәрінің өкілі жеке тұлға болып табылады.

Оқу жұмыстарындағы мотивацияны қарастырғанда, «мотив» сөзі «мақсат» және «қажеттілік» сөзімен тығыз байланысты. Адамның жеке тұлғасында олар бір-бірімен тығыз байланысты және «мотивациялық сала» атауын алды. Әдебиеттерде «мотивациялық сала» термині мыналарды білдіреді: қажеттілік, қызығушылық, мақсат, міндет, жақындық, нақтылық [3, 8].

П.М. Якобсон айтуынша: «Кең мағынада тәртіп мотивациясы сөзінің астарында – психологиялық сәттердің тұтастығы, олар адамның жүріс-тұрысымен анықталады» [4, 2].

Оқушыларда білім алу әрекеттеріне деген мығым мотивация туғызу үшін оларды түрлі танымдық әрекеттерді қалыптастыратын, оқыту процесінде олар үшін жаңалық ретінде қабылданатын, болашақ әрекеттеріне үлгі болатын түрлі тиімді, ерекше, интерактивті оқыту әдістемесін пайдалану керек. Міне, осындай жағдайда оқушылар сабақтан ләззат алып, өзін-өзі жетілдіруге талпынып, қосымша білім арттыруға бет бұра бастайды. Алайда мұндай әдістемелер өзінің педагогикалық қырын жоғалтып алмауы керек. Ол үшін әдістемені дамытып, қалыбын жаңартып, заманауи талаптарға сай өзгертіп отыру керек.

Осындай оқушылардың құлшыныс арттырып, білім беру аспектісінде педагогикалық қасиетерге де ие, жоғарыдағы талаптарға сәйкес келіп және мәселелердің шешімі бола алатын мотивациялық әдістеменің ең танымалы-Case-study әдістемесі.

Case study әдістемесі (ағылшын сөзі case – оқиға, жағдаят) нақты тапсырмаларды шешу арқылы оқытуға негізделген мәселелік-ситуациялық талдауды қолдануды қарастырады [2, 1].

Интерактивті әдіс болғандықтан кейс әдісі жоғарғы сынып оқушыларында жақсы пікір қалыптастырады, себебі олар кейс әдісті теориялық ережелерді және тілдік материалдарды іс жүзінде қолданып, үйрететін ойын ретінде қабылдайды. Мысалы, түрлі жағдаяттағы талдаулар сыныптардағы қатысушылардың профессионалды бағдарына әсер етеді және мұғалім мен оқушының ортақ интелектуалды және коммуникативті өсуіне көмектеседі. Бұл әдістің дәстүрлі әдістемелерден басты артықшылығы-сабақ материалдарын өмірдегі шынайы жағдаяттар арқылы жеткізіп, күнделікті қарапайым сабақты «театрға» айналдырып жіберетінінде. Себебі, бұл әдістеме тапсырмаларды түрлі ситуациялық жағдаяттарға енгізіп, сол жағдаяттарды шешу арқылы оқушылардың білім толықтыруға бағытталған.

Case study әдістемесі оқушыларда мотивация қалыптастыруда басты құрал болып табылады. Алайда бұл тапсырманы орындайтын басты тұлға ол - мұғалім. Білікті мұғалім өзінің өткір сөздерімен, үлгілі іс-әрекеттерімен, білімімен оқушыдағы мығым мотивацияның іргетасын қалай алатын бірден бір тұлға. Әр баланың жеке тұлғалық қызығушылығымен санасып, әр сабақты қызықты өткізуде басты рөл атқарады.

Мұғалім мотивациялық біліктілігін жүзеге асыра отырып, келесі әрекеттерге бастама салады:

- өз пәнінің қазіргі заманғы ортадағы өзектілігін көрсетеді;
- пәнді меңгерудің маңыздылығын әр оқушыға нақты айқындайды;
- оқушыларды белгілі бір тапсырманы орындауға, тереңірек игеруде мотивацияландыра алады;
 - жұмысқа талпынысы аз, жалқау, дарынды ұйымдаса алмайтын барлық баланың жігерін оятып, кез-келген әрекетке талпындырады;
- оқушыларды болашақта өз бетімен білім алуға бастама болады.

Сонымен, оқудағы мотивацияны қалыптастыру шетелдердегі заманауи мектептердің басты мәселесі. Бастысы баланың пәнге деген қызығушылығын туғыза білу маңызды. Себебі, ішкі қажеттіліктерден туындаған құлшыныспен жасалынған әрекетер әрдайым жемісті болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Маркова А.К. Формирование мотивации учения: Книга для учителя. – М.: Просвещение, 2008
2. Вайсбурд М.Л. Методы обучения. Выбор за вами. – 2000. - № 2 с. 29-34
3. <https://www.expeducation.ru/ru/article/view?id=11662>
4. https://www.rusnauka.com/5_SVMN_2013/Pedagogica/5_129310.doc.htm

ОӘЖ: 378.2

Ерболат Б.

*«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының магистранты,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті*

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІН НАҚТЫЛАУ

Мақалада колледждегі болашақ мұғалімдердің танымдық және кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негізін нақтылау негіздерін, оларды жүзеге асырудың моделі мен әдіс – тәсілдері қарастырылады.

***Түйін сөздер:** құзыреттілік, ақпараттық құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік, проблеманы шешу құзыреттілігі.*

В статье рассмотрены научно-теоретические основы профессиональной компетентности будущих учителей в колледже и познавательных уточнения, рассматриваются методы и модели их реализации.

***Ключевые слова:** компетентность, информационная компетентность, коммуникативная компетентность, компетентность разрешения проблемы*

The article considers the scientific-theoretical bases of formation of professional competence of future teachers in College and informative, refinement of the model and methods of their implementation.

***Keywords:** competence, information competence, communication competence, competence of solving the problem.*

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық - заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», - деп атап көрсетті. Бұл міндетті орындауда білім беру жүйесіндегі білім, білік, дағды жиынтығын толық меңгерген, қоғам өміріне белсене араласатын, шығармашылықпен ойлайтын, өзін-өзі көрсете алатын, өздігінен ақпаратты іздеп, талдайтын және оны дамытуға қабілетті, кәсіби құзыретті жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа білім парадигмасын жүзеге асырудың орасан зор маңызы бар. Осы жұмыста құзыреттілік түсінігі айрықша орынға ие. Құзыреттілік түсінігіне білім туралы мемлекеттік құжаттарда жетекші орын беріліп, педагогика, психология ғылымында жан жақты зерттелуде.

Мәселен, «Қазақстан Республикасы 12 жылдық орта жалпы білім берудің жалпыға міндетті стандарты» жобасында «Құзыреттілік – оқушылардың іс-әрекетінің әмбебап тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білім нәтижесі, ал құзірет дегеніміз алға қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындық; оқушының білім беру жүйесіне деген әлеуметтік тапсырысты құрайтын жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатында табысты іс-әрекетке дайындығы» деп көрсетілген.

12 жылдық білім берудің Мемлекеттік стандарты және бағдарламалар (Астана, 2006) оқушылардың үш тұғырлы құзыреттілігін қалыптастыруды қамтамасыз етеді:

- мәселені және өзіндік менеджмент мәселелерін шешу;
- ақпараттық;
- коммуникативтік;

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамытудың тұжырымдамасы, жалпы білім беретін мектептерде тұрған көкейтесті міндеттердің қатарына оқытудың құзыреттілік тәсілін жүзеге асыруды басты мәселе етіп қойып отыр. Олай болса нәтижеге бағдарланған оқыту, яғни құзыреттілік тәсіл, ең алдымен, мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру және дамытуды талап етеді.

Сонымен болашақ мамандардың құзыреттілігін қалыптастыру – білім беру саласының өзекті мәселесі. Күн сайын адамға көптеген ақпарат тасқыны келеді. Ал оқу мазмұны мен оқыту әдістері ескі сарында қалып қояуда. Сондықтан білім берудегі әлеуметтік қажеттілік пен ол қажеттілікті қанағаттандырудың арасындағы қарама –қайшылық білім беру саласының дағдарысына әкеліп соғуда. Сол себепті мектеп мұғалімдерінің әдістемелік шығармашылығын дамытуды педагог-мамандардың біліктілігін жетілдіру жүйесінде ұйымдастыруды олардың кәсіби құзіреттілігі кезінде жүзеге асыру қажеттігі туындайды.

Құзырлылық тәсіл, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсіл мен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды. Бұл мәселенің көптеген қырларын әлемдік ғылымда М.В. Рыжаков, Э. В. Зеер, Е. А. Климов, А. К. Маркова, Л. М. Митина, Г. В. Горланов, Д. А. Мещеряков, А. В. Хуторской, Н. Л. Гончарова, В. А. Адольф, Э. Ф. Зеер, отандық ғылымда Ш.Х.Құрманалина, Ә.М. Мухамбетжановат.б. зерттеуде. Аталған ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек «Құзыреттілік— бұл білімді, іскерлікті қолдану қабілеті, оқу міндеттерін шешуде практикалық тәжірибе негізінде қалыптан тыс жағдайда адамның табысты нәтижелі әрекет ету қабілеті». Оны сызба түрінде бейнелесек: Құзыреттілік= Білім – Тәжірибе – Іскерлік.

Сонымен құзыреттілік тұрғы білім нәтижесіне назар аударып, нәтиже ретінде адамның меңгерген ақпараттарының жиынтығын емес, түрлі жағдаяттарда іс- қимылдар жасау қабілетін басшылыққа алады немесе оқыту үрдісінде «құзыреттілік» ұғымы оқушылардың білімі мен тәжірибесін, дағдылары мен біліктерін белгілі бір мәселені шешуде қолдануын негізге алады.

Оқушылардың құзыреттілігін дамыту міндеті болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселесін қойып отыр. Кәсіби құзыреттілік ұғымын теорияда түсіндірудің екі бағыты бар: адамның стандартқа сәйкес әрекет ету қабілеті; жеке тұлғаның жұмыста нәтижеге жетуіне мүмкіндік беретін сапалары:

- жеткілікті біліктілік, қабілет;
- жеткілікті дене және ақыл – ой сапалары;

- білікті болу қабілеті;
- стандартқа сәйкес бір нәрсені тәжірибе жолымен немесе оқыту нәтижесінде алған біліктілігімен жасауы;
- тәжірибесі;
- үздіксіз өз бетімен білім алу;
- іске деген шығармашылық және жауапкершілік қатынасы;
- теориялық білімдерді игеріп қана қоймай, оны нақты мәселелер мен проблемалық жағдайларды шешуге қолдана алу.

Қазіргі практикада «Кәсіби құзыреттілік» термині маманның белгілі бір стандартқа, лауазым талабына сай міндеттерді орындай білуі деп есептеледі

Көпшілік зерттеушілер кәсіби құзыреттілікке білімдер, іскерліктер және дағдылармен қатар тұлғаның кәсіби құнды сапаларын, оның іс- әрекет тәжірибесін кірістіреді. Американдық білім беру саласында кәсіби құзыреттілікті тиімді, табысты іс - әрекетте көрінетін маңызды мінез –құлықтық аспект деп қарайды.

Кәсіби құзыреттілік құрамы: іс-әрекеттік білім, білік, дағдылар, мотивациялық және сезімдік-еріктік салалар.

Кәсіптік құзыреттілік теориялық және практикалық мәселелерді шешу үшін іс-әрекеттің алуан түрін орындау үрдісінде жүзеге асады.

Кәсіптік құзыреттіліктің маңызды құраушысы -тәжірибе, яғни адамның түрлі мәселелерді шешудегі меңгерген жеке әрекеттері мен әдіс - тәсілдерінің жаңалануы. Адам туралы ғылымдар саласында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға үлес қосатын, табыс үшін қажеті құзыреттіліктер деп проблемалар мен өзіндік менеджментін шешу құзыреттілігі, яғни адамның проблемаларды шешуге және инновациялық технологияларды пайдалануға дайындығы; ақпараттық құзыреттілік, яғни өздігінен білім алуға және ақпараттық ресурстарды пайдалануға дайындығы; коммуникативтік құзыреттілік, яғни әлеуметтік және интерактивті өзара іс-әрекетке дайындығы танылып отыр.

Колледждегі білім беру мен тәрбие жұмыстарының талапқа сай жетілдірілуі оқушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуына зор ықпал етеді. Оқытудың дәстүрлі жүйесінде мамандар даярлайтын оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал колледж алдында тұрған мақсат - әлемдік білім кеңестігіне ене отырып бәсекеге қабілетті тұлға дайындауда адамның құзырлылық қабілетіне бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну. Әрбір мұғалімнен сабақ жоспарын құрастырғанда білім нәтижелерін міндетті, жүйелі түрде жобалау талап етіледі.

Колледж оқушыларының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру арқылы да жүзеге асады. Кәсіби құзыреттілікті өзіндік жұмыстар арқылы қалыптастырудың түпкі мақсаты – оқушыларды белсенді ой қызметін, әр түрлі танымдық мәселелерді өздігінен шешуге, бұрынғы меңгерілген білімді қолдануға ұмтылысы бар оқыту үрдісінің субъектісі етіп тәрбиелеу.

Колледж оқушыларының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда мынадай әдістер мен технологияларды қолдануға болады:

- АКТ технологиясы;
- арнайы өз бетімен орындауға арналған құзыреттілікке арналған тапсырмалар жүйесі;
- жобалау технологиясы;
- топтық технология;
- оқу мен жазуды сыни тұрғыдан ойлау арқылы дамыту технологиясы;
- проблемалық оқыту технологиясы;
- дамыта оқыту технологиясы;
- тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы;
- оқытудың модульдік технологиялары.

Оқушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда қолданылатын кейбір әдістерге тоқталайық.

Диалогтық (Сократтық әдіс) әдіс арқылы өмірдегі қарапайым жағдаяттар талқыланады. Шындықты бірлесе іздеу – білім берудегі ең басты тәсіл. Диалогты өрістетіп, оны құрамдас бөліктерге ажыратып, әрбір талқылау тармақшасынан жаңа сұрақтар тудырып, адамдардың ойын шындықты іздестірудің қиын жолына апарған. Оқытушы ойдың туындауына көмектесе отырып, бірде бір көзқарасты

назарынан тыс қалдырмау керек. Алдын ала ешбір көзқарасқа жақтаспай, оқушыларды тек дәйектерге сенуге үйреткен дұрыс.

Топтық жұмыстың мәні - қойылған міндетті бірлескен жұмыс барысында орындау, топ мүшелерінің бір біріне қолдау көрсетуі.

Еркін микрофон әдісінде топқа біріктірілген оқушылар өз бетімен іздене отырып, мамандықтың мәні жайында қысқаша әңгімелер, эссе даярлап, оны жалпы талқылауға салды.

Миға шабуыл технологиясы бойынша оқу тақырыбындағы зерттелетін проблема бойынша оны шешу жолдары туралы көп идеялар жинақталады. Идеялар сыналмайды және оларға түсініктеме берілмейді.

Жобалау әдісі – бұл мұғалімнің әдейі ұйымдастыруымен атқарылатын әрекеттер кешені арқылы оқушылардың өз бетімен өнім жасауы. Жоба – қандай да бір нысанның, іс – әрекеттің келешектегі үлгісі.

Іскерлік ойыны оқушылардың кәсіби және әлеуметтік қалыптасуы үшін үлкен мүмкіндіктер береді.

Дамыта оқытуда баланың ізденушілік – зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады.

«Сыни тұрғыда ойлау жобасы» арқылы оқушының білімді өзі игеруіне жағдай жасалады (мұғалім сабақ үрдісінде тек бағыттаушы);

Колледж оқушыларының кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған әдістермен жұмыс істеу барысында коммуникативтік дағдылары қалыптасып, қарым-қатынаста өзгені ұғыну мүмкіншіліктері артып, өздігінен ізденіп ой қорытуға деген қызығушылықтары оянады, әр түрлі педагогикалық жағдаяттарды талдау мен оны практикада қолдану іскерліктерін меңгереді.

Құзыреттілікке бағытталған сабақ жоспарының дәстүрлі сабақ жоспарынан айырмашылығы мұғалім мен оқушы позициясының өзгеруінде. Оқушы - сабақтың басты қызметкері Мұғалім -сабақта ұйымдастырушы, кеңесші позициясын ұстанып, оқыту үрдісін ұйымдастырады. Мұғалім оқушының білімдік процесті аяқтаған соң (лекциялар, пән, модуль) нені білетіндігін, меңгергендігін, құзыреттілігін анықтайды. Бұл жерде мақсат: оқыту үрдісін оқушының көзқарасы тұрғысынан қарап, тәжірибелік-бағдарланған проблемаларды шешу арқылы жинақтайтын оқу тәжірибесінің сапасын көтеру.

Ақпараттық құзыреттілікбұл оқушының қажетті ақпараттарды өз бетімен іздеп, талдап, өңдеп бере білу қабілеті.

Аспекттері:

- өз бетінше ақпаратты табу, талдау, іріктеу, қайтадан жасау, сақтау, түсіндіріп беру, ауыстыру, сонымен бірге қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануы;
- ақпаратты өңдеу, логикалық операцияларды қолдану (талдау, синтез, қорыту, құрылымдау, тікелей және жанама дәлел, аналогия бойынша дәлел, үлгілеу, материалдарды жүйелеу);
- өз іс-әрекетін жоспарлап жүзеге асыру үшін ақпаратты пайдалану даярлығы т.б.

Коммуникативтік құзыреттілік

Аспекттері:

- қайтарымды байланысты жобалау;
- білімдік кеңістіктің барлық мүшелерімен байланыс орнату;
- өзара әрекет тактикасы және техникасы;
- шешендік өнер, сауатты сөйлеу;
- әлеуметтік және коммуникативтік рөлдер;
- мұғалімдердің үйреткен әдіс-тәсілдері туралы өз ойларын айту;
- жаңашыл мұғалімдерге марапат сөздер айту.

Проблемалар мен өзіндік менеджментін шешу құзыреттілігі

ол - оқушылардың:

- әр түрлі жағдайларда проблемаларды анықтау, жауапты шешім қабылдау, шешімнің салдарын бағалау;
- өзінің іс-әрекетінің мақсатын қою, оны жүзеге асыру үшін қажетті жағдайларды анықтау, оған қол жеткізу процесін ұйымдастыру (яғни міндетке сәйкес технологияларды әзірлейді);
- рефлексия мен өзін-өзі бағалауды, өз қызметін және оның нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;
- өз үшін жағдайларға сәйкес іс-әрекет пен мінез-құлық нормаларын таңдау;
- қойылған міндеттерге сәйкес технологияларды таңдау, технологияларды айқын қолдану даярлығы.

Коммуникативтік құзыреттілік (Communicative competence), тіл арқылы өндірістік, мәдени өмірдің көкейтесті міндеттерін шешу, қарым - қатынас мақсатын жүзеге асыру үшін сөйлей білу. Мұғалімнің өзара түсінушілік, тыңдай білу, түсіне білу, көмек көрсету қабілетін айқындайды. Коммуникативтік құзыреттілік ұжым мүшелері мен білім алушылар арасында позитивті қатынас орнатады. Сәттілік ситуациясын туғыза білген жағдайда оқушылардың өз мүмкіндігіне деген зор сенімі туады.

Бірліктері:

- қарым-қатынас тақырыбы, жағдаятар;
- тілідік іс-әрекет;
- әлеуметтік және коммуникативтік рөлде;
- коммуникация тактикасы;
- мәтін типтері, оларды құрастыру ережелері.

Құзыреттілікке бағытталған сабақ жоспарларында сабақ оқытуды ұйымдастырудың бір мүмкін формасы ретінде сақталады да, оқушылардың оқу тақырыбын өз бетімен меңгеруіне басымдық беріледі. Сабақты ұйымдастырудың басқа сыныптан тыс формаларын – жоба бойынша топтар құру, өзбетінше кітапханада немесе компьютер сыныптарында жұмыс жасау және т.с.с. қолдануды кеңейтуге мән беріледі.

- Құзыреттілікке бағытталған сабақ жоспары мұғалімнің ішкі бақылауын қосымша өзін-өзі бақылаумен және өзін-өзі бағалаумен, оқу іс-әрекетінің берілетін өнімдерін сыртқы сараптық бағалаудың маңыздылығымен толықтыруды талап етеді.

- Әрбір құзыреттілік іс-әрекетке немесе аспектілерге бөлінеді.

- Әрбір іс-әрекетке (аспектіге) кем дегенде бір тапсырма берілу керек.

Тапсырмалар мүмкіндігінше күрделі болғаны тиімді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасындағы 2011-2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту бағдарламасы.
2. Педагогтың кәсіби құзырлығы жоғары білім сапасының басты көрсеткіші // Качество педагогического образования: проблемы и перспективы развития / материалы Международной научно-практической конференции. – Алматы: КазНПУ им. Абая. – 2004.
3. А.К. Маркова. Кәсіби құзыреттіліктің даму деңгейі // 2009
4. Кузьмина Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения. — М.: Высш. шк., — 119 с.
5. Симен-Северская О.В. Формирование педагогической компетентности специалиста социальной работы в процессе профессиональной подготовки в вузе: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. — Ставрополь, 2002. — 22 с.
6. К. Құдайбергенова. Құзырлық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008. 30- 32-б

ОӘЖ: 378.091.12

Мерғазы Арнай Жаныбекқызы

Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, «Педагогика және психология» мамандығының магистранты, Семей қаласы

Иманбекова Гүлбаршын Бактығалиевна

Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, Педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, Семей қаласы

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БЕЛСЕНДІРУІ - ТҰЛҒАЛЫҚ-КӘСІБИ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ

Мақалада студенттердің өзін-өзі белсендіру мәселелері мен тұлғалық кәсіби дамуы мәселелері қарастырылған. Тұлғалық кәсіби іс-әрекетті қалыптастыру жолдары көрсетілген.

Түйін сөздер: тұлға, даму, тұлғалық-кәсіби даму, кәсіби маман, әрекет, әрекет субъектісі, тұлғалық-кәсіби қасиеттер, тұлғалық ерекшеліктер.

Статья посвящена проблемам самоактивизации и личностного профессионального развития студентов. Рассмотрены способы формирования профессиональной деятельности.

Ключевые слова: личность, развитие, личностно-профессиональное развитие, специалист, деятельность, субъект деятельности.

The article is devoted to problems of selfactivization and personal professional development of students. Examined the ways of formation of professional activity.

Keywords: person, development, personal professional development, specialist, activity, subject of development.

Қазіргі жаһандану жағдайында мемлекеттің әлемдік білім кеңістігіне енуі барысында болашақ мамандарды даярлаудың сапасын жақсарту мәселесіне баса назар аударылып отыр.

Осыған орай, ағымдағы заманауи білім беру жан-жақты интеграциялық білімге құмар, күнделікті өзгерістерге тез бейімделетін, өз бетімен шығармашылық іс-әрекеттер жасай алатын, әлеуетті, зияткер ұлтты қалыптастыруды талап етіп отыр. Ал бұл болса, студенттердің бойында белсенділік, бастамашылдық, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі белсендіру, өзін-өзі жетілдіру, өз бетімен шешім қабылдау сияқты тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамыту қажеттілігін арттыра түседі.

Қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында студенттердің өз бойында қалыптасқан білімдерін тәжірибеде қолдана алу икемділігімен ғана шектелуі мүмкін емес. Олар сонымен бірге күрделі жағдаяттарда дербес шешім қабылдауға, заманауи өзгерістерге тез бейімделе алуға, рефлексиялық ойлауға, талдауға бейім, өзін-өзі ұйымдастыруға қабілетті және өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан мамандар болып даярлануы тиіс. Бұл талаптар олардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамытқанда ғана оң нәтижесін береді.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде тұлғаның дамуы, соның ішінде, студенттің тұлғалық-кәсіби даму мәселесіне ерекше орын берілген. Психологияда, педагогикада, акмеологияда көбінесе тұлғалық-кәсіби дамуды бірыңғай тұтас қарастырады (А.А.Дергач, Е.А.Климова, Е.Н.Шиянов, А.Р.Фонарев және т.б.). Басқа сөзбен айтқанда, кәсіби даму мәселесін қозғағанда тұлғалық даму туралы да айтылады және де тұлғалық-кәсіби дамуға да баса көңіл бөлінеді.

Ғалымдар тұлғалық-кәсіби даму түсінігінің мәнін әртүрлі анықтайды. Кең тұрғыда алсақ, тұлғалық-кәсіби даму - тұлғаның қалыптасу үдерісі және кәсіби қызмет пен кәсіби өзара байланыстар нәтижесіндегі кәсібилік.

Тұлғалық-кәсіби даму үдерісінде тұлға төмендегі прогрессивтік құрылымдық өзгеріске ұшырайды:

- тұлғаның бағыттылығы (қызығушылықтар шеңбері кеңейіп мұқтаждықтар жүйесі өзгереді, жетістіктер уәждері өзектелініп, өзін-өзі іске асыру және өзін-өзі дамыту мұқтаждары өседі;
- тәжірибесі көбейеді және біліктілігі жоғарылайды;
- жеке күрделі қабілеттері дамиды;
- мамандық ерекшелігімен белгіленетін кәсіби маңызды сапалары дамиды;
- тұлғалық іскерлік сапалар дамиды;
- психологиялық даярлық жоғарылайды;
- кәсібиліктің акмеологиялық инварианты дамиды.

Кәсіби-тұлғалық даму «қосыла өсірілу», адам психикасын арттыру тұрғысынан қарастырылады. Өйткені маманның психологиялық жаралуы адам психикасында жаңа сапалардың пайда болуын немесе бұрын-соңды болмағанын, болса да басқа түрде болғанын, сонымен қатар кәсіби мамандық пен кәсіби қатынастың жаңа түрлерінің пайда болғанын білдіреді.

«Тұлғалық өсу», «кәсіби өсу» терминдері әдебиеттерде синоним ретінде пайданылады. Бірақ тұлғалық өсу кәсіби өсуге негіз болады.

Тұлғалық-кәсіби даму мәселесі психологияда бірнеше ғылыми бағытта зерттеледі.

Бірінші бағыт мамандық психологиясының ғылыми негізін жасау болып табылады. С.Г.Гелдерштейннің, М.А.Рыбаковтың, К.К.Платоновтың және т.б. зерттеулері кәсіби өзін-өзі анықтау, кәсіби жарамдылық, кәсіби іріктеу және кәсіби даярлау, кәсіби біліктілік сияқты маңызды психологиялық категориялардың мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді.

Келесі бағыт қызметтің әр алуан түрлеріндегі тұлғаның даралық - психологиялық және нақты қасиеттерін зерттеумен тікелей байланысты. Бұл бағыттың шеңберінде маманның маңызды психологиялық кәсіби қасиеттерін қалыптастыру және дамыту тұжырымдамасы жасалды.

Кәсіби шеберліктің психологиялық негіздерін жасаумен байланысты үшінші бағыт психологиялық еңбек бағыты тұрғысынан қарастырылады (Е.А.Климова, А.К.Маркова, Л.М.Митина, К.К.Платонов т.б.). Бұл бағыт бойынша кәсіби өзін-өзі жетілдірудің, біліктілікті жоғарылатудың, кәсіби құзыреттіліктің, кәсіби икемділіктер мен дағдыларды дамытудың жағдайлары және факторлары зерттеледі.

Төртінші бағыт акмеологиялық – кемеліне келген тұлғаның дамуын анықтау, сонымен қатар болашақ мамандарды кәсібилікке оқыту, олардың қызметтерін жетілдіру мен үйлестіру сұрақтарымен

байланысты акмеологиялық заңдылықтарды және детерминантты зерттеуге бағытталған (А.А.Бодалев, А.А.Дергач, Н.В.Дергач, Н.В.Кузьмина, А.П.Реан және т.б.)

Мамандықтың тұлғаға әсер ету мәселесіне байланысты ресейлік психологияда іс-әрекеттік бағыттың дәстүрлі түрде қарастырылғандығын атап өту керек. (С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, Б.Г.Ананьев, А.А.Смирнов, Б.М.Теплов). Осы бағытқа сәйкес сана, психика әрекетте байқалып қана қоймай, сонымен қатар қалыптасады. Адамның әрекеті оның санасының, психикалық процестерінің және қасиеттерінің қалыптасуын шарттайды, олар адам әрекетін реттей отырып, оның адекватты орындалуының шарты болып табылады. Мұндай әрекеттің субъектісі басқа адамдармен тығыз байланыстағы - адам, индивид, тұлға болып табылады.

С.Л.Рубинштейннің трактатында тұлға әрекеттің алғышарты бола тұра, оның қорытындысымен бірге әрекет ететіндігі жазылған. Көптеген әрекеттер мен амалдардың сан түрлілігін біріктіретін сана мен әрекеттің тұтастығы, тұлғаның мақсаты мен мотивациясы болып табылатын бастапқы мотивациялары мен соңғы мақсаттарының біртұтастығынан тұрады.

Сонымен, нақ әрекет кезінде тұлға қалыптасады, жеке дара адам болады, дүниеге, қоғамға, өзіне деген көзқарасын қалыптастырады.

Көптеген әрекеттердің арасында субъектінің белсенділігінің негізгі қалыбын жасайтын, кәсіби әрекет басты орын алады. Оған адам өмірінің маңызды бөлігі арналған. «Көптеген адамдар үшін нақты осы әрекет түрі олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға, өздерінің қабілеттерін ашуға, белгілі бір әлеуметтік дәрежеге жетуге мүмкіндік береді». Яғни, кәсіби әрекет кезінде тұлғаның өзгеруі ерекше қарқынды жүреді, өйткені ол субъектінің негізгі белсенділігін өзіне аудартады.

Кәсіби маман болу және кәсібилікті қалыптастыру үдерісі адамның өмірлік әрекетінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Тұлғаның кәсіби дамуы оны адам өмірлік мақсат етіп алғанда ғана белсенді, кәсіппен байланысты мәселелер өмірлік жоспарлар мен мақсаттарға, тұлға болашағының құрылымына айналады. Адамға кәсіби болу әсерінің күштілігі сонша, ол адамның өмірлік салтын түпкілікті өзгертуі мүмкін. Бұл өзгерістер жаңа әдеттердің, көзқарастардың, бағалаулар мен қатынастардың пайда болуынан көрінуі мүмкін. Әдетте кәсіпқойлық кәсіп талап ететін кейбір индивидуалды психологиялық құрылымды бейімдеу нәтижесінде «пайда болады» деп айтуға болады.

Т.В.Кудрявцеваның теориясының шеңберінде кәсіпқойлық тұлғаның кәсіби өсуінің тұтас үдерісі ретінде қарастырылады. Кәсіби шебер болу кәсіби білім беру орындарында оқу барысында үйреніп алатын қысқа уақытты акт емес. Ол – төрт маңызды сатыдан тұратын ұзақ, серпінді, көп деңгейлі үдеріс. Әрбір сатыға өту алдыңғысымен байланысты және субъектіде дағдарысты жағдайдың пайда болуына әкеліп соғуы мүмкін.

Осылайша, көптеген ғалымдар бойынша кәсіби даму – ол адам кәсіп таңдағаннан бастап, оның кәсіби өмірінің барысында жалғасатын және ол кәсіби әрекетін тоқтатқанға дейін жалғасатын жалпылық, үзілмейтін процесс дегенді алға тартады. Бұл үдеріс біріншіден, ішкі шарттар: адамның өмір барысында кәсіптің өзі, оған деген көзқарас өзгеруіне; екіншіден, сыртқы шарттар: адамының кәсіп туралы, ондағы кәсіби шеберлік, сондай-ақ өзіндегі шеберлік қасиетті бағалауға деген талаптарының өзгеруі болып табылады.

Кәсіби шебер болу әдетте жалпы психикалық дамуға сүйенеді және соның негізінде жүзеге асады. Маманның шебер болуы оның тұлға ретінде дамуымен тығыз байланысты. Шеберлік оны адам өмірлік мақсат етіп алғанда ғана белсенді, кәсіппен байланысты мәселелер өмірлік жоспарлар мен мақсаттарға, тұлға болашағының құрылымына айналады. Адамның тұлғалық ерекшеліктері әдетте кәсіп таңдауда, кәсіби бейімделу үдерісінде жағымды әсерін тигізеді, кәсіби шығармашылықты қолдауға ынталандырады, кәсіби деформация мен қажудан қорғайды.

Белсенділік субъектінің кіріктірілген қасиеті тұрғысынан іштей детерминацияланады, субъектінің қоршаған әлеміне көзқарасын қалыптастыру және кәсіби іс-әрекетін жаңғырту, адамның реакцияларын, іс-әрекеттерін және мінез-құлықтарын түзеуді жүзеге асырады. ЖОО студенттерінің белсенділігі – олардың алға қойған мақсатына жетуі мен ұмтылысымен сипатталады. Олар студенттер үшін маңызды қажеттіліктер, мақсаттар мен мотивтер және қарым-қатынастан тұратын тұлғалық ерекшеліктерімен сипатталады. Осы тұрғыда белсенділіктің қажеттілігі артады. Өйткені ол ішкі мотивацияның тереңдетеді, өзге адамдармен қарым-қатынасқа түсуде және бірлескен іс-әрекетте адамның көзқарасына яғни тұтас алғанда, өзара іс-әрекеттің нәтижелілігі мен барысына ықпал етеді.

Субъект тұрғысынан студенттің белсенділік қасиеті қарама-қайшылықтарды шешуде және тұлғаның жекелік ерекшеліктеріне сәйкес қызмет ету біліктілігінде көрінеді. Тұлғалық-кәсіби дамудың негізгі психологиялық тетігі «Шынайы - Мен» және «Идеалды - Мен» арасындағы орын алатын кәсібиліктің деңгейіндегі қарама-қайшылықтарды жеңуде көрінеді. Студенттің ішкі қарама-қайшылықтарды белсенді өзгертуге деген анық байқалатын қабілеті ғана оның кейінгі тұлғалық және

кәсіби дамуын анықтай алады. Сәйкесінше, «Мен – әрекет етуші» және «Мен – бейнелеуші» арасындағы тұлғашылық қарама-қайшылықты жеңу үшін субъектілік белсенділік қажет. Бұл олардың жаңа мүмкіндіктерін өзіндік жүзеге асыруына ниеттендіреді.

И.С. Кон өзін-өзі белсендіруді «Мен» қатынас жүйесінде қарастыра отырып, оның үш негізгі құраушыларын бөледі: «Мен-теңдестіру» өзіндік; «Мен - Эго» – субъективтілік; «Бейне-Мен» өзі туралы ойы. Өзіндік сананың түрлі қатынасына қарай тұлға дамиды: «Мен – Мен емес», «Мен Өзге», «Мен Біз», «Мен» «Идеалды Мен» қарама-қайшылығын жоюға икә-әрекет өзін-өзі белсендіруді айқындайды.

Әлеуметтану ғылымдарының профессоры В.А.Занятин: «Адамзат капиталын қалыптастыру және дамыту – күрделі және ұзақ үдеріс, сол себепті оған кешенді, жүйелі бағытты ұйымдастыруымыз қажет» – деп, адам қабілетінің құрылымында өзара байланысты, бір-бірімен айқындалатын негізгі базалық бірнеше элементтерді бөліп көрсетеді:

физиологиялық – денсаулығы, шыдамдылығы, біліктілігі мен дағдылардың жиынтығы;

психологиялық – темпераменті, мінезі, ерік-жігері, жауапкершілік сезімі және т.б;

зияткерлік – ақыл-ойдың дамуы, білімінің деңгейі, жалпы және экономикалық мәдениеті, еңбек моралі;

әлеуметтік – құндылық бағдарлары, қызығушылықтары, еңбекке қарым-қатынасы және тұлғааралық қарым-қатынасы.

Қарап тұрсақ, аталған элементтер жеке тұлғаның тұлғалық-кәсіби өсуін, дамуын айқындап тұрғандай.

Сонымен, тұлғалық-кәсіби дамуды ұйымдастыру – студенттердің тұлғалық, кәсіби құзыреттілігін жоғарылату, психологиялық мәдениетін қалыптастыру мен дамыту бойынша өздігінен білім алуына бағдар беру және өзін-өзі белсендіруіне қажеттілігін арттыруға бағытталған шаралар жүйесінің жиынтығы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. – Л., 1987. – 264 с.
2. Асмолов А.Г. Личность как предмет психологического исследования. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1984. – 105 с.
3. Джакупов С.М. Управление познавательной деятельностью студентов в процессе обучения. – Алматы, Қазақ университеті, 2002. – 117 с.
4. Деркач А.А. Акмеология: личностное и профессиональное развитие человека: Методолого-прикладные основы акмеологических исследований. – М, 2000.
5. Ерменгаева А.Р. Субъектно - ориентированная психологическая подготовка студентов: дисс. докт. психол. наук. – Алматы, 2008. – 312 с.

ОӘЖ: 4С(КАЗ) (038).001.5

Нурғалиева Балжан Тлеуханқызы

Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, Педагогика және психология мамандығының магистранты. Семей қаласы.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Мақалада құзіреттілік түсінігіне анықтама бере отырып, студенттердің құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары көрсетілген. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, педагогикалық инновацияларды дұрыс қабылдауы, күнделікті өзгеріп жататын педагогикалық ортаға тез бейімделу мәселелері қарастырылған.

Түйін сөздер: құзіреттілік, кәсіби құзіреттілік, бейімделу, педагогикалық инновация.

В статье дается определение понятию компетенция, рассмотрены педагогические условия формирования компетенции студентов. Кроме того рассматриваются проблемы формирования профессиональной компетенции и личных творческих способностей, быстрой адаптации в ежесовремененно меняющейся педагогической среде.

Ключевые слова: компетенция, профессиональная компетенция, адаптация, педагогические инновации.

The article deals with pedagogical condition of formation student's competition and given definition of matter competence. Besides there are examined the problems of formation of professional competence and personal art ability, fast adaptation in daily changing pedagogical environment.

Keywords: competence, professional competence, adaptation, pedagogical innovation.

Республикасында білім беру жүйесіндегі модернизациялау үдерісі - білім мазмұны мен сапасын арттыру, білім берудің ұлттық моделін жетілдіру, ақпараттық технологиялар жөнінде жаңаша педагогикалық көзқарас қалыптастыру секілді кешенді шараларға тікелей қатысты. Әлем тәжірибесі көрсеткендей, кез-келген мемлекеттің экономикалық жетістігі сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты. Өйткені білім арқылы ғана қоғамның интеллектуалдық капиталы мен инновациялық әлеуеті қалыптасады. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық — заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», — деп атап көрсетті [1]. Қазіргі замандағы білім берудің негізгі мақсаты: еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, әлеуметтік-саяси оңтайлы тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті маман, индустриалды-инновациялық жағдайды шешуге лайық, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған, шығармашыл, оңтайлы кәсіби маман дайындау. Бұл мақсатты жүзеге асыруда еліміздегі білім беру саласының бағыт-бағдарын айқындайтын Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданғаны бәрімізге белгілі. Бағдарлама бірнеше мақсаттар мен міндеттерден туындап отыр, соның ішінде техникалық және кәсіптік білім берудің мақсаты: қоғамның және экономиканың индустриялық-инновациялық даму сұраныстарына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту, әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу, педагог мамандығының беделін көтеру, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру [2]. Жоғары оқу орнында дайындықтан өткен мамандардың білімі жоғары дәрежеде болуы керек. Өйткені, бұл талап әрбір мамандық бойынша білім беру мазмұнын салыстырмалы түрде біртұтас білім саласы ретінде анықтауы керек. Білім берудің күрделі мазмұнын меңгеруде, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың қазіргі кездегі ұстанымдарын жүзеге асыруда, педагогикалық үрдіс, яғни, оқытушылар мен студенттердің өзара байланысқан және өзара келісілген іс-әрекеті басты міндет атқарады. Сондықтан, қазіргі кездегі жоғары білім беру алдында студенттер мен оқытушылардың жұмыстарының түрлері мен әдістерін жүзеге асыру мәселесі тұр. Бүгінгі таңда еліміздің білім беру саласында бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу үшін маңызды міндеттерді шешуге бағытталған күрделі бетбұрыс жасалуда. Мұғалімнің кәсіби мүмкіндігі оның бойындағы өзін-өзі дамытып отыру дайындығына тікелей байланысты. Бұл мәселеге әлеуметтік - педагогикалық тұрғыдан келу үшін мұғалімнің субъект ретіндегі алдына қойған міндеттерін орындауға деген әзірлік деңгейіне көз жеткізу қажет. Әрине, оның кәсіби өсуі жеке тұлға ретіндегі ерекшелігіне әбден қатысты. Сондықтан бұл жерде даралық-тұлғалық қалыптасу, іскерлік - әдістемелік жетілдіру, кәсіптік-пәндік білімін толықтыру компоненттерінен өз қажеттілігін тани алу мүмкіндігі туады. Бұл жердегі «өз қажеттіктерін сезіну» — кәсіби қызметтің негізі. Өйткені, ол өзінің әлеуметтік бар мүмкіндігін дамытудың жолдарын білу деген. Болашақ кәсіби құзыретті маман осы ақпараттық қоғамнан қалыспай, жедел ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт — бағдар беруші болып шығуы — бұл қазіргі заманның талабы. Құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ кәсіби маманның — қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылmaq. Студенттердің кәсіби құзыреттілік мәселелері туралы пікірлер кәсіби маман даярлау мәселелерімен айналысып жүрген отандық және шетелдік ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс табуда. «Құзыреттілік» түсінігі білім беру саласында 1960-1970 жылдардағы шетел әдебиеттерінде, ал 1980 жылдардың соңында отандық әдебиеттерде кездесті. «Кәсіби құзыреттілік, жете білушілік» ұғымын енгізудің қажеттілігі оның мазмұнының кеңдігімен, интегративтік сипатымен, «кәсіптілік», «біліктілік», «кәсіби мүмкіндіктер» және т.б. түсініктерді біріктіреді [3] «Құзірет» және «құзіреттілік» ұғымдарын педагогикалық үрдіске енгізу бағытында ғалымдар зерттеу жұмыстарын арнап, әдіснамалық мәнін ашып, өздерінің әртүрлі түсініктемелерімен сипаттауда. Аталған ұғымдардың табиғи мәніне жетуге байланысты Д.И.Ушаковтың редакциясымен жарық көрген түсіндірме сөздіктің авторлары «құзыреттілік» және «құзырет» сөздерінің арасындағы айырмашылықтарды дәлелдеуге тырысқан. «Құзыреттілік» – хабардар болушылық, абыройлық; «құзырет» – жеке тұлғаның кәсіби қасиеті және қызметтік сипаттардың нақты жиынтығы деген, К.В.Шапошников: «Кәсіби құзіреттілік категориясын: қоршаған ортамен өзара әрекет етуінде адамның кәсіби іс – әрекетін жобалау және жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттері, білімі, іскерлігі және тәжірибесінің біріккен жиынтығы », -десе, И.Н.Алмазова құзірет – адамның іс-әрекеті саласындағы білімі мен іскерлігі, ал құзіреттілік – маман

құзырлық қасиеттерін сапалы қолдана алуы тұрғысында пайымдайды [4]. Қазақстанда кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық қырларын Ш.Х.Құрманалина (колледж жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау), Б.Т.Кенжебеков (жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі), Г.Ж.Меңлібекова (болашақ мұғалімнің әлеуметтік құзыреттілігі), Б.Қасқатаева, С.И.Ферхо (мұғалімдердің оқу үдерісінде электронды оқу құралдарын пайдалана білу құзыреттілігі) және т.б. ғалымдар зерттеген. Маманның кәсіби құзыреттілік мәселесі күрделі де көп қырлы. Бұл ғылыми педагогикада, психологияда, әлеуметтануда, кәсіби білім берудің теориясы мен әдістерінде, гуманитарлық ғылымда әр қырынан қарастырылып жүр. Құзыреттілік – жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес, жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі бір мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген белсенді іс-әрекеттен көрінеді. Осы ретте еліміздің кәсіби білім беру жүйесі алдында, оның ішінде болашақ педагог даярлауда ең алдымен педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру міндеті тұр. Кәсіби құзыреттілік ұғымын түсіндіруде екі бағыт бар: адамның стандартқа сәйкес әрекет ету қабілеті; жеке тұлғаның жұмыста нәтижеге жетуіне мүмкіндік беретін сапалары. Б.Т. Кенжебеков құзыреттілік жөнінде: «Құзыреттіліктің бар-жоғын адам еңбегінің нәтижесіне қарап пайымдау қажет. Кез-келген қызметкер, өз әрекетімен кәсіби іс-әрекеттің түпкі нәтижесіне сай талаптарға жауап беретін жұмыстарды орындаса ғана, кәсіби құзыретті болып саналады», деп анықтама береді [5].

Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді. Сондықтан, кәсіби білімді маманның құзыреттілігі сол маманның жеке тұлға ретіндегі қасиеттерінің және ішкі психикалық жағдайларының күрделі жүйесі, оның кәсіби қызметі мен қабілетін іске асырум болып табылады. Құзыреттілік – қызмет атқарушының жеке мүмкіншілігі оның квалификациясы (білімі мен тәжірибесі), шешім қабылдай алуы немесе белгілі бір білім мен дағдыларына сәйкес шешім қабылдауы. Құзыреттілік — жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген икемділігінің белсенділігінен көрінеді. Құзыреттілік бірінші орынға білімгердің ақпаратты сауаттылығын емес, оның мәселені дұрыс шеше білу қасиетін қояды. Егер болашақ педагогтың құзыреттілігінің қалыптасуын орта кәсіби білім беру жүйесінің аумағында қарастырсақ, онда білім, білік, дағды мүмкіншілігі, яғни, бір сөзбен педагогикалық қызметке маманның қаншалықты дайын екендігі туралы айтуға болады. Кәсіби құзыреттілік деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Болашақ маман өз ісінің шебері, жақсы мұғалім болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, әлемдік білім кеңістігінің өресінен шыға алуға талпынуы керек.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, педагогикалық инновацияларды дұрыс қабылдауы, күнделікті өзгеріп жататын педагогикалық ортаға тез бейімделуді қажет етеді.

Болашақ маман дайындау мәселесі оның тұлғалық сапалары мен қасиеттерін қалыптастырудың мазысын көрсетеді. Тұлғалық-бағдарлық бағытта білім беру нәтижесі білім, біліктілік және дағды жүйесінде, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесіне және эмоционалды көңіл-күйді көрсете білуге, ерікті қарым-қатынасқа педагогикалық бейімделген тұлғаны қалыптастыру ретінде түсіндіріледі [5]. Ғалымдардың пікірлерін басшылыққа ала отырып, біз «құзыреттілік» ұғымына – студенттердің жеке тұлғалық психологиялық ерекшеліктеріне байланысты меңгерген білімдерін, дағдылары мен біліктерін, танымдық және тәжірибелік іскерлігін өмірде дұрыс қолдануы деген түсінік бере аламыз. Сонымен педагог-психолог, ғалымдардың пікірі бойынша еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, кәсіби оңтайлы маманның бойында белгілі бір құзыреттіліктер қалыптасуы қажет. Біріншіден, бағдарлы құзыреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б.);

Екіншіден, мәдениеттанымдылық құзыреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті); Үшіншіден; оқу - танымдық құзыреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік -

зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу); Төртіншіден; коммуникативтік құзіреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы); Бесіншіден, ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті); Алтыншыдан, әлеуметтік- еңбек құзіреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті); Жетіншіден, тұлғалық өзін-өзі дамыту құзіреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті) [6]. Қорыта келе, кәсіби құзыреттілік ең алдымен студенттің функционалдық сауаттылығы мен кез-келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Студент қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыратын, кәсіби білімді, жаңа технологияларды меңгерген, ортамен қарым-қатынасқа тез бейімделе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол, т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана кәсіби құзыретті маман бола алады. Студенттің кәсіби құзыреттілігі кәсіби және жеке сапалардан құралады. Кәсіби құзыретті маман деп өзінің педагогикалық әрекетін жоғары дәрежеде жүргізе алатын, қарым-қатынасқа әрдайым дайын, педагогикалық үдерісте үнемі оң нәтижелерге қол жеткізіп отыратын маманды атауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана. 14 желтоқсан, 2012.
2. Қазақстан Республикасында 2020 жылға дейінгі білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.
3. Сенкибаева А.Т. Мұғалімнің кәсіби құзырлығын дамыту.//Білім берудегі менеджмент, №4.2009
4. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация. - Москва., 2002
5. Ш.Х.Құрманалина, Б.Ж.Мұқанова. Педагогика. - Алматы., 2007
6. Омарова Л.Т. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары - Алматы., 2007

ӘОЖ 37.015.3.

Орынбекова Айгерим Қайратқызы

Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, Педагогика және психология мамандығының магистранты, Семей қаласы.

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ӨЗІН – ӨЗІ ДАЯРЛАУЫ

Мақалада студенттердің болашақ кәсіби қызметінің сыртқы белгілері, бейімділіктері қабілеттері, сонымен бірге болашақ кәсіби өзін-өзі анықтаудың рөлінің маңызы баяндалады.

Түйін сөздер: *кәсіби өзін-өзі анықтау, мамандықтарына бағдарлап, эффективті, жас мамандардың кәсіби қалыптасуы, кәсіби іс-әрекет.*

В статье раскрываются внешние факторы будущей профессиональные способности, а также значимость роли профессионального самоопределения.

Ключевые слова: *профессиональное самоопределение, профессиональная ориентация, эффективность, профессиональное становление молодых специалистов, профессиональная деятельность*

The article deals with external factors of future professional activity of shedents, their professional ability, and also the meaning of role of professional self – determination.

Keywords: *professional selfdetermination, professional orientation, effectiveness, professional formation of future specialists, professional activity.*

Еліміздің білім беру жүйесіндегі жаңалықтар білім мазмұнына өзгерістер әкелуде. Атап айтсақ: оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда бағдарламаларды, оқыту әдістерін таңдауда міндетті түрде ЖОО-да білім беру жүйесі жастарды таңдаған мамандықтарына бағдарлап, жеке тұлғаның сапалары мен өзін-өзі анықтауындағы тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуы. Бұл өзінің өмірінің қалыптасу жолдарының қажеттігін, оны іздеуін, таңдауын, білім перспективаларын анықтауын, ішкі жағдайлардың өзгерісіне төселуіне алып келеді. Ғалым психолог, педагогтардың зерттеулерінде негіз болатын оқушының түсінігіндегі идеялардың эмпатиялық көріністерінің өзін-өзі кәсіби анықтау теориясының өзекті мәселесі екендігін В.И. Слободчиков, И.Д. Фрумин ал педагогтың іс-әрекеті:

өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру үрдісінде адамгершілік құндылықтарға, әлеуметтік-мәдени қатынастарға бағыттауға сүйену қажеттігіне Е.В. Бондаревская, А.В. Петровский мән берсе, субъектіні дамытуда тұтас педагогикалық үдерістің өзара қарым-қатынасының мәнінің зор екендігі; «педагогиканың бірлесе қызмет атқарушылары» жақтаушылары туралы Ш.А. Амонашвили, И.П. Иванов болса, К.А. Абдулханова-Славская, В.И. Андреев, А.А. Бодалев, А.В. Мудрик, Д.И. Фельдштейннің тұжырымдарынан қорытындылағанымыз әлеуметтік және кәсіптік топтардың әр түрлі жас өкілдерінің продуктивті, толық қарым-қатынасының қажеттігі. Жеке тұлғаның тиімді кәсіби мамандық таңдауда өзін-өзі бағалау мәселелері психологияда өзекті де, күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Өзін-өзі бағалау мәселесін теориялық жағынан толығырақ қарастырған Б.Г. Ананьев, Л.И. Боженович, И.С. Кон. Көптеген зерттеушілердің еңбектерінде болашақ маманның кәсіби дайындығы мәселелерінің аспектілері қарастырылады: Атап айтсақ: мұғалімдердің жалпы педагогикалық дайындығы туралы: Н.К. Крупская, Н.В. Слостенин, Н.Д. Хмель, Т.С. Сабыров, Ж.Б. Қоянбаев және т.б. қарастырған. Зерттеуші ғалымдардың тұжырымдамаларына сүйене отырып, біз болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығын қалыптастыру проблемасының әртүрлі бағытта жүргізілетіндігіне көзіміз жетті. Оған дәлел: Бірінші бағыт мұғалімнің теориялық білімі мен оқу-тәрбие жұмысын атқаруға қажетті педагогикалық біліктері мен дағдыларының мазмұны мен жүйесін анықтайтын профессиограмма (В.А. Слостенин, Л.И. Щербаков). Екінші бағыттың өкілдері мұғалімдердің дайындығын оқу пәндері бойынша педагогикалық практиканың дидактикалық бағыттылығын күшейту мен арнайы оқыту арқылы жетілдіру (Т.В. Амельченко, С.Е. Архипова, Т.Ш. Дамаев, П.С. Подымова, Т.С. Сабыров, М.Н. Сарыбеков, С.И. Тадиян). Үшінші бағыт оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз ету, соған сәйкес мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық және әдістемелік дайындығын жетілдіру (Қ. Аймағанбетова, А.Х. Аренова, А.Е. Әбілқасымова, Л.В. Ванков, Б.М. Қосанов, Ш.Х. Құрманалиева, Т.Қ. Оспанов, С. Рахметова, С.О. Сатқанов, Н.Н. Светловская, Л.П. Стойлова, П.М. Эрдниев). Нәтижесінде, зерттеудің өзектілігі бір жағынан тәжірибе талаптарына жауап беруімен байланысты болады және екінші жағынан осындай іс-әрекеттің теориялық негізін анықтау деп қарастырамыз. Сондықтан, тұлғалық-кәсібилік даму, өсу — адам дамуындағы шексіз процесс. Осы кезде өзін-өзі басқаруы, қоғамның өзгерістерін байқауы, қоршаған ортамен байланыс жасай отыра, өмірдің сан қырын қабылдауы өмір мен кәсіби тәжірибесінде анықталады. Көптеген жас мамандарда ЖОО-ның алғашқы 1-жылдың соңында, кейбіреуінде 3-жылдың соңына қарай әлеуметтік адаптация аяқталады. Бұл қарастырып отырған өзін - өзі анықтау және өзін-өзі жетілдіру процесіндегі проблема, өзінің кәсіби қызығушылығы, қабілеттері мен жас мамандар үшін қажеттілігі мен оның құрылымдары, факторлары. Сондықтан зерттеуші ғалымдардың айтуы бойынша кәсіби алды дайындықтың маңызы зор. Пікірді жақтай отырып, біз кәсіби алды дайындық мектептік кезеңнің органикалық бөлігі және алғашқы кәсіби өзін-өзі анықтау звеносы, жас маман ретінде қалыптасып, іс-әрекетке адаптация жасауға дайындық болып саналады. Ал педагогикалық университеттегі кәсіби оқыту кезеңінде кәсіби фундаменті қаланады, кәсіби білім, білік, дағдылары қалыптасады. Сонымен қатар мұғалім тұлғасында педагогикалық іс-әрекетке деген қажеттілік бар кәсіби бағыттылық маңызды орын алады. Оған жататындар: 1) балаларға деген сүйіспеншілік пен қызығушылық; 2) педагогикалық жұмысқа деген ынта-ықылас; 3) психологиялық-педагогикалық байқампаздық пен зеректік; 4) педагогикалық әдеп; 5) педагогикалық қиял; 6) ұйымдастырушылық қабілет; 7) әділдік таныту; 8) қарым-қатынас орната білу; 9) талап қоя білу; 10) мақсаттылық; 11) өзін-өзі ұстай білу; 12) өзіндік баға; 13) руғани-танымдық қажеттілік; 14) интеллектуалды белсенділік; 15) педагогикалық өзіндік білімденуге дайын болу [6: 47]. Жоғарыда қарастырған мәселелерді ескере отырып, біз жалпы білім беру және ЖОО-ғы педагогикалық ұжымның кезеңдерін, басты бағыттарын айқындадық: Бірінші этап – кәсіби өзін-өзі анықтау (кәсіби алды дайындық). Басты бағыттар: 1.Оқушыларды кәсіпті саналы таңдауға және оны меңгеруге дайындықты қалыптастыру; оқушыларда педагогикалық мамандыққа кәсіби бағыттылықты қалыптастыру (әлеуметтік ортаның міндеттері, кәсіби құндылыққа икемделу, құзығушылық, кәсіпті таңдаудағы мотивация): а) өткізілетін семинардың жоспарын дайындау және оны жүзеге асыру; ә) іс-әрекеттің құрылым компоненттері бойынша құндылық, оқу мақсаттары, мазмұны, іс-әрекетті ұйымдастыру формасының әдістері. 2.Оқушыларда мамандық таңдау үшін практикамен қамтамасыздандыру. а) мұғалім мамандығының ерекшеліктері туралы білім беру (мақсат, мазмұн, тәсілдер мен құралдар); ә) оқушылар арасында сайыстар мен олимпиадалар ұйымдастыру; б) маманның моделін дайындау. 3.Педагогикалық мамандықты таңдау үшін кәсіби өзін-өзі анықтауда

психологиялық дайындықпен қамтамасыздандыру, оларда кәсіби маңызды сапаларды қалыптастыру және айқындау: а) мамандық бойынша мамандықтың профессиограммасын дайындау; 4. Кәсіби өзін-өзі анықтауға бағытталған мамандық таңдау жұмыстарын әдістемемен қамтамасыздандыру. а) мамандық бойынша әдістемелік ақпаратқа шоғырландыратын бағдарламалық құжаттардың әдістемелік орталығын құру; ә) ЖОО-да іскер ойындар, танымдық ақпараттық ойындар және тестік тапсырмалар дайындау; Екінші этап - кәсіби іс-әрекетке дайындық, кәсіби өзін-өзі анықтау. Маман ретінде өзін-өзі анықтауды бекіту іс-әрекетінің негізгі бағыттары. 1. Студенттердің жеке қызығушылықтары, бейімділіктері, қабілеттері, олардың негізгі қажеттілік-мотивациялық сферасының қалыптасуы: а) студенттердің қажеттілік-мотивациялық сферасын қалыптастыра білудің әдістемесін дайындау; ә) маман ретінде өзін-өзі анықтай білу әдістемесін дайындау; б) тұлғалық-бағыттылық жақтарының өзара әрекеттестігінің мазмұнымен үндес екендігін оқып білу; в) студенттерге және оқытушыларға арналған «Болашақ мұғалімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауы» атты элективті курс дайындау; г) мұғалім іс-әрекетінің дәстүрлі оқу процесіне ынталандыру үшін қажетті жағдайларды тудыру (ұйымдастырушылық, психологиялық-педагогикалық), студенттердің кәсіби мотивациясын өзектендіруді іске асыру; д) сабақта таңдаған мамандығына білім, білік, дағды және қызығушылығын меңгертуге байланысты қажеттілікті қалыптастыруда мұғалімнің іс-әрекетін бақылаудың бағдарламасын дайындау; е) студенттердің сабақта мотивациялық күйін анализдеудің кестесін жасау; 2. Болашақ маманның негізгі бағыттарының кәсіби іс-әрекетін анықтау, кәсіби ойлауын дамыту: а) өздік жұмыстың бағдарламасын және студенттердің өз бетімен үздіксіз білім алудың бағдарламасын дайындау; ә) кәсіби маңызды сапаларды анықтау, бәсекеге қабілеттілігін анықтау; 3. Студенттердің кәсіби өзіндік сананың негізінде қалыптасқан кәсіби өзін-өзі анықтауын, өзін-өзі дамытуды белсендендіруді қажет ететін маман ретінде өзін сапалы қалыптастыратын кәсіби маңызды сапалардың кәсіби құзыреттілік пен шеберліктерін бекіту: а) студенттердің кәсіби өзін-өзі анықтауын көрсететін өзінің мүмкіндіктерін өзін - өзі анықтау деңгейінің әдістемесін дайындау; 4. Студенттердің барлық курстарында кәсіби өзін-өзі анықтауымен және адаптация жасай білумен қамтамасыздандыру: а) студенттердің әлеуметтік-кәсіби өзін-өзі анықтаудың критерилерін, деңгейлерін, бағдарламаларын, моделдерін дайындау; ә) студенттердің кәсіби өзін-өзі анықтауын және адаптация жасауды қамтамасыздандыратын әдістемелік нұсқама дайындау; Дербес жүргізілген кәсіби іс-әрекет маманның өзін-өзі анықтау өлшемі және басты кезеңі болып саналады. Өйткені осы кезеңде нақты уақыт ішінде мамандыққа эффективті түрде процеске кірігудің көрнекілігін байқауға болады. Сонымен қатар жас маманның кәсіби өзін-өзі анықтауының жағымды және жағымсыз механизмдерінің кезеңі болады. Жоғарыдағы баяндалғандарды ескере отырып кәсіби өзін-өзі анықтауды модель түрінде тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтаған құрылымының негізі: кәсіби білім, білік және дағдыларына дайындығы, яғни, кәсіби оқуда мамандыққа кірігулеріне дайындықтары, кәсіби іс-әрекетке дайындықтары, іс-әрекетке дербес көшу, таныстыру және хабардар болу, толық кәсіби өз бетімен білім алу, кәсіби шеберлік. Өзін-өзі анықтаудың деңгейі, жас мамандардың кәсіби қалыптасу уақытымен және кәсіби өсу деңгейімен анықталады. Кәсіби өзін-өзі көрсетудің алғашқы деңгейі – таныстыру және хабардар болу. Бұл – кәсіби іс-әрекеттің элементтерінің жас маманда өзінің кәсіби іс-әрекетінің элементтерінің болуымен сипатталады. Мұндай ерекшеліктер өзін-өзі анықтау деңгейінің жетістігінің критеріі болып табылады. Екінші деңгей - кәсіби өзін-өзі анықтауды көрсету (дербес іс-әрекетке көшу) функциональдық міндеттерді дербес орындауда оның дұрыстығымен сипатталады. Бұл деңгейге жетудің критеріі болып маманның кәсіби міндеттерді орындаудағы жетістігі болып саналады. Кәсіби өзін-өзі анықтаудың үшінші деңгейі – кәсіби дербестілігінің толықтығы, яғни жас мұғалімдердің бойында ұғымдардың міндетін жүктеу және жақсы дайындық. Зерттеулер бойынша 82% оқиға 3-4 жылда дербес жұмыс істеуге, ал кейбіреулерінде бұл процес аз мөлшерде кішкене белгілі бір уақыт аралығына дейін созылады. Бұл жерде мұғалімдердің кәсіби өзін-өзі анықтаудағы тұрақсыздықта кездесетін әлеуметтік- психологиялық факторлар және шағын мотивациялық мақсат бейімделуге ықпал етеді. Кәсіби өзін-өзі анықтаудың бұл деңгейі (үшінші) барлық кәсіби міндеттерді дербес орындаумен және олардың белсенділік танытуымен, шығармашылық тұрғыда келуімен және оқу-тәрбие процесінің сапасын, эффективті жағдайын іс-әрекет тарапынан мектепте педагогикалық ұжымда психологиялық дұрыс климаттың болуымен сипатталады. Бұл деңгейге жетудің критеріі болып іс-әрекеттің сапасы және эффективтілігінің бір-бірімен сәйкестілігінің талаптары мен нормалары болып саналады. Кәсіби өзін-өзі анықтау эффективті түрде практикалық шеберліктерінің қалыптасуына ықпал етеді. Олар толығымен базалық

пәндер бойынша кәсіби дайындық деңгейіне тәуелді, сонымен қатар кәсіби белсенділікке (инициатива (бастамашылық), шығармашылық, жаңашылдық), іс-әрекеттің профилі бойынша және танымдық белсенділіктің терең теориялық білімнің негізіне сүйенеді. Төртінші деңгей – кәсіби шеберлік. Бұл педагогтың жоғары шарықтаған қоғамдық және кәсіби белсенділік, жауапкершілік, кәсіби өзін-өзі басқара алатын маман болып есептеледі. Деңгейдің жетістігінің критеріі: нормативтерді бәрінен артық санау және іс-әрекеттегі кәсіби шеберлік. Төртінші деңгейге ЖОО-да студенттік өмірдегі 4жыл бойы дербес жұмыс жүргізген немесе ЖОО-да дейін кәсіби өзін-өзі анықтаған тұлғалар жетеді. Олар іс-әрекетте өздерін жоғары эффективті белсенділік және шығармашылық негізінде көрсетеді. Студенттің жеке басының қалыптасуы мен дамуына жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері әсер ететінін ескеру қажет. Қорыта келгенде, педагог мамандығы кәсіби іс-әрекеттің жалпы сипаттамасы позициясынан «Адам-Адам» қатынастар схемасында оның ерекшелік түрі болып табылады, ол ең алдымен, студенттерді оқу пәнінің құралдарымен және өзінің педагогикалық іс-әрекеттің тәсілдерінің көмегі арқылы дамыту мақсатымен анықталады [8: 27]. Зерттеудің нәтижелері ретінде келесі қорытындылар белу мүмкін:

- а) егер ұстаз кәсібін таңдауда мотивтер педагогикалық болса, бірінші курс студенттерінде кәсіби өзін-өзі табу табысты болады;
- ә) әртүрлі кәсіби бағдар берудің педагогикалық сыныбы ұзақ мерзімнен өткен студенттерде кәсіби өзін-өзі табу нәтижелі және олар жаңа жағдайларға ЖОО-да сұхбаттасу жағдайларына бейімделуден табыстырақ;
- б) тәжірибе көрсеткендей, кәсіби өзін-өзі анықтау үрдісін белсенді ету не жылдамдатудың негізгі жолдарының бірі - педагогикалық кәсіпке кәсіби бағдар берудің ұзақ мерзімді түрлері (ЖОО-да технологияны тереңдетіп оқыту) болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бабанский Ю.К. Проблема повышения эффективности педагогических исследований. – М.: Педагогика, 1982. – 190 с.
2. Петровский А.В. Проблемы развития личности с позиции социальной психологии // Вопросы психологии. – 1975.- №3. – С. 26
3. Хмель Н.Д. Біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясы: Оқу құралы. – Алматы: Print-S, 2005. -140 б.
4. Т. Сабыров. Болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығын жетілдіру. /Көмекші құрал/ - Алматы. Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999 ж., 83 б. Б.43
5. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2000.
6. Р.Т. Игенбаева. Жоғары мектеп педагогикасы. Алматы: ЖШС «Эверо», 2009.-169 бет. Б.110.

ОӘЖ: 159.9.

Сулейменов О.

Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университетінің 2-курс магистранты, Семей қаласы
Ғылыми жетекшісі: **Дакина Г.Т.**

Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университетінің аға оқытушысы, Семей қаласы

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМ ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚАРЫМ - ҚАТЫНАСТЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Мақалада болашақ мұғалімнің тұлғалық қалыптасуындағы қарым -қатынастың ролі қарастырылған. Қазіргі қарым - қатынастың маңыздылығына жан - жақты сипаттама берілген.

Түйін сөздер: қарым - қатынас, тұлға, субъект, студент, педагог.

В статье рассмотрена роль общения в личностном формировании будущего учителя. Дана всесторонняя характеристика важности современного общения.

Ключевые слова: общение, личность, субъект, студент, педагог.

The article considers the role of communication in the personal formation of the future teacher. A comprehensive description of the importance of modern communication is given.

Keywords: communication, personality, subject, student, teacher.

Білім беру мекемелеріндегі тәрбие процесін ұйымдастыру жұмыстарында жастарды қарым - қатынасқа тәрбиелеудің теориялық және әдістемелік негіздерін жасау өте маңызды мәселенің бірі.

Жалпы білім беру мекемелеріндегі әлі де шешімін таппай келе жатқан өзекті мәселе болашақ мұғалім тұлғасын қалыптастырудағы қарым - қатынастың ролін көтеру.

Қазақстанның ХХІ ғасырдағы басты даму жолын белгілеп берген «Қазақстан – 2030» атты стратегиялық жоспарында халықтың рухани жаңаруына ерекше маңыз берілген. Адамдардың ой-санасын бір сәтте өзгерту мемлекеттің қолынан келмейді. Бірақ мемлекет өзгерістер процесін, объективті тенденцияларды түсіндіру, маңызды ақпаратты халыққа жеткізу жолымен де және ең бастысы, өзіндік молшылыққа бағытталған әлеуметтік-экономикалық саясатты іске асыру жолымен жеделдетуге қабілетті.

Тұлғаның қалыптасуы, дамуы – күрделі процесс. Ал жеке тұлғаны мақсатты түрде қалыптастыратын - тәрбие. Тәрбие үрдісінде тұлғаның даму жағдайына үнемі көңіл аударылу қажет. Жеке тұлғаның дамуы шиеленіссіз, қайшылықсыз өтпейді. Сондықтан тәрбиелік істерді ұйымдастырып, жүзеге асыруда үнемі қарама-қайшылықтар туып отырады. Дамудың қозғаушы күші - қарама-қайшылықтар. Тәрбие заңдылықтары мен дамуды Н.И.Болдырев, М.А.Данилов, Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, Г.И.Щукина, Б.Т.Лихачев т.б. еңбектерінде зерттеген.

Қарым-қатынас - бұл әлеуметтік-психологиялық құбылыс, ол адам өміріндегі көптеген рухани және материалдық құндылықтарды қамти отырып, оның өміріндегі ең жоғары қажеттіліктердің бірі. Дегенмен, бір қарағанда қарым-қатынас ұғымы баршаға танымал және қандай да мағыналы қиындықтармен байланысты емес көрінеді. «Қарым-қатынас» сөзімен біз кәсіби, жеке, шығармашылық және тағы басқа жалпы қызығушылықтардың төңірегінде пайда болған қарапайым түсініктерді, яғни адамдардың бір-бірімен байланысын және қатынастарын, таныс немесе бейтаныс адамдармен кездесулерін, жеке қатынастарын түсіндіруге тырысамыз. Адам қоғамда, өзін қоршаған адамдар тобында өмір сүреді және дамиды, оның талаптарына сай өз пікірі мен мінез-құлқын өзгертеді, топтың өзге қатынасушыларымен бірлескен іс-әрекет ықпалымен түрлі сезімдерді бастан кешеді. Алайда мұның барлығы өзге адамдармен ақпарат алмасудан ғана болады, оларды жақсы тани отырып, біздің әрқайсысымыз қалай да болса қатынасқа түсеміз.

Қарым-қатынас мәселесіне мәдени-тарихи психологияның негізін салушы Л.С. Выготский баға жетпес үлес қосты [1]. Қарым-қатынастың тұлға санасына қайта жасалу механизмдерін түсіну Л.С.Выготскийдің ойлау мен сөйлеу мәселесін зерттеу барысында ашылады. Оның зерттеулерінде қарастырылатын қарым-қатынастың тұлға санасында мәдени аспект ретінде тасымалдануының мәдени-тарихи мәнін В.С.Библер нақты былай дейді: «Әлеуметтік байланыстардың терең санаға ену процесі (Выготскийдің ішкі сөйлеудің қалыптасуын талдауы) - логикалық жоспарда - ашық және қатысты «мәдениет бейнелерінің» дербестілігінің, оның дайын феномендерінің ойлау мәдениетіне айналуы. Әлеуметтік байланыстар ішкі сөйлеуге еніп қоймай, онда олар түбегейлі қайта жасалады, әлі жүзеге асырылмаған жаңа мәнге, сыртқы әрекетке жаңа бағытқа ие болады». Қазіргі психологияда қарым-қатынас табиғи және әлеуметтік құбылыстардың барлық түрлерін сипаттау үшін пайдаланатын, өзара әрекеттестігі түсінігінің синонимі ретінде қарастырылады. С.И.Ожегов сөздігі бойынша, өзара әрекеттестік - екі құбылыстың өзара байланысы [2]. Философиялық сөздікте өзара әрекеттестік - «өзара ықпал», «кез келген байланыс және материалды объектілер мен құбылыстар арасындағы қатынас» ретінде пайымдалады. Ал өзара әрекеттестік - «субъектінің бір-біріне тікелей немесе жанама ықпал ету, олардың өзара шарттастығын тудыратын процесс» ретінде анықталады.

Бүгінгі студенттердің өзін-өзі тану процесі, тұлғалық қалыптасуы тиімді өтуі үшін ол өз таңдап алған педагогикалық қызметті жүргізудің жолында қажетті қарым - қатынастың ең өзекті аспектілеріне арқа сүйеп және оқу үрдісінде өзін-өзі тәрбиелеуі тиіс.

Тәрбиедегі басты мәселе-студенттің жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуды көздеу, соны орындағанда ғана олардың жауапкершілігін арттыру жүзеге асады. Ал қоғамға қызмет ететін тұлға тәрбиелеу мақсаты көзделсе, онда өз пікірі арқылы ғана әрекет ететін тұлға тәрбиелеу мүмкіндігі шектеледі.

Қарым-қатынас - адамзат үшін әртүрлі деңгейде, әртүрлі кезеңде қалыптастыруды қажет ететін құбылыс. Қарым-қатынасты білім мен біліктілік, дағды және адамның ішкі құндылықтарына негізделген мәдени сауаттылық, танымдық іс-әрекет дамуының деңгейі ретінде қарастыруға болады. Тұлғаның жеке бас қасиеттері қарым-қатынас процесінде дамиды. Қарым-қатынас оның танымдық іс-әрекетіне ықпал етіп, психикалық процестерінің қалыптасуына негіз болады. Қарым-қатынас арқылы болашақ мұғалімнің кәсіби мәдениетін қалыптастыруға болады.

Қарым-қатынас мәселесінің мән-мағынасын, тұлға дамуында маңыздылығын, қолданылу аясы туралы қазақстандық психолог ғалымдардың (С.М.Жақыпов, Ә.Ж.Алдамұратов, С.Қ.Бердібаева, Қ.Т.Шерьязданова, Н.А.Ладзина, Н.Қ.Тоқсанбаева, С.А. Елеусізова т.б.) да еңбектерінің алатын орны ерекше. Сонымен қатар, тұлғаның дамуы мен қалыптасуында өз халқының тарихы мен ұлттық құндылықтарды пайдалану белсенділігі (М.М. Мұқанов, Қ.Б. Жарықбаев, С.М.Жақыпов, С.Қ.Бердібаева, Л.К.Көмекбаева т.б.) жоғарылап, оны қолдануға деген қызығушылық артып келеді.

Қазіргі жағдайда нарықтық қатынастың дамуы және бәсекелесуде кез келген мамандықтарда болашақ мұғалімнің кәсіби этикалық мәдениетін қарым – қатынас үрдісінде қалыптастыру рөлі күшейе бастады. Әсіресе оның тиімділігі кәсіби мамандардың іс-әрекетінің нәтижесіне қатты әсерін тигізеді. Осы орайда бәсекелесу жағдайында тұлғаның болашақ мамандық иегері ретінде кәсіби қарым-қатынастың тиімді формаларын меңгеруі қазіргі таңда маңызды болып табылады.

Сонымен қарым-қатынас пен іс-әрекет байланысын түрліше түсінуге болады. Ол, Г.М. Андрееваның пікірінше (1980), адамның әлеуметтік болмысының екі жағын бейнелейтін, тең мәнді категориялары ретінде болуы мүмкін және қарым-қатынас іс-әрекеттің ерекше түрі ретінде интерпритацияланады [3].

Қарым-қатынас - ортақ нәтижеге қол жеткізу мен қатынасты жақсарту мақсатындағы олардың күшін біріктіруге және келісімге келуге бағытталған екі (немесе одан да көп) адамның өзара әрекеттесуі. Іс-әрекет бағыты тұрғысынан қарым-қатынас – бұл бірлескен іс-әрекет жасау қажеттілігінен туындайтын және басқа адаммен ақпарат алмасу, өзара әрекеттестіктің ортақ жоспарын құру, сол адамды қабылдау мен түсінуден туатын, адамдар арасында байланыс орнату мен оны дамытудың күрделі және көп деңгейлі процесі. Қарым-қатынас – адам қатынасының күрделі түрі. Қарым-қатынастың кез-келген түрі қарапайым болып көрінгенімен, объективті және субъективті сипаттағы күрделі заңдылықтарға бағынады [4]. Адамдардың қарым-қатынас түрлерін терең білуі – олардың әртүрлі нәтижелі қызметінің қажетті шарты.

Кең мағынада қарым-қатынас дегеніміз - адамның жеке және әлеуметтік өмірінің міндетті шарты болып табылады. Адамдардың бірлескен іс-әрекет ету процесінде адамның белгілі мінез-құлық үлгісі мен түрі қалыптасады. Бірте-бірте олар тұлғаның құрылымымен астасып кетеді. Қарым-қатынас процесі барысында адам өзінің ішкі «Менін», сонымен қатар әлемнің бейнесін санасында қалыптастырады. Адамдардың қарым-қатынасы әр түрлі критерийлер негізінде бағаланады. Оның біреуі қарым-қатынастың тиімділігі болып табылады. Оқытушылар алдында болашақ мұғалімдерді оқу іс-әрекетінің субъектісі ретінде қалыптастырудың психологиялық – педагогикалық міндеті тұр, бұл ең алдымен, оны өз іс-әрекетін жоспарлау, ұйымдастыру ептілігіне, толықтай оқу, қарым-қатынас жасау іскерлігіне үйретуді ұйғарады. Мәселені осылайша қою табысты оқуға қажетті оқу іс-әрекеттерін және тұлға қалыптасуының аспектілерін анықтауды және оларды қалыптастыру бойынша жұмыстарды нақты ұйымдастыруды талап етеді.

Болашақ мұғалімдердің жоғары оқу жағдайындағы дайындығы жан-жақты ұйымдастырылуы тиіс. Теориялық терең білімге қоса тәжірибелік дағдылары, адамгершілік қалыптасуы, тұлғалық мүмкіндіктері және кәсіби бағдары жетілген маманды дайындаудың күрделілігі сөзсіз. Дегенмен, жаңа заман маманын дайындау атап өтілгендердің барлығы ескерілгенде ғана, ХХІ ғасырға сай жоғары білімді кәсіби маманды қалыптастырудың мүмкіндігі туады.

Болашақ кәсіби мамандарға білім беруді әр мамандықтың өзіндік ерекшелігіне қарай ұйымдастырудың қажеттілігі анық. Соның ішінде педагог кадрларды даярлаудың психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-экономикалық және технологиялық негіздерін нақтылау міндеттері тұр. Педагогикалық мамандық бойынша білім алушы студенттерді педагогикалық іс-әрекетке үйретудің қазіргі заманға көзқарастары бұған дейін қалыптасып қалған түсініктерге де жаңаша қарауды ұсынады.

Болашақ ұстаз бұл жағдайға жетудің күрделілігін сезіне отырып, қарым - қатынас мәдениетін меңгеруге тәжірибелі оқытушының көмегімен оған дайындық жасауға мүмкіндік алады. Жан - жақты, заман талабына сай білікті, болашақ мұғалім мамандарды дайындау жоғары оқу орнындағы бүкіл оқу үрдісін ақпараттандыру мәселесін жеделдеткенде, инновациялық оқыту технологиясын енгізгенде, сонымен қатар, оқытудың әлемдік озық үлгілері мен халқымыздың төл педагогикалық қағидаларын пайдаланғанда мүмкін болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Выготский Л.С. Собрание сочинений в 6-ти тт. Т.6. - М.: Педагогика. 1984.304 с.

2. Ожегов С.И. Словарь русского языка. – М.: Русский язык, 1986.
3. Андреева Г.М. Психология социального познания: Учебн. Пособие для студентов высших заведений. – М.: Аспект Пресс, 2000. – 288 с.
4. Шадриков В.Д. Психология деятельности и способности человека. 2-е изд. перераб. и доп. – М., 1996. – 557 с.
5. Тоқсанбаева Н.Қ. Психологиядағы қарым-қатынас мәселесі // Білім беру жүйесінде адам ресурстарын басқарудың қазіргі тенденциялары: Халық аралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, - Алматы, 2005.-345-347 б.
6. Горянина В.А. Психология общения. –М.: Академия, 2005. – 416 с.

ОӘЖ: 378.12

Уразбаева А.К.

Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университетінің 2-курс магистранты, Семей қаласы

Ғылыми жетекшісі: Аязбекова Р.А.

псих.ғ.д., Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, Семей қаласы

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІНЕ СӘЙКЕС ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада құзіреттіліктің теориялық мәселелеріне сипаттама берілген. Сонымен қатар құзіреттілікке сәйкес шығармашылықты дамыту жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: құзіреттілік, қабілеттілік, шығармашылық, креативтілік.

В статье дано описание теоретической проблемы компетентности. А также рассматриваются пути творческого развития соответствующие компетентности.

Ключевые слова: компетентность, способность, творчество, креативность.

The article describes the theoretical problem of competence. And also the ways of creative development of the corresponding competence are considered.

Keywords: competence, ability, creativity, creativity.

Болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігі оқытудың қазіргі теориялары туралы білімдеріне, оқыту технологияларын меңгеруіне, жаңашылдықпен дидактикалық ойлауының дамуына негізделеді. Кәсіби құзіреттілік шұғыл түрде дидактикалық шешімдер қабылдауға, дидактикалық мақсаттарды қысқа уақытта шешудің жолдарын табуға, оқытудың әдіс-тәсілдерін таңдауға негіз болады.

Кәсіби құзіреттілік педагогикалық кәсіби шеберлікті дамыту ресурстарымен байытылған, себебі ол танымдық-гносеологиялық, реттеу, вариативті және интегративті қызметтер атқарады. Құзіреттілік басқа кәсіби құзіреттілік түрлерімен тығыз байланысты. Олар: рефлексивті-дидактикалық, коммуникативті-дидактикалық, психологиялық-дидактикалық, ақпараттық-дидактикалық т.б. Болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін дамытудың жетекші құралдарына педагогикалық технологияларға бағытталған құзіреттілік, педагогикалық, психологиялық тәжірибенің мүмкіндіктерін жүзеге асыру жатады.

Құзіреттілік бірінші орынға білімгердің ақпаратты сауаттылығын емес, оның мәселені дұрыс шеше білу қасиетін қояды. Егер болашақ маманның құзыреттілігінің қалыптасуын орта кәсіби білім беру жүйесінің аумағында қарастырсақ, онда білім, білік, дағды мүмкіншілігі, яғни, бір сөзбен педагогикалық қызметке маманның қаншалықты дайын екендігі туралы айтуға болады. Кәсіби құзіреттілік деп - педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Болашақ маман өз ісінің шебері, жақсы маман болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, әлемдік білім кеңістігінің өресінен шыға алуға талпынуы керек.

ЖОО-ны студенттерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру жөніндегі пікірін «кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі», - деп тұжырымдаған ғалым Б.Т.Кенжебеков болып табылады [1]. Ғалымның пікірі бойынша, құзыреттілік жансыз, жаттанды білім түрінде емес, жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім шығаруға, оның барысы мен

нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген біліктіліктерінің белсенділігінен көрініс табады.

Біздің зерттеуімізде, жоғары білім беру жүйесінде болашақ психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға теориялық тұрғыда талдау жасалды, өйткені олар психологиялық үрдісті жетілдіруге көмектеседі.

Қоғамның сұранысын қанағаттандыру ұстаздан жоғары мәдени адами құндылықтар мен сенімдердің қалыптасқан жүйесін, кәсіби белсенділік пен өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылысты талап етеді. Осыған байланысты мұғалім тұлғасын үнемі шыңдап отыру қажет. Міне, болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жүйесінің негізгі міндеті осыдан туындайды: ол маманның кәсіби құзыреттілігін тұлғалық қасиеттерімен үйлесімді дамыту болып табылады. Еркін әрі белсенді ойлауға, оқу тәрбие үрдісін моделдеуге, жаңа идеяларды өзі туындатып, іске асыруға қабілетті маман кәсіби құзыреттілігінің деңгейін көтеру мәселесі - қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайға өзекті проблемалардың бірі болып табылады. Біріншіден, кәсіби құзыретті оқытушы оқу-тәрбие жұмысы барысында шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға жағымды ықпал ете алады, екіншіден, өзінің кәсібінде үздік нәтижелерге қол жеткізе алады, үшіншіден, өзінің кәсіби мүмкіндіктерін толығымен жүзеге асыра алады.

Білім сапасы педагог қызметінің сапасына тікелей байланысты. Педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесінің табысты болуы болашақ маманның тұлғалық қасиеттерімен де тығыз байланысты болып келеді. Болашақ маманның кәсіби маңызды қасиеттерін зерттеумен айналысқан педагогтар: А.К.Маркова, Л.М.Митина, Н.В.Кузьмина, В.П.Симонов, К.Д.Успанов, А.А.Молдажанова т.б.

Педагог шығармашылығы деп - өзгермелі жағдайларда педагогикалық міндеттерді шеше алу процесін атауға болады. Шығармашыл тұлғаның ерекше жеке іскерлік қасиеттерін ерекшелендіріп тұратын қасиеттерін «креативтілік» - деп атаймыз [2]. Зерттеушілер Е.С.Громов және В.А.Мояко креативті іскерліктің мынадай белгілерін көрсетеді: ерекшелік, эвристикалық, фантазия, белсенділік, анықтылық-нақтылық, сезімталдық және т.б. Шығармашылық педагогқа бастамашылдық, дербестік, ойлау, сезіну, танымға деген құштарлық сияқты қасиеттерді меңгеруді қажет етеді. Атақты педагог ғалым В.А. Сухомлинский «Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүрекпен ұға білу болып табылады» - деп ұстаздық өнерге ерекше баға берген.

Болашақ мамандарға тәрбие беру ісінде, педагогтың атқаратын міндеті өте зор. Бұл мәселе әрқашанда педагогика ғылымының өзекті мәселелері болып табылады. Адамгершілік, әдептілік, имандылыққа тәрбиелеу ісінің жеке өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары бар.

Шығармашылық - жаңаны жасаудағы процесс, креативтілік – адамның ішкі ресурсы, әлеуеті. Креативтілік - адамның шапшаң, нақты ойлау, жоғары қызығушылықтарға негізделген бай қиял және проблеманы жылдам түсіну қабілетімен танылады. Креативтіліктің негізгі шартының бірі – адамның өзін-өзі ұстауы мен өзіне деген сенімділігі. Креативтілік тек қана ойлау операцияларының сапасымен ғана емес, тұлғалық сипатымен, шығармашылық кезеңдеріне қажетті білім, білік, дағдыны меңгеру деңгейімен ерекшеленеді.

Креативтілік - тұлғаның өзін-өзі дамытудағы маңызды фактор. Адамның креативтілік процеске дайындығы оның тәжірибеге деген ашықтығымен анықталады [3].

Шығармашылық көзі – танымдық қызығушылық, интеллектуалдық қабілет, білім, ойлау стилі, тұлғалық мінездеме, мотивация және қоршаған орта. Креативтілік факторлары – тұлғалық бағытталу, жағдайға талдау жасау, шығармашылық процесс, шығармашылық нәтиже.

Зерттеу жұмысында көрсетілген мәселелерді теориялық тұрғыда саралай отырып және мектеп практикасындағы қалыптасқан іс-тәжірибелерді зерделей келе, біз «құзыреттілік» ұғымына мынадай анықтама береміз: «құзыреттілік» – жеке тұлғаның жаңа жағдайда өзекті мәселенің шешімін табуға танымдық бағдары негізінде, психологиялық сапаларын дамыта отырып, білімдік-рухани құндылықтарға жетуге ұмтылысымен сипатталатын және шығармашылық қабілетті дамытуға жетелейтін танымдық сапасы» [4].

Оқу процесінде тұлғаның шығармашылық сипаттағы тапсырмаларын жүйелі түрде ұйымдастыру және оны болашақтағы кәсіби бағдарымен сабақтастыра зерттеу болашақ маманның дидактикалық құзыреттілігіне де байланысты. Өз пәнін жетік меңгерген және оның мазмұнын жаңа біліммен үнемі толықтыра отырып, шығармашылықпен жұмыс істеуі, өз болмысын терең зерделей

отырып, жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына өзінің қолтаңбасын қалдыруына, рухани тұрғыда терең түсінуі педагогтың ішкі құндылық бағдарына байланысты.

Ғылыми зерттеу жұмысының бірінші кезеңінің нәтижесінде ЖОО студенттерінің зерттеу пәні ретіндегі кәсіби құзыреттіліктің жоғары білім беру жағдайына қатысты басты критерийлері мен көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік беретін педагогикалық-психологиялық шарттардың мәнін ашып көрсеттік.

Кәсіби білім беру мақсатына сай жоғары білім беру жүйесіндегі оқыту негізінде белсенді әдістер арқылы шығармашылық жұмыс жасауда интерактивті оқыту әдісінің орны ерекше. Студенттер оқу сабақтарына ұжымдық түрде қатынасып, қойылған міндеттерді шешеді [4]. Интерактивті әдіс үшін сыртқы шарттарды ескеру, пән сабағына қызығушылық таныту, ішкі үйлесімділік сезіміне баулу, күрделі жағдайлардың оңтайлы шешімдерін іздестіру, кіріктіре білу, оның механизмін дайындай алу қажеттігі туындайды.

Қазіргі уақытта құзыреттілік шешуші мәнге ие болып, білім беру жүйесі дамуының басым бағытына айналды.

Құзыреттілік бірінші орынға білім алушының ақпаратты сауаттылығын емес, оның мәселені дұрыс шеше білу қасиетін қойса, кәсіби құзыреттілік - маманның жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Болашақ маман өз ісінің шебері, жақсы маман кәсіби құзыретті болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, әлемдік білім кеңістігінің өресінен шыға алуға талпынуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жағдайында болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру. – Қарағанды, 2005.
2. Сыздықбаева Г.У. Формирование профессионально-личностной компетенции студентов педагогических вузов. Алматы, 2006.
3. Шакуров Р.Х. Компетенции в области профессиональной деятельности. – Казань, 2002.
4. Кларин М.В. Инновационные модели обучения в зарубежных педагогических поисках. – Москва, 1994.

ОӘЖ:4С(КАЗ) (038).001.5

Уразбаева Айжан Карловна

Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, Педагогика және психология мамандығының магистранты, Семей қаласы

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мақалада құзыреттілік түсінігіне анықтама бере отырып, студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары көрсетілген. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда шетелдік, отандық және кеңестік ғалымдардың пікірлері баяндалған.

Түйін сөздер: құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, педагогикалық шарттар.

В статье дается определение понятию компетенция, рассмотрены педагогические условия формирования компетенции студентов. Рассмотрены взгляды отечественных и зарубежных ученых о формировании профессиональной компетенции.

Ключевые слова: компетенция, профессиональная компетенция, педагогические условия.

The article deals with pedagogical condition of formation student's competition and given definition of matter competence. Also there examined native and foreign scientists point of views according formation of professional competence.

Keywords: competence, professional competence, adaptation, pedagogical innovation.

Елімізде қазіргі таңда қалыптасқан еңбек нарығы білімді, шығармашылық деңгейі жоғары, іс-әрекеттің сан түрлі саласында өз білімі мен іскерлігін қолдана алуға қабілетті мамандардың кәсіби дайындығының деңгейіне және сапасына қойылатын талаптарға өз ықпалын тигізуде. Осы орайда, жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, шебер, бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің бүкіл қызметін осы бағытқа қарай бұруы заңды құбылыс, себебі, қоғам өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен

сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына деген талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби құзыретті мамандарды қажет етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасында «Ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі үшін адам капиталының сапасын көтеріп, кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыруымыз қажет» деген нақты тапсырма міндеттесе, «Қазақстан-2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс» - деп болашақ мамандарды сапалы дайындау мәселесін ерекше атап көрсетті. Осы міндеттерді шешудің басты тетігі - жан-жақты дамыған, мамандығына сай кәсіби құзыреттілігі жоғары тұлғаны дайындау болып табылады [1].

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында жоғары білім берудің ұлттық деңгейдегі басты мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға

дайын, кәсіби құзыретті тұлғаның қалыптасуына ықпал ету деп нақты көрсетілген. Әлемдік тәжірибе мен ұлттық практика негізінде дайындалған бұл ресми құжатта әрбір оқушының жас ерекшеліктерін ескере отырып, білімнің мазмұнын меңгеруге бағытталған үш түрлі құзыреттіліктер жиынтығын игеруі мақсат етілген, олар: өзіндік менеджментке жататын өмірде кездесетін мәселенің шешімін табу құзыреттілігі; ақпараттық құзыреттілік; білімді игерумен бірге жүретін қарым-қатынастық, коммуникативтік құзыреттілік.

Дамыған елдердің оқыту жүйесінде кеңінен қолданылған «құзыреттілік», «құзырет» ұғымдары жаңа білім стандарты ұстанған басты бағыт ретінде біздің еліміздің білім беру жүйесіне де енді. Мұндай аса жауапты білім деңгейіне жету үшін оқу үдерісін соған сай ұйымдастыра білетін, аталған құзыреттіліктерді игерген, кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан мамандарды даярлау міндеті тұр.

Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде соңғы жылдары кеңінен қарастырыла бастады.

Құзыреттілік теориясы Г.В.Вайлер, Ю.В.Койнов, Я.И.Лефстед, Н.В.Матяш, В.В.Сериков, Р.Уайт, В.Чинапах және т.б. еңбектерінде негізделген.

«Құзыреттілік» және «құзырет» ұғымдары мәселесін талдаған шетелдік ғалымдар қатарына Дж.Равен, Н.Хомский, А.В.Хуторской, Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, И.А.Зимняя т.б. жатады.

Отандық педагогикада «құзыреттілік» ұғымы көбіне кәсіби дайындық, кәсіби шеберлік пен мамандықты меңгеру деңгейі ретінде қарастырылып, кәсіби-тұлғалық құзыреттілік түсініктері мен кәсіби маман даярлау мәселелерімен айналысып жүрген алыс және жақын шетел ғалымдарымен қатар отандық педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс табуда. Оған мына отандық ғалымдарымыздың, атап айтатын болсақ, А.Е.Әбілқасымованың, Б.Б.Баймұхановтың, М.Ә.Құдайқұловтың, Ж.А.Қараевтың, Б.Т.Кенжебековтың, С.Е.Шәкілікованың, А.Нұғысованың, С.Р.Рахметованың, Б.А.Тұрғынбаеваның, Ш.Х.Құрманалинаның, Ә.М.Мұқанбетжанованың, Т.Қ.Оспановтың, Ж.Т.Қайыңбаевтың, Б.М.Қосановтың, Қ.А.Аймағанбетованың, К.С.Құдайбергенованың, Г.Ж.Меңлібекованың және т.б. пайымдаулары мен тұжырымдамалары негіз бола алады.

Б.А.Тұрғынбаева шығармашыл оқытушыға тән құзырлылықты былайша сипаттайды: «педагогикалық ақиқаттағы проблеманы көре білу; оны тиімді шешу үшін қажетті ақпаратты тез арада таба білу, ондағы негізгіні анықтай алу; нәтижені болжай білу; жаңалықты тәжірибеге енгізе алу; әрекетін зерттеп талдай алу; нәтижеге шығармашылықпен сыни баға бере алу» [2]. Бұдан келе біз бұл автордың құзыреттілікті кез келген істің тәжірибеде көрініс табуы дегенін байқаймыз.

Б.Т.Кенжебеков құзыреттілік жөнінде: «Құзыреттіліктің бар-жоғын адам еңбегінің нәтижесіне қарап пайымдау қажет. Кез келген қызметкер, өз әрекетімен кәсіби іс-әрекеттің түпкі нәтижесіне сай талаптарға жауап беретін жұмыстарды орындаса ғана, кәсіби құзыретті болып саналады», – деп анықтама берген [3]. Өз еңбектерінде К.С.Құдайбергенова «құзырлылық – адамның өздік даму жолындағы ізгілік идеялар мен ұстанымдарға негізделген кіріктірілген сипаттамасы, ол құзыр – адамның тұлға болып қалыптасуындағы қызмет барысында байқалатын мінез-құлқы» деп тұжырым жасайды [4].

Г.Ниязова зерттеу жұмысында «құзыреттілік» ұғымына «Білім беру құзырлары – бұл білім алушылардың мағыналық бағдарлары, білімдері, біліктіліктері мен тұлғалық және әлеуметтік іс-әрекетін жүзеге асыруына қажетті нақты анықталған объектілер шеңберіне қатысты тәжірибелерінің жиынтығы» – деп анықтама береді [5].

Г.Меңлібекова болашақ педагогтің әлеуметтік құзыреттілігінің қалыптасуына үлкен мән береді. Оның пікірінше, әлеуметтік құзыреттілік – адамның әлеуметтік шындықты құндылық ретінде түсінуінің, әрекетті басқарудағы нақты әлеуметтік білімінің, өзін анықтаудағы субъективтік қабілетінің, әлеуметтік технологияны жүзеге асыру біліктілігінің бірігуі ретіндегі кіріктірілген сапалық қасиеттері [6].

Тағы бірқатар Қазақстан ғалымдары М.Жадрин, С.Мұқанова, Н.Н.Нұрахметов, Р.А.Сүлейменова және басқалар білім берудегі құзыреттілікті зерделеу негізінде төмендегідей анықтама береді: «Базалық құзыреттілік дегеніміз – мектеп қабырғасындағы оқушылардың ересек өмір сүруге, азаматтың рөлін ойнауға және білім алуды өмір бойы жалғастыруға дайындығы. Түйіндік құзыреттілік – барлық әлеуметтік мүмкіндіктерді проблемалық жағдаяттарды шешуге жұмылдыру; алған білім, білік және дағдыны, өмірлік тәжірибені белгілі бір мақсатқа қол жеткізуге шоғырландыруға қабілеттілік».

Сонымен, кәсіби білім берудегі құзыреттіліктер түйіні нәтижелерге жетуді көздейді. Мұны жоғары білім беру жүйесіндегі болашақ педагог мамандарын даярлауда ескеру қажет деп есептейміз.

Жоғарыда аталған еңбектерге талдау жасау арқылы құзыреттілікті үш топқа бөліп қарастырылатыны айқындалды:

Бірінші топ, адамның жеке тұлғалық іс-әрекет пен қарым-қатынас субъектісі ретіндегі құзыреттіліктер.

Екінші топ: адамның өзара іс-әрекеті мен әлеуметтік саласына қатысты құзыреттіліктер.

Үшінші топ: адамның іс-әрекетіне қатысты құзыреттіліктер. Қорытындылай келе, біз ғалымдардың пікірлерін басшылыққа ала отырып, «құзыреттілік» ұғымына – болашақ педагог мамандардың жеке тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты меңгерген білімдерін, дағдыларын мен біліктерін, танымдық және тәжірибелік іскерлігін өмірде дұрыс қолдануы деген түсінік береміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // «Қазақстан-2030» Стратегиясы – жедел өзгермелі тарихи жағдайлардағы жаңа Қазақстанның жаңа саяси бағыты. Астана, Ақорда 14.12.2014 ж.
2. Тұрғынбаева Б. А. // Білім берудегі менеджмент. - 2012. -№ 1. - Б. 21-24
3. Кенжебеков Б.Т. Сущность и структура профессиональной компетентности специалиста // Высшая школа Казахстана.–2002.–С.81-84
4. Құдайбергенова К.С. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері // Алматы, 2012 ж.-Б.101-114
5. Сластенин В.А. Формирование личности учителя в процессе профессиональной подготовки. - М.: Педагогика, 1976. - 236 с.
6. Кенжебеков Б.Т. Болашақ педагогтің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері. – Алматы: ТОО «Стандарт», 2006–260 б.

ОӘЖ:159.9.019

Шаменов М.Е.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің ІІ – курс магистранты, Семей қаласы
Ғылыми жетекшісі: **Абдуллина Г.К.**

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің аға оқытушысы, Семей қаласы

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Мақалада психологиялық қызметті ұйымдастырудың теориялық негіздері жайлы көзқарастар қарастырылған. Психологиялық қызметтің мақсаты мен міндеттері, қазіргі кездегі маңыздылығы жан-жақты сипатталған.

Түйін сөздер: психологиялық қызмет, жеке тұлға, әлеуметтену.

В статье рассмотрены взгляды о теоретической основе организации психологической службы. Всесторонне охарактеризованы цели и задачи, современная важность психологической службы.

Ключевые слова: психологическая служба, личность, социализация.

The article considers the views on the theoretical basis of the organization of psychological service. Comprehensively characterized the goals and objectives of the contemporary importance of psychological services.

Keywords: *psychological service, personality, socialization.*

Психолог маманның негізгі әрекеті психологиялық қызмет. Психологиялық қызметтің өмір тәжірибесінде каншалықты маңызды екендігін жете түсіндіріп, оны іс жүзінде қолданудың нақты шаралары мен әдіс-тәсілдерін іздестіру психологиялық сипаттағы күрделі мәселе болып саналады. Психологиялық қызметтің іске асырылу сипаттары түрліше мазмұнда және әр қилы формада болуы мүмкін. Бұл мәселенің гносеологиялық негізі жеке адамның, дара тұлғаның жан-дүниесін белгілі бағытта дамыту мақсат-мүдделерін көздейді. Психологиялық қызметтің шығуы мен даму жолы әлемдік әдебиетте, бұрынғы кеңестік заманда құлаш жайып, кең ауқымда қамтылмаған мәселелер қатарына жатады.

Психологиялық қызметтер - тіршілік жағдайларында қиындықтарға душар болған тұлғаға немесе отбасына көрсетілетін психологиялық қолдау, түзету – дамыту, психологиялық профилактика мен психодиагностикалық қызметтер кешені. Қазіргі кезде психолог маман ретінде денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қызмет көрсету, әскери, пенитенциарлық және т.б. салаларда психологиялық көмек көрсете алады.

Білім берудегі психолог қызметі XX – ші ғасырдың аяғынан бастап дами бастады. Психологиялық қызмет жайлы шетелде Альфред Бине, К. Рейнолдс, А. Валлонт, ресейде Р.Б.Радионон, И.А.Соколова, З.А.Малькова, А.Г. Асмолов, Н.Ф.Талызина және т.б. зерттеген. Ал Қазақстанда психологиялық қызметтің өмір талабына сай зерттелуі жайында бірен-саран жарияланған ғылыми-практикалық мақалалар болмаса, кең көлемдегі зерттеулер аз. XX ғасырдың 80-ші жылдарында Қазақстандағы психологиялық қызметтің мән-жайын зерттеген академик Т.Тәжібаев, М.Мұқанов, Ә.Алдамұратов, Н.Айғабылов, К.Оразбекова және т.б. ғалымдардың еңбектерінде республикалық баспасөзде және жеке туындыларда жарияланып, кейінгі кезде бұл мәселе төңірегінде сөз саябырсып қалды.

Қазір білім беру қызметі Англияда Цирил Бэрт, АҚШ-да Арнольд Гессель мектеп қабырғасында балаларға және олардың ата-аналарына психологиялық көмек көрсету ісіне кірісті. Осы бастама кейіннен «Гайденс» қызметі («гайд» - көмек көрсету, жетелеу деген мағынаны білдіретін сөзден шыққан) деп аталып, қазірге дейін білім беру жүйесінің үлкен бір саласы болып дамып келеді. Ірі мектептерде бірнеше психолог қызмет атқарады. Психологиялық қызметті ұйымдастыру іс-шаралары бірнеше бағыттардан тұрады және мынандай міндеттерді шешуге бағытталған:

- мектепке дейінгі балаларға мектептік жағдайларға емін-еркін өтуіне психологиялық көмек көрсету;
- мектепте оқу параллельдерін анықтап алуға ықпал жасау және психологиялық көмек көрсету;
- жоғары сынып оқушыларына мамандық таңдап алуға жәрдем беру және психологиялық көмек көрсету.

Көптеген елдер психологиялық қызметті мектеп қабырғасында және әлеуметтік ортада ұйымдастырып, психологиялық қызмет көрсету дәстүрі кеңінен қалыптасып келеді. Психологиялық қызмет Францияда өте жақсы дамыды. Францияда Альфред Бине мектеп психологиясының әкесі болып деп саналады, ол зерттеуді 1894 жылы бастаған. XX ғасырдың аяғынан бастап мектептегі психологиялық қызмет Шығыс Еуропа елдерінде қарқынды дами бастады [1].

Өткен ғасырдың басында Францияда А.Бине жекелік қасиеттерді зерттеу жөнінде бірнеше мақалалар жариялады. Ол 1905 жылы психологиялық зертхана ұйымдастырып, талапкерлердің интеллектуалдық қабілетін зерттеу жұмысын жолға қойды. А.Биненің жүргізген зерттеулері көптеген ғалымдарды қызықтырып психологиялық қызметті ұйымдастыруға ұйытқы болды. 1908 жылы Бостон қаласында Фрэнк Парсонс мамандыққа баулу бюросын ашты. Ол осы бюро қабырғасында көп жыл жүргізген тәжірибесін қортындылай келіп, мамандықты таңдап алу үшін әр адам үш нәрсені жақсы білуі қажет екенін көрсетті.

Біздің елде білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметтің мақсаты мен мазмұнын анықтау XIX- XX ғасырдан басталды. 30 жылдардың аяғынан бастап практикалық психология дами бастады. Мектеп психологиясының дамуы А.Г.Асмолов, Ю.К. Бабанский, А.А. Бодалев, Б.А. Бяткин, В.В.

Давыдов, И.А.Дубровина, Ю.М.Забровин, А.М.Прихожан, Н.Г.Салмина және т.б. ғалымдардың есімдерімен байланысты[16].

Білім беру саласында психологиялық қызметті ұйымдастырудың ғасырдан асатын тарихы және мол тәжірибесі бар. Көптеген елдерде бұл қызмет өткен ғасырдың басында пайда болып, табысты дамып келе жатыр. Білім беру саласындағы психологиялық қызметтің даму тарихын және қазіргі жағдайын Р.Б.Радионов, И.А.Соколова, З.А.Малькова және т.б. ғалымдар зерттеген. Жеке тұлға ерекшеліктерін, психикалық қасиеттердің сандық және сапалық көрсеткіштерін зерттеу нәтижелерін мектеп тәжірибесінде қолдануды ұсынды.

Ал Қазақстан Республикасында қазіргі кезде психологиялық қызмет білім беру мекемелерінде өз дәрежесінде қажет екендігін дәлелдей білді. Осыған байланысты мектептегі және басқада оқу тәрбие мекемелеріндегі практикалық психологтар қажетті құжаттарды жүргізіп, оларды қолдану барысында жиі қиындықтарды кездестіруде. Білім беру мекемелерінде психологтардың назарын аударатын келесі мәселелер:

1. мектептегі психологиялық қызметтің жұмысын тиімді әрі сапалы ұйымдастыру;
2. психолог пен мектеп әкімшілігі әрекеттерін бір-біріне кіріктендіру мен сәйкестендіру;
3. жұмыс жоспарын құру;
4. диагностикалық қызметтерді және түзету-қалыптастыру шараларына қолайлы уақытты таңдау;
5. диагностикалық және коррекциялық әдістемелерді іріктеу.

Психологиялық қызметтің мақсаты — тұлға дамуындағы жан дүниесінің ерекшеліктерін анықтап, қоршаған ортаға көзқарасының, қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуына жетекшілік жасау.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- психологиялық және әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қиындық көріп жүрген балалардың проблемаларын анықтап, оларға дер кезінде көмек көрсету;
- оқушыларды мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап оны бітіргенінше жетелеп, сүйеніш болып жүру;
- проблемасы бар балаларды жан-жақты зерттеп, оны туғызған себебін анықтау және түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу;
- дамуында ауытқуы бар балалардың психикалық қасиеттерін өңдеу үшін психологиялық тренингтер ұйымдастыру;
- оқу-тәрбие жұмысына ғылыми жетекшілік жасап әр оқытушының, ата-аналардың психологиялық педагогикалық білімін жетілдіру және біліктілігін арттыру жұмысын ұйымдастыру.

Психологиялық қызметтің мазмұнын анықтағандар Н.Р.Битянова, И.В.Дубровина, А.И.Прихожан ұсынған үлгілерді қолдануға немесе басқа елдерде қалыптасқан тәжірибені үлгі ретінде қолдана отырып, мектеп психологі қызметін келесі бағыттарда ұйымдастыруды ұсынады:

- психодиагностикалық жұмыс;
- психопрофилактикалық жұмыс;
- психологиялық кеңес беру;
- психокоррекция жүргізу;
- ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру және біліктілігін арттыру;
- психологиялық қызмет көрсету жүйесі қызметті насихаттау;
- әлеуметтік-диспетчерлік қызмет көрсету;
- педагогикалық ұжымға психологиялық қызмет көрсету.

Бүгінгі күндері тәжірибеде кең қолданылып жүрген психологиялық диагностика, психологиялық коррекция, тренинг, кеңес, психотерапия сияқты кәсіптік әрекеттің түрлерін психикалық міндеттерге байланысты қолдану адамға әртүрлі әсер етеді. Қазіргі кезде психолог мамандығының маңызы мен қажеттілігі күннен-күнге артуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Дубровина И.В. Школьная психологическая служба: Вопросы теории и практики // НИИ общей и педагогической психологии АПН РФ. Москва., 2001.
2. Демин В. Профессиональная компетентность специалиста: Понятия и виды. //Стандарты и мониторинг в образовании № 4, 2000, с. 2-10.
3. Қалымбетова Н. Мектеп психологының жұмыс істеу ережесі. //Ұлағат №2, 2000, 21-24 б.

4. Тутушкина Б.К. Практическая психология. М.: Дидактика плюс. 2005.
5. Зимняя Г. Педагогическая психология. М.: Логос, 2008.

ОӘЖ:159.9.019

Шаменов М.Е.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің ІІ – курс магистранты, Семей қаласы

Ғылыми жетекшісі: Абдуллина Г.К.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің аға оқытушысы, Семей қаласы

КҮЙЗЕЛІС ЖАҒДАЙЫНДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ ТҮРЛЕРІ

Мақалада күйзеліс жағдайлары мен психологиялық кеңес берудің түрлері жайлы көзқарастар қарастырылған. Кеңес берудің мақсаты мен міндеттері, қазіргі кездегі маңыздылығы жан-жақты сипатталған.

Түйін сөздер: *күйзеліс, кеңес беру, психологиялық әсер ету.*

В статье рассмотрены взгляды о депрессивных состояниях и видах психологического консультирования. Всесторонне охарактеризованы цели и задачи, современная важность психологического консультирования.

Ключевые слова: *депрессия, консультирование, психологическое воздействие.*

The article considers the views on the depressive States and types of psychological counseling. Goals and objectives, modern importance of psychological counseling are comprehensively described.

Keywords: *depression, counseling, psychological impact.*

Күйзеліс - депрессия жаһандық дерті. Депрессия (латынша *deprimio* – жабығу, торығу, құлдырау) – бұл психикалық ауытқу. Оның негізгі үш белгісі бар: өмірге қызығушылығының төмендеуі, көңіл күйдің бұзылуы (ангедония), ой мен сананың сергелдені, яғни жағымсыз ойларға бой алдыру және белсенділіктің жоғалуы. Күйзеліс ұғымы адам болмысына қарай белгіленген төрт темпераменттің ішінде меланхолиямен пара-пар.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде күйзеліске түспеген жан кемде-кем. Өйткені, әлемдік көрсеткіштер бойынша жүрек қан-тамырлары ауруынан кейінгі орында тұрған осы ауру. Қазақтың қамығу, күйзеліс, жабығу, торығу сөздеріне сиатын күйзелістің ақыр соңында адамды өзін-өзі саналы түрде басқара алмауына әкеледі.

Америкалық мамандар күйзелісті «психологиялық тұмау» деп айдар таққан. Яғни, бұл дерт бүгінде қарапайым тұмау сияқты қаптап кеткен дегенді білдіреді. Мәселен, Америка Құрама Штаттарында жыл сайын 15 миллион адам «психологиялық тұмауға» тап болады. Ал жаһан халқының 5 пайызы депрессиялық күйзелісте жүреді екен. «Күйзеліс - адамның өмір сүруге бейімділігін сипаттайтын жаһандық дерт» деген пікір бар. Ең қызығы жер-жаһанның миллиондаған адамы аталмыш дертпен бетпе-бет кездесе де, одан шығу жолын, пайда болу себептерін дөп басып ешкім айта алмайды. Гиппократ күйзеліске ұқсас психологиялық күйреуге «адам миының қара сөлге толуы» деп анықтама берген.

Психологтар ХХ ғасырға тән дерт деп атаса да, күйзеліс ХХІ ғасырға адамзатпен бірге аяқ басты. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының пайымынша, алдағы он жылда күйзеліс адамды өлімге жетелейтін аурулардың қатарына жатқызылады-мыс. Тіпті жүрек-қан тамырларынан баса озып алдыңғы қатарға шығады. Шамасы, адамның психологиялық күйзелісі күн санап белең алып келетін сияқты. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен Гарвард университетінің зерттеулері бойынша, әлемде 121 миллион адамның бойынан күйзеліс дерт табылған. Ең сорақысы, жыл сайын 850 мың адам күйзелістің салдарынан өзіне-өзі қол салады.

Психологиялық әсер ету әдістерінің дәстүрлі бір түрі - психологиялық кеңес болып табылады. Психологиялық кеңес ресми емес формада - достық, туысқандық сияқты байланыстар негізінде және кәсіби жағдайларда – ешкімнің, мұғалімнің т.б. ақылы, кеңесі, жәрдемі, қолдауы, қолпаштауы, жетекшілік жасауы сияқты әрекеттер арқылы адам өмірінде ежелден-ақ белді орын алады. Сондықтан психологиялық кеңестің даму тарихын ғасырлар тереңінен бастап сипаттау жөн болар.

Эберстің (б.э.д. XVI ғ.) мыңға жуық пайдалы емдік жазбалары бар медициналық папирусында дәрі-дәрмектің дауалылығына сенімді арттыратын дұғалар келтірілген екен. Ертедегі патшалардың, хандардың арнайы кеңесшілері болғандығы тарихта айтылады. Ежелгі грек данасы, дәрігер

Гиппократ (б.э.д. VI ғ.) жаны, тәні ауырған адамға сөз (ерекшелеп көрсетуші – автор), шөп және пышақ шипа болады деген екен. XVII ғасырдың ақырында емдеудің психикалық әдістерін ғылыми түсіндіруге талпыныстар жасалынып, олардың небір жаңа варианттары пайда бола бастайды.

Психологиялық кеңес берудің кейінгі қадамдары австралиялық дәрігер А.Ф. Месмер (1734-1815) ілімінің негізінде пайда болған гипноз жайлы ғылыми түсініктермен байланысты. Осыдан барып, психологиялық әсер ету әдістерінің, жәрдем берудің іргетасы қаланып, ауқымы анықталына бастады. Психологиялық консультацияның дамуы мен психиканың мотивациялық, энергетикалық жастарын түсінуге З.Фрейд (1856-1939) еңбектері ықпалын тигізді. XIX ғасырдың ақырында-ақ З.Фрейд жеке адамның психикалық денсаулығына қатысты жаңа концепция ұсынды. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін, жиырмамыншы жылдардан бастап психологиялық жәрдем көретуде психоаналитикалық бағыт кең тарала бастады.

Алғашында психологиялық кеңесті психотерапиялық іс-әрекет ретінде дәрігерлер қолданып, дамытты. Ал XX ғасырдың бастапқы жылдарының-ақ әлеуметтік салалардың қызметкерлері де психологиялық кеңеске қамтыла бастады. Осыдан барып, 1951 жылы АҚШ-ғы Солтүстік-батыс конференциясының нұсқауы бойынша «консультативті психология» атауымен фундаментальді және қолданбалы аспектілері бар ғылыми сала бөлініп шықты.

Консультативті психология психологиялық көмек көрсету үрдесін жүйелеп сипаттаумен анықталады. Мұнда, психолог пен көмек сұраған адам арасында арнайы ұйымдастырылатын қарым-қатынасты пәрменді және мәнді психологиялық әсер ету әдісі, құралы деп қарастырады. Психологиялық кеңес жағдайындағы қарым-қатынас арқылы көмек сұраған адамның психологиялық мүмкіндігі, күш-қуаты мен қабілеті өзектенеді. Соның нәтижесінде күрделі мәселелік кезеңдерден шығудың жаңа жолдарының, мінез –құлықтың әр түрлі варианттарының пайда болуы мүмкін болады. Осылайша, адамның өміріндегі жағдайлар мен жеке басының мүмкіндіктеріне басты назар аударылады.

Адамның күйзеліске шалдығуын, ауруын анықтау т.б. денсаулық мәселесіне қатысты көмек беретін дәстүрлі психотерапиядан психологиялық консультациялаудың өзгешелігі де осында. Психотерапияға және психопатологияны емдеуге бағытталған клиникалық психологиядан консультациялауды ажыратып алу қажеттілігі көрінді. Консультативті психологияның кең таралып, дамуының нәтижесінде 1952 жылы Американдық Психологиялық Ассоциация консультация жүргізетін психологтың пазицияларын тағайындады. Осыдан барып, дүниежүзілік тәжірибеде психолог-консультант кәсіби маман ретінде бекіді.

Күйзеліс жағдайында психологиялық кеңес – психологиялық мәселелерді шешуге бағытталған әрекет түріндегі жеке даралық байланыс, қиыншылықтарына байланысты ұйымдасқан әңгіме түрінде өтетін тікелей жұмыс. Күйзеліс жағдайында кеңес беру кезінде психолог әр түрлі теориялар мен әдіс-тәсілді құжаттарға сүйене алады. Психологиялық кеңес іс-тәжірибедегі танымал бағытта З.Фрейд психоанализі, Адлер жеке-даралық психоанализі, Юнгтің аналитикалық анализі, т.б. кіреді. Әр бағытта сыныптың кеңесшіге арналған өзіндік әдіс-тәсіл мақсаты және шешімі психологиялық шындыққа негізделеді. Сонымен қатар әр маманның өзінің алдына қойған міндет пен талаптары болады, олар яғни психолог бұл мақсат-міндеттерді өзінің кәсіби шеңберіне сүйене отырып, жүзеге асырылады.

Күйзеліс жағдайында кеңес кезінде қарастыратын мінез-құлық принципі тек кәсіби іс-әрекет этикалығы психологиялық ықпалдық жемісі болып табылады. Себебі, психологиялық кеңес кезіндегі психологтың қарым-қатынасы және оның жағдайына қажетті психологиялық көмек көрсетеді. Тағы бір айта кететіні, әр адам өмірінің әр қилы болғаны оған болжам жасау оған қиынырақ болады. Сондықтан психолог әр кезде өмірлік тәжірибеге кепілдік береді. Психологиялық кеңес беру процесінде ашық эмоционалды бірлескен түсінік және әңгіме кезінде толық психологиялық жағдайдың тууы сыныптың психологиялық атмосферасында өзін жақсы сезінудің негізгі себебі болып табылады.

Күйзеліс - адамның психологиялық ауытқуы. Көбіне көңіл-күйі болмаған немесе қандай да бір қайғылы оқиғаны, жағымсыз кезенді бастан өткерген адам күйзеліске ұшырайды. Психолог-мамандардың айтуынша, әсіресе, күз, көктем мезгілдерінде адамдар күйзелістік күйге тап болады. Бір қызығы, әлемде әрбір жиырмамыншы адам қандай да бір депрессиялық күйзелісті бастан кешіреді екен.

Мамандар күйзелісті үш түрге бөледі: біріншісі - адамның инфаркт, жүрек ауруларына жиі ұшырауы және түрлі жарақат сияқты дертке тап болуымен қалыптасатын депрессия. Екіншісі-эндогендік депрессия, адамның ішкі жан дүниесінің тереңінен пайда болатын дерт. Эндогендік депрессия адамға кері әсер етеді. Дәл осы депрессиялық күйге түскен адам айналасындағы құбылыстарға баға бере алмай, белгілі бір сезімдерді бастан кешіре алмай дал болады. Үшінші -түрі психогендік деп аталады. Адамның психикалық ауытқуы салдарынан пайда болатын депрессияның бұл түрі тіпті қайғылы жағдайға итермелеуі мүмкін.

Кеңес беру келесі жағдайларды шешуге бағытталады:

1. Клиенттегі проблеманы қарастыру.
2. Клиент басындағы проблеманың шығу жолын түсіндіру.
3. Проблеманы өздігінен шеше алатынын білу мақсатында тұлғалық ерекшелігін тексеру.
4. Клиентке проблеманы қандай жолмен шешу қажеттігі туралы кеңестерді негіздеу.
5. Клиенттің проблеманы шешу жолына түскен кезде көмекші кеңес беру.
6. Клиентті тану, келешек аналогиялық проблеманы алдын алу жолдарын түсіндіру.

Күйзеліс жағдайында кеңес беру үрдісі жағымды қарым-қатынасты орнатуды көрсету мен мақсаттарды түсіндіру, жағымды шараларды қолдануды үйрету және көрсету, кеңес беру үрдісінің басталуы мен аяқталуын дұрыс бағалау. Күйзелістің күрделі жағдайларында медициналық тексеруден өткізу; жағымды өзгерістерді қалыптастыру; қажетті жағдайда этиологиясын (себептерін) түсіндіру; қажетті дағдылар мен ептіліктерді меңгеру; әрекет – қылық мотивтеріне талдау жасау; «мен» образын қайта құрылымдау.

Күйзеліс жағдайларының деңгейлеріне қарай клиенттің барлық ерекшеліктеріне мән береді: дауысына, жүріс – тұрысына, мимикасына, киіміне, қимыл – қозғалысына. Психологтар клиентпен терең сенімді қатынас құруға мән береді және клиентпен өз сезімдерімен бөліседі. Мұның нәтижесінде клиент адамға уайым, үрей сезімдері табиғатынан тән екенін түсінеді. Кеңес беруші психолог пен адамдар арасындағы өзара түсінушілікке мән береді. Клиенттермен жұмыс барысында диалог әдісін кең қолданады. Кеңес беру жұмысының мақсаты - өткен шақта ұмытуға және қазіргі шақта өмір сүруге көмектесу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Забродин Ю.М. Психологическое консультирование /Забродин Ю.М., Пахальян В.Э., под общей редакцией Ю.М. Забродина. – М.: Эксмо, 2010. – 384 с.
2. Немов Р.С. Психологическое консультирование. Москва, 2001 г.
3. Хрестоматия по психологическому консультированию. Составитель Сапарова И.А. Алматы, 2004
4. Качунас Р. Основы психологического консультирования. М, 1999.
5. Нэльсон-Джоунс Р. Теория и практика консультирования. М., 2010.

**Жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар және студенттердің
ғылыми еңбектер жинағы №4**

**Сборник трудов молодых ученых, докторантов, магистрантов и
студентов №4**

**Collection of works of young scientists, doctoral students, master's
and bachelor's degree students №4**

Республиканский сборник трудов молодых ученых, магистрантов и студентов
Подписано в печать: 01.06.2018 г. Дата выхода тиража: 05.06.2018 г.
Формат 60*84. Бумага офсетная №1. Печать лазерная
Объем: 7,625 усл. печ.л. Тираж 100 экз.
Цена договорная. Семей: КазГЮИУ